Чарлап кетет жылдыздардын арасын.

Кийиз үйгө оттой бирге алоолоп,
Аалам сыры арбап турган санаасын.
Уча албады өзү бирок амал не,
Космодромго берсе дагы талаасын!

Кимдер учуп, ким конбоду талаага,
Каттап алып мейли сана, санаба!
Отуз жылча жүйрүктөрдүн ичинде,
Бир казак жок дегенге эл ишенеби?!

Кып-кызыл от, залал калган изинде,
Чексизге учуп пайда барбы түбүндө?
Айтоор эми келди казак кезеги,
Миң тогуз жүз токсон бирдин күзүндө!

Артта калды бороон болгон кор чагың,
Акыр жеңди ынтымактуу эл баарын.
Алаканга салды казак баласы,
Аттила да ала албаган жер шарын!

Тынып калып таш көөдөндүн көбүгү,
Чырылдаган чындык көккө чуркады.
Күндөй күлүп, күлүп күндү беттеген,
Күндөн туулган эр гунндардын урпагы!

Көк жалдыгын калкым көргөн Токторум,
Көккө жолду салып берген Токторум,
Көптөн берки көк түрктөрдүн кайтпаган,
Көп үлүшүн алып берген Токторум!

Кайраттуу да зээндүү,
Айбаттуу да мээримдүү.
Болгон чыгар ушундай,
Баатырлары ааламдын.
Мурунку менен кийинки!

Алаканы күрөктөй,
Манжалары билектей.
Добуштан ылдам учакты,
Дал кондурган кемеге.
Айдыңын тегиз кирдетпей,
Как жарып музду мухитти.
Токтоосуз учкан полюска,
Жанар май куюп асманда.
Табышмак жүрөк дир этпей,

Кыйындын жеңип далайын
Абройго бөлөнгөн
Туулган элин жүдөтпөй,
Атлас баатыр сыяктуу
Көк күмбөзүн көтөрүп
Кармап турган тиректей!

Көктү чарлап көкөй кести күү кетти,
Кең ааламга айтып жакшы тилекти.
Пейилинен кубандырып талаадай,
Шериктери Волков менен Фибекти!

Орун барбы таарынууга өткөнгө,
Табасың не өзгө журтка кектене.
Майдандашкан жер бетинде немис менен,
Орус, Казак учуп бирге көккө да!

Жолдош болуп немис менен оруска,
Бир кемеде учту казак намыска.
Бул сапардын жөнү бөлөк, жолу кең,
Ой жүгүртөр азамат эр алыска!

Кыран куштай достор менен табышты,
Кучакташып, эр парызын алышты.
Ээн талаада аргымактап чапкандай,
Токтор кезип келе жатат ааламды!

Нур куюлуп жүрөгүнө, санаага,
Көз жүгүртүп тоого, мухит, талаага.
Чексиз, түпсүз кең мейкинде калкып-ак,
Өз жолунда бара жатат Жер-Эне!

Айдыңы чалкар суу кандай,
Суудан учкан буу кандай.
Керилип жаткан кең талаа,
Тоого бүткөн нур кандай.
Ушунча сулуу дүйнөнү,
Чарпылган ачуу ызаанын.
Кара булуту буугандай!

Чексиз асман мөлтүр неткен,
Сыяктанат түпсүз көктөм.
Көз талдырып, созуп колун,
Муңдуу учур далай өткөн.
Жер бетинин бороондору,
Эрлерди да эңиреткен!

Элди курткан, элди жуткан,
Тоодой талаш каптаган.
Көз салганда чексиз жактан,
Таруудай да болбоду ай.
Колдон жасап, кан кайнатып,
Адам уулу бири-бирин.
Жалмады да аябастан,
О, дүйнө жалганы ай.
Күнөө тагып жан бүткөнгө,
Көп таарынып бул өмүргө.
Койгулачы зарлабай,
Зар көбөйсө балээлерге кабылып.
Жер- Энени жаралаган арман ай,
Көтөр албай анчалыкты.
Зулумдарды, жоолорду,
Аялоолукту, армандарды.
Күбүрөнүп Жер-Энебиз,
Чексиздике чер тартып.
Күйүп кетсе не болот ай, Аллам- ай!!!

Кудай орток, Жер да орток, Күн орток,
Көптөн көргөн улуу тойдон ким коркот?
Жетем дейби жалгыз өзү муратка,
Орток үйдү ойрондогон жин-шайтан!

От жалында өмүр бою жандың да,
Акыл-эсте бир жолу да тандыңбы.
Карапайым ары даана акыйкат,
Эй, адамзат, эки жол бар алдыңда!

Сыйлашуудан жер бетине сыясың,
Бир-бириндин желектерин кыясың.
Өзгөлөрдөн өзүң кошо кыйылып,
Түбөлүктүү тирчиликти жойосуң!

Омуруп, ойуп, оттоп эле тап-такыр,
Тартып жерди көк бөрүдөй ат чаптыр.
Үймөлөшүп көздөрүнө көк чымын,
Көрдө өкүрттү бирин-бири көп баатыр.

Баатырларды бир кемеге мингизсе,
Бир аз убакыт көк асманда жүргүзсө.
Аалам жактан жерге мүнөт каратып,
Көп талаштын керексизин билгизсе!

Жалган эмес насикатты текке айткан,
Жарды өзөк акыйкатты көпкө айткан.
Айга конгон Армстронг асмандан,
Айланып хак мусулманга ал кайткан!

Тобоо, тобоо, керек бизге көп тобоо,
Тобоосуздар ыйманыңды жоктоодо.
Канча кылым кыйыр болду кан сасып,
Кишилер эй, болбойбо эми токтоого?!

Ак, кызыл, коңур, жашыл түскө көчүп,
Жат журттарга көз алайтып, тиштендик.
Өзүбүздү артык санап өзгөдөн,
Уялбастан курман болдук үстөмдүк!

Синген канга ошол кезден эс билбес,
Сезим эски, эң байыркы эскирбес,
Алчаңдаган ак насилден ааламда
Артык өзүн санайт экен эскимос.

Табигаттын мыйзамдарын түшүнөм,
Түңүлбөймүн насилинен, түсүнөн.
Теңчиликке кол койсо да бар улут,
Өзүн артык санайт экен ичинен!

Боло берсин, андайларга жинденбе,
Бийикти эңсе, кубан кайра турганга.
Кантет элең шордуу болсо кембагал
Калкта бүткөн сенден башка жалганда!

Өзүн-өзү кор санаган эл эмес,
Өзгө журтту кекеткени жөн эмес,
Артык эмес бир элдерден бир элдер.
Чыныгы эл эч кимден да кем эмес!

Жек көрбөгүн бириң-бириң тиштене,
Же эчкимге эч ким болбойт жүк кеме,
Өзүңдү артык санасаң да өзгөдөн
Өмүрүңдө далилдөөгө күчөнбө!

Жаның сактап кала албайсың жазгандан,
Ашып түшүп кете албайсың асмандан,
Баардык балээ бир-бирине адамдын
Артыктыгын далилдөөдөн башталган!

Кемсинтпегин өзгө журттун орунун,
Кыйынбы ушул чын керемет болуунун?
Мойундатам деп жүргөндө башкага
Кайрылбасын, абайла өз моюнуң!

Балээ коолоп бешенеби пендеге,
Өктөмү жок өмүр жокпу өзгөгө,
Багынууга милдеттүүмүн мен неге,
Башкарууга тийиштүүсүң сен неге?!

Мен – Казакмын, сен-оруссуң, сен-немис,
Элдерденбиз бир-биринен кем эмес.
Мен уулумун багындырам дегенден,
Башталат баардык аалам силкиниш.
Биздин казак басынтпаган эч кимди
Өзүң айтчы кандай эми сендеги иш?
Бир-биринди жоолоп алуу кыянат,
Баарыбыз да бир кемеде – жердебиз,
Башкарууну токтоткунуң ээ жайсыз
Жер бетинен жарашып бир тер жемиш!

Балээ издебе касыңдан да, достон да,
Батпа муңга, жашыбагын, жасканба.
Жаман ойго ушактарга салынбай,
Улам-улам карап турчу асманга!

Жат сезимди жүрөгүңө өткөзбө,
Өз жаныңа кемчиликти көп тизбе,
Жамындыктан жабыркасаң жердеги
Жерди басып жатып калбай, көктү изде!

Жан билбеген периштеби, арбакпы,
Жарык, чексиз, таза нур бар ал жакта,
Тазалыкка, сулуулукка умтулчу
Кумар болбой кан төгүшкө, калжыңга.

Байлыгыңа бапыранба, ташынбай,
Багындырып бир-биринди басынбай,
Боордош болуп таттуу-таттуу жүрөлү
Байланган камыт болбой мойнубузга асылбай!

Биз жүрөлү сый-урматты ыр кылып,
Башка жол жок андан артык, түбөлүк,
Болот баары нагыз достук тек кана
Бир элдердин арасында өмүр кечкин түбөлүк!

Биз сыйлайбыз баардык элди ажайып,
Билгин, сыйла, урматтагын казакты,
Башкалардын азаттыгын сыйлоодон
Башталат чын мааниде азаттык!

Көзүң артып мекенине башканын,
Көз жүгүртпөй топурагын баспагын
Баарыбыз да баласыбыз ааламдын
Түбөлүк бир убактыбыз каш кагым!

Аалам - Жердин ачып жаңы барагын,
Ай, ааламды айландырып күлүгүн,
Кучактап баардык адамды - эки досун
Кең талаага конду Токтор кырааның!

Жан сарайын жаңырткандай жел жыты,
Кереметтей желден келген эл жыты,
Асман аалам чын ажайып болсо да.
Баардыгынан артык бейпил жер жыты!

*Баянгали Әлімжанов. Ғарыш қазагы.
Которган Перизат Алмазова.*



**TURKMEN DILI
TҮРКІМЕН ТІЛІ
TURKMEN LANGUAGE**



БАЯНГАЛИ АЛИМЖАНОВ

Түркмен

Огузың от йүрекли түркмени,
Овалдан әһли түркмен бир дилеги.
Трухмен, Турхоман хем атдаш болан,
Олар хем, бигана дәл, гырың или.

Ил үчин яссык гөрмән яр гулагы,
Бабалар багт тутан хер мукамын.
Тарихың галласындан гечипдирлер,
Бөкдүрип Ахалтеке аргамагын!

Догылан ер, доган дили сөйүп гечсең,
Шөхратың бейик болар чын бегенсең.
Яйнаян Гарагумда гахрыман ил,
Ровачлан, ашак бакма, бейик еңсәң!

*Баянғали Әлімжанов. Түркімен.
Тердјиме эден: Аман Көмекоғлы.*



ҚАРАҚАЛПАҚ ТУЛУ
ҚАРАҚАЛПАҚ ТІЛІ
KARAKALPAK LANGUAGE



БАЯНҒАЛИ ӘЛІМЖАНОВ

Қарақалпақ

Қандасым, қарындасым қарақалпақ,
Ишінде мың қалпақтың дара қалпақ,
Илесип булт пенен бирге көшкен журттың,
Бәрине мэкән болған дала жалпақ.

Әмудің толқыны менен өмір аққан,
Өңірден орда қурып, орын тапқан,
Келеди гөне гүмбездің гүмбирлисіндей
Қоңыр үн қоңыраулы Қоңыраттан.

*Баянғали Әлімжанов. Қарақалпақ.
Аударған Қоныс Жүсіп.*

Достын жоқ па...

Достым жоқ деп өкинеди көп бенде,
Дос боларлық кисі қурып қалғанбе?
Дос емеспе саған мынау уллы өмір,
Көшкен бултлар, қайтқан қуслар бәхәрде.

Нағыз дослық ақ тилеги елдіңде,
Қуат берер ескениде желдіңде,
Аңлайын мен бундайына қарамай,
Дослық шығар көтериу,й жердіңде.
Журттың бәрін жазғырғанша ойланшы,
Шын жүректен өзің дос болып көрдіңбе?

Достым жоқ деп елге өкпелеп жылама,
Доссыз болсаң тек өзінди гинәлә,
Өзиң егер бере алмасаң елге нур,
Жүрегиңе журттан шуақ сорама!

*Баянғали Әлімжанов. Досың жоқ па...
Аударған Қоныс Жүсіп.*

Қанат

Қанатсыз адам болмайды,
Бәрине қанат берілген,
Кыяда қыран самғайды,
Ушыуға қораз еринген.

Биреулер пойда табатын,
Қыздырып соқар саудасын,
Сыпыртқы етип қанатын,
Тазалар биреу ауласын.

Жаза алмай еркін қулашын,
Бир-бирин бөгеп қаққылап,
Қанаттар қанша ылашын,
Уша алмай кеткен шапқылап.

Дарынды тууған дүрлерге
Артады заман ауыр сын,
Ушаман деп енді жүргенде,
Жулынып биткен қауырсын.

Тиршиликтің тапқан жайлысын,
Талғамы қызық санаттың,
Ким уғар екен қайғысын,
Самғаусыз өткен қанаттың.

*Баянғали Әлімжанов. Қанат.
Аударған Қоныс Жүсіп.*



**ТАТАР ТИЛИ
ТАТАР ТІЛІ
TATAR LANGUAGE**



БАЯНГАЛИ ӘЛИМЖАНОВ

Татар

Яңгырый жирдә татарның даны,
Оча канатын жәеп жиһанга.
Тәрки галәмнең терәге итеп
Тәрки кавемнәр карыйлар ана.

Өзелми казакъ-татар дуслыгы,
Татарның бөөк йөргән базары.
Алашның тәүге китаптарын да
Кайнаткан мәшһүр татар Казаны!

Рәт чыгар казакъ-татар кушылса,
Барыр юлы да кыскарыр азак.
Жиңү байрагын кадаган Рейхстагга
Беренче булып татар һәм казакъ!

Иделне илем, жирем, ди, татар,
Бөтен заманда без бертуганнар.
Бүленмәс төрки йортның эргәсе,
Таш кирмән булып торганда татар!

*Баянғали Әлимжанов. Татар.
Рафис Корбан тәрҗемәсе.*

Чәк-чәк

*Тельман Елубай улы белән
Флүрә Таһир кызына*

Күтәргәндә үз башына тәңгәл өй,
Телаганның тормышлары көйләнде.
Чәк-чәк белән сыйлап торыр көн дә дип,
Татар кызы Флүрәгә өйләнде.

Күзне ачып йомган ара күк кенә
Бик тиз үтеп китә икән яшь чагың.
Тельман ага сорый инде кайда дип,
Кыз чагыңда көн дә биргән чәк-чәгең?

Әйтте жиңги, яхшы атлы егетсең,
Акыл-уең тап-таман, дип, буеңа.
Татарда, дип, китерәләр чәк-чәкне
Бер күчтәнәч итеп бары туеңа!

Калса да бу сүздән ачып авызын,
Агай сөйде жиңгәбезне өзелеп.
Һәрбер көне туй икән бит адәмнең,
Булса өйдә бәхет-байлык, тигезлек!

Бавырсак вә ит торса да табында,
Чәч-чәк сорап куйды кайчак шаяртып,
Ашый имеш аны бичә энесе
Һәм нагашы¹ Науан хәзрәт яратып.

Хәзрәтне казакъ иле искә алды,
Искә алып бер тарафка жыйналды.
Башын ватты, яңа язган китабын
Чыгарырга акча тапмый кыйналды.

Акча дигән бер кыямәт бүгенге,
Бөтен өмет өзелде дә бөгелде.
Хужалыкның терәтүгә калганы
Жиеншар² кыз Флүрәгә беленде.

Жәберне күп күргән ата-анасы,
Жиңгәбезне илтифатсыз димәгез:
Атабызның рухы өчен кирәкле
Акчаны тиз табып бирде жиңгәбез!

Китап чыгып, халыкта ул якланды,
Матур кыз да батыр кыз дип макталды.
Яхшы сүздән яхшы адәм нурланып,
Чәк-чәк белән йөрсен көн дә сыйланып!

*Баянғали Әлимжанов. Чак – чаги.
Рафис Корбан тәрҗемәсе.*

¹ Н а г а ш – анасы ягыннан ага тиешле кеше

² Ж и е н ш а р – бертуганының оныгы

Бер гомер

Татар аксакалы Назыйм Сәйфуллинга

Барырмын дип берәр чибәр кыз белән,
Ике кешелек купеда, хисләнеп
Утырганда, егет янына килеп
Бер карт керде дүрт сумкасын күтәрәп.

Сиксән яшьтә, кипкән саксаул сыман,
Исе китми гыйнвар суыкларына,
Туган аулын эзләп татар агае
Сәфәр чыккан карап Казан ягына.

– Назыйм атлы буламы, шигъри исемем,
Бары кызлар исеме бу казакъта, –
Дип әйтте дә, кысып күзен, шаяртып,
Куйды шунда картлач көлеп азактан.

– Нинди озын авыр юлга чыккансың,
Сагыш бармы йөрәгеңне сызлаткан?
Шыкырдаган суык кышта йортыңнан
Нинди хәсрәт сине юлга кузгаткан?

– Тере жанга – жир түгәрәк-куляса, –
Диде картлач мыек асты елмаеп. –
Кеше өчен туган жирдән кадерле
Берни юктыр бу жиһанда, мөгаен!

“Бер күрешү – бер гомер!” ни дигән сүз?
Чыгадыр ла күп күргәннән зирәк сүз,
Тәкъдир-талкы дигән шушы чын гомер,
Туган жирдән читсә үтсә – кирәксез!

*Баянзали Әлимжанов. Бір гұмыр.
Рафис Корбан тәрҗемәсе.*



**БАШКОРТ ТЕЛЕ
БАШҚҰРТ ТІЛІ
BASHKORT LANGUAGE**



БАЯНҒӘЛИ ӘЛИМЖАНОВ

Башкорт

Үткән тарихтары менән ғорурланып,
Тулкынланып телгә алам төркизәрзе.
“Баш йорт” һәм “баш бүре” тигән мәғәнәне
Аңлата бит “башкорт” һүзе тамырзары.

Көн дә үтер, кис тә булып, таңдар атыр,
Туғандаш ил шатланғанда кояш балкыр,
Башкорт һылыуының назлы тауышындай
Курай моңо күнелдәрзе арбап алып.

“Уфа”ны ла мин үзһенеп, “Өфө” тимен,
Якты өмөт булып сыға йөрәк һүзем,
Ирекһеззән “Өфө” тиһәм, бик шатланам,
Озакламай килеп етер язған көнөм!

Ата-баба йолаһына тоғро башкорт,
Сал быуаттар төпкөлөнән максат юллай,
Илдең иркен курсалаған сая башкорт,
Мәңге йәшәй бирһен башка милләт булмай!

*Баянғали Әлімжанов. Башқұрт.
Тәржемәсеге Әхәт Салихов.*

Күскән болот. Күңел

Болот менән бергәләшеп күңел дә күсеп бара,
Ғүмерзәр үтеп китһә лә, иштәлек булып кала.
Ак һакаллы бабай менән осрашқан сактарында
Кем уйлаһын, булған бит, тип, күккә кул һузған бала.

Бала сакта һузылышып ята инек болонға,
Окшай инек ул вакытта толпар менгән батырға.
Ағылған акһыл болоттан һорай инек күргәндә
“Һез кайзан киләһегез”, тип, “Ни көтә һеззе унда?”

Кап-кара болоттар кеүек яуа инек тупракка,
Күпергән болоттай осоп китә инек йыракка.
Беленмәгән сер бар микән әллә бына ошонда,
Без назландык иркәләнеп икһез-сикһез асманға,
Үзебез зә кайһы бер сак күрендек болот булып!

Каруандай тезелгән болот бөгөн бар, иртәгә юк,
Асман буйлап аға болот күк көмбәзен күркәмләп,
Болото юк күк йөзөнөң йорһоз илдәй кото юк.
Ағылалар ашығып алыстағы илдәргә,
Беззәң сәләмде еткереп, яуап алып килергә!

*Баянғали Әлімжанов. Көшкән бүлт. Көңіл.
Тәржемәсегә Әхәт Салихов.*



УЙҒУР ТУЛУ
ҰЙҒЫР ТІЛІ
UIGUR



БАЯНҒАЛИ ӘЛИМЖАНОВ

Уйғур

Уйғурниң роһи барғу әвладида,
Атидин мирас болған дутарида,
Қағанат тарихиниң изи қалған,
Кониниң Қәшқәрийә, Турпанида!

*Баянғали Әлімжанов. Ұйғыр.
Аударған Бақытжан Разиев.*

Достуң йоқму...

Достум йоқ дәп көйүниду көп бәндә...
Дост боларлиқ киши қуруп кәткәнму,
Дост әмәсму саңа мону улук өмүр
Көчкән булутлар, кәлгән қушлар көкләмдә?!

Һәқиқий достлуқ – ақ тилиги әлниңму,
Қувәт берәр қипаш чиққан шамалму,
Әвуниңға вә монуниңға қаримай,
Кәтириду зиминәсла достлуқниму,
Жут барлиғин яманлимай, ойлисаңчу,
Чин жүрәктин өзәң дост боп көргәнму?!

Достум йоқ дәп әлгә өпкиләп жиғлима,
Достсиз болсаң, пәкәт өзәнни әйиплә,
Өзәң әгәр берәлмисәң әлгә нур,
Жүригигә журттин қуяш сорима!

*Баянғали Әлімжанов. Досың жоқ па...
Аударған Бақытжан Разиев.*

Қанат

Қанатсиз адәм болмайду,
Барчиға қанат берилгән.
Қияда қиран пәрваз қип
Учушқа ғораз ерингән.

Бирлири пайда тапидиған
Қиздуруп мамуқ содисин,
Сүпүргә қилип қанитин
Тазилар бири һойлисин.

Ялмай әркин ғуличин
Бир-бирин торап, қақилип
Қанатлар қанчә илишип
Учалмай кәткән тақилип.

Талантлиқ туғулған инсанға
Артиду заман еғир жүкини,
Пәрваз қилимән дегәндә,
Бағлап қояр путини.

Паравән турмуш йолида,
Әқил-идрәк қолида,
Ким уқар екән қайғусин
Өркәшләп өткән қанитин!

*Баянғали Әлимжанов. Қанат.
Аударған Бақытжан Разиев.*



日本語
ЖАПОН ТИЛИ
JAPANESE LANGUAGE



(カザフ語からの和訳)
著者：バヤンガリ・アリムジャンノフ氏

題名：サオリとカオリ

世界レスリング選手権13連覇、オリンピック3連覇を成し遂げた吉田沙保里さん
オリンピック4連覇、世界レスリング選手権11連覇を成し遂げた伊調馨さん
侍の刀のような
サオリ、
美人の中でも美しい
カオリ、
全世界がうっとりして拍手する
地球と海、
海のマオリ（注①）！（注①：アオテアロア（ニュージーランド）にイギリス人が入植する前から先住していた人々である）

ジャガーのように
食らいつくサオリ、
ピューマのように
飛び掛るカオリ、
早い動きに、
驚き、
特別審判が高く評価した！

世界中で自分の国民の評価を高め、
沢山の女性が彼女らを見習う、
一人がオリンピックで3連覇した、
もう一人が4連覇を成し遂げた！

世界中に強い選手もいるが、
これだけの金メダルをレスリングで誰が獲得しただろうか？
オリンピックで6連覇を成し遂げた
クロトン出身のミロン（注②）だけを思い出す！（注②：紀元前6世紀頃に活躍したレスリング選手。古代オリンピックなどの全ギリシア的な競技会で連覇を記

録し、24年間も王座を守った。多くのレスリング優勝選手を輩出したマグナ・グラエキアのクロトン出身である)

負けたことがなく、
四半の世紀にわたり、
オリンピックで優勝し続けた、
毎日、雄牛を抱えて、
丘を上へ下へと駆け抜けた！

彼は男性だから、、、
でも、優しい二人の女性の、
高名が月まで届く、
世界中に
日本の魅力を広げて、
日本の国旗を
英雄的に掲げた！

試みを怖がらないで、挑戦に向けて、
英雄的に精神的に成長することは習慣になっている、
二人の成功は特別で、
世界中でどのレスラーも、
同じレベルに達したことがない！

相手を
そり投げるサオリ、
相手を
回転させるカオリ、
世界の美人が
マットの上でたたかった時に、
新たな踊りができたように見える！
基本政策において、
間違いをしたことのないサオリ、
憲法を受けたカオリ、
手を繋いだ二人の日本の美人に、
この詩を贈呈する！

サオリの
技は特別、
カオリの
力は特別、
顔と姿勢が素敵な美人！

人生の意義をレスリングに見つけ、
プロとして活躍している、
日本の女性レスラーのことが、
好きになり、
詩を作った！

Баянғали Әлімжанов. «Саори мен Каори»



МОНГОЛ ХЭЛ
МОНГОЛ ТИЛ
MONGOLIAN



БАЯНГАЛИ АЛИМЖАН

Монгол аяс буюу.
Абилсейтийн жудаг

Дуулиан цуутай, олныг баясгагч нэгний
Дуурсах алдрыг нь Айхановхэмээмүй
Зургаан тивийнхний аагтай барилдаанд
Золбоолог- тэнгэрлэг Айхановын од гийж,
Зууралдах гэсэн нэгнийг дүүгүүрдэн шидэж,
Чац бульдаа эрдэн өрөгчийг өехийдэн өнхрүүлж,
Дарагдамгүй мэхтийг ч давуулан хаяж,
Дайран довтлогчоос зайлан өвдөг шороодуулсансан
Тэртээх нэгэн хавар Монголыг зорьсон тэрээр,
Тэнхэл заан эрдэж, хүч тамираараа гайхуулжээ
Тиймээс өөдөөс нь тэмээ өргөсөн цуут бөхөө засав гэнэ
«Тэнэг хасагийг тэрийлгээд өг » гэж түмний зарим нь уулгална
Хав дөрвөлжин золгох нь хавтай бөхийн шинж биз ээ
Харин айж, хулчийх нь эрийн хийморьт муу биз ээ
Насаар ахимаг, чацаар илүүрхэх хашир арслан
Наанадаж барьцөгөлгүйхэн балинтай нь хутгах гэж,
Насан залуу нэгнийг нохой мордсон ч яах вэ гэх шиг
Наадмынхаа дэвжээнээ ихээ маадгар алхана
Аагт настай Айханов омог бардам, ахмад нөгөөд заль мэх их ээ
Он оны туршлага арвин, цолны эрэмбэ, олны дэм түлхүү
Олны шуранхай жигтэй, бөхөө дээдлэх Монголын заншил юм
Нас тогтож намба заасан тэрхүү домогт эр гэмээнэ
Бөхийн жудаг, буурь заахдаа угсраа олон мэхтэй гэнэ
Орсон буур шиг сүртэй, шавж дэвэх нь хэлэх үг алга аа

Бул төмрийг гурил шиг элдэгддэг болов уу гэмсүртэй ч,
Орь залуу Абилсейтийн зүрхний цучилд гал нэмэв
Бөх хүн бүдүүн өвсөнд гэдэгдээ хальтарч юу магад
Барихынх нь завдалгүй өсгийдөх минь ононо?!
Абил бодно, Үгүй,үгүй, алдас болж мэднэ шүү ?!
Ахмад бөхийг аархаж хаявал хурсан олон дургүйцэх биз
Жудаг ёсгүй жулдрай минь гээд яаж ч магадгүй..?!
Зулбасаг мэтсанаанд нь багтажахмад бөх уухиран дайрав
Мөргөлдөх бух мэт мөрлөцгөөхөднь хурсан олон шуугин тэвдэв
Өсвөр залуу начин өтөл кыраныг өмсөөд өргөлөө дөө
Өргөн дэвжээ хуйлран өлмий доор нь атирлаа даа
Өнөр түмэн нь амьсгаа даран хүлээх л үлдлээ дээ
«Алдчихна, аль эсвэл айхтар шидэх байх даа...» гэлцэхэд
Алдартай бөхийг өргөж боссон залуу эр харин ч хаясангүй
Агайга кыран мэт хөрст дэлхийд аяархан гэгч хөллүүлэв
Ард олон алга ташиж, хүнлэг Абилсейтийг магтан шагшицгаав,
Аугаа Чингисийгөргөсөн өрлөгТоорил хаан лүгээ адил юм, Абил

*Баянғали Әлімжанов. Әбілсейіттің көргенділігі.
Аударған: Сұраған Рахметұлы*



УДМУРТ КЫЛЭ
УДМУРТ ТІЛІ
UDMURT LANGUAGE



БАЯНГАЛИ АЛИМЖАНОВ

Уйысь валантэм гурезьёс...

Уйлы синмаськем Гётелэсь кырзанзэ
Кин валаз но лулаз ик пыртиз ?
Кукке зеч кырзан шедьтэ ас орзэ –
Одиг крезьгурысь кылдо сюрсьёсыз.

Гёте, Лермонтов но Абаймы
«Пеймыт уй» кылбурен тулкымто калыкез,
Мур малпан сайкато – шодимы,
Чурьёссы сюресэ келяло Вакытэз.

Ма кырзан – со визыл, пеймытэз но уллясь,
Со аслаз сиеныз дуннеез югдытэ.
Оз, оз шедь на тае ук валась –
Гурезьлэсь маизэ уй ватэ...

*Удмурт кылэ берыктиз Вячеслав Ар-Серги.
Баянғали Әлімжанов. Түн басқан таудың жұмбағы.
Удмурт тіліне аударған Вячеслав Ар-Серги.*

Улонлэн эскеронэз

Позись дунне – урмем но буйгасьтэм,
Туж вось каре лулэз,
Со яралэн урез – виись но умойтэм,
Пушке ик пычаса, сура вирез.

Инмын улзо ни дэймоньёс,
Лекан мылкыд жутэ вожпотонэз,

Нюжтисько ни, дырто кыйёслы укшасьёс –
Улоньсь юаньёс, чидатэк зибетэс.

Шузиез, аксымез, алдасез...
Котырысь ваньзэсты чужысал.
«Ноку но медам лу ини сычез!»-
Дуннелы ымтырос кеськысал.

Лек мылкыд ке vormиз огдыре,
Тон бырод дырыдлэсь но вазьгес,
Улонэд ке ялан жотырак эскере –
Сайкытэн ик vormод тон жоггес.

Я, кариськы сайкыт но тазаты лулдэ,
Вирдэ, быгытьёстэ но мугордэ...
Берпум шокчытозяд ас кырзандэ
Эн уреты – уть кылемзэ но улондэ.

Удмурт кылэ берыктиз Вячеслав Ар-Серги.

Баянғали Әлімжанов. Өмір сынағы.

Аударған Вячеслав Ар-Серги.

Огназьёс

Ас туганзэ шедьтэм нылаш сямен
Шуныт тылзэ кисьтэ инмысь Толэзь,
Огназ луэмезлэсь курдам музэн,
Со Музьемез сюрес юлтош карем аслыз.

Толэзь югытьёсын визь но малпан
Сайкатскизы. Визьмын бурдо адямиос
Утчаськизы но шедьтизы лобан...

Толэзь – огназ. Музьем – огназ. Шунды
Соос полын – огназ. Миллион полын
Адямиос но – огназы. Инмар но кемдыны
Луиз – огнын: оскись одигмо лул азын.

Медам вае вал куректон
Огез мукетъслы – огназьёслы...

Удмурт кылэ берыктиз Вячеслав Ар-Серги.

Баянғали Әлімжанов. Жалғыздар.

Аударған Вячеслав Ар-Серги.

«Невада – Семипалатинск».
Комуз гурла

Ворсазы полигонэз, бомбаез казынылизы,
Кырсаса Иртыш доры акынъёс лыктылизы.
«Невада – Семей» нимаса, кыл тупан ялизы,
Таре, дыр, дуннеын ог-огзэс яратны кутскизы...

Таре США но, шунды зардонын-пуксёнын
Ваньзы ярато ни, пе, ог –огзэсты...
Чебер киргиз ныл шудэ комузэн :
« Я, кыл ни, дунне, милемды!».

Ранзем музъемлы йыбырттим,
Лулын шодим та шимесэз,
Каргам убиръёсты. Вырйыл жутим –
Сьод-сьод изэн зибим вань юрзымез.

Сьось убирлэн карез изэн мед пачкалоз,
Нош Чеберлык – вань калыклы салам...
Иртыш ярдурын ныл кырзан чузьяськоз,
Веттаса нуылоз асьмедыз – весь азылань.

... Чебер киргиз нылмы шудиз комузэныз,
Артысь гордо выръёс, кожам, шуналлязы.
Шунды пуксе дораз быдэс питыреныз,
Лоскыт горд сяськаос эрки веттаськизы.

Чильпырало уйын бадзым кизилиос,
Лулэз вешалляло чебер, мусо гуръёс.
Куддыр мон ветлисько, шодса зэмос :
Чиньыосы улын жингырало комуз сиос...

*Удмурт кылэ берыктиз Вячеслав Ар-Серги.
Баянгали Әлімжанов. Невада Семей. Қомыздың үні.
Аударған Вячеслав Ар-Серги.*

Паймоно югдурын

Кукe тонэ шуак пумитасько,
Паймон кадь югдуре мон шедисько.
Тае шодском, бен, асьмеос гинэ –
Тае тодском ми кыкнамы гинэ.

Таче дырря уг яра вал чалмытскыны,
Таче дырря кулэ кылын гурлалляны...
Тон, мусое, эн курадзыт монэ,
Кылтэк гинэ тон вала вал монэ.

Кукe шундыяське тынад тусыд,
Чылкыт синъёс но чиляло, эсьма,
Вань дуннеез паськытатэ волмыт
Шунась лулы – дунне югма.

Кукe вераськиськод жингрес, шулдыр,
Вильмытскыса, лулы шумпотылэ.
Кырлуд сямен, зорем бере, бусьтыр
Котыр дунне чылкыт тазамылэ.

Удмурт кылэ берыктиз Вячеслав Ар-Серги.

Баянғали Әлімжанов. Ғажайыт күй.

Удмурт тiліне аударған Вячеслав Ар-Серги.



ҚАЗАҚ ТІЛІ KAZAKH LANGUAGE



БАЯНҒАЛИ ӘЛІМЖАНОВ

**EARTH. WATER. MOUNTAIN. FOREST.
ЖЕР. СУ. ТАУ. ОРМАН.**

Жер Ана, жолдан айныма

Тұңғыық көкке
Қараймын неге телміріп,
Мұңайып жаным
Мүжіліп іштей егіліп.
Мұхитты кешкен
Қайықтай жалғыз қалтылдап,
Қиялдап барып,
Не сезіп қайттың, не біліп?

Құпия, ғайып,
Зілмауыр ой мен сыр бүгіп,
Үн-түнсіз езген,
Көңілге күштеп жүз күдік.
Ғарышқа шексіз,
Мәңгілік жалғыз сауалдың
Жауабын іздеп,
Үңілем неге үздігіп!?

Ғасырдан ғасыр...
Қас-қағым сәттей зырлауық,
Жылауық уақыт,
Уайымың қандай шырмауық.
Шуылдап кетті
Шалығы барлар неліктен,
Жер Ана саған,
Төнді ме шындап бір қауіп?!

Жер Ана,
Бізді
Көтеріп ұшып, айналып
Кезесің көкті
Кіндігің Күнге байланып...
Ақырзаманның
Зауалы келіп қалды ма?!
Адамзат отыр
Амалы құрып ойланып.

Не болар екен
Құрдымға кетсе құлап жер?
Тиылар ма екен
Жарылыс, жанжал құлақ жер?
Ұрыса бермей
Ұғатын кезің болды ғой,
Біздерде бары
Бір ғана Құдай,
Бір ғана Адам,
Бір-ақ Жер!

Жер Ана, жүдеп,
Жұқарып жүйкең тозды ма?
Тұрлаусыз уақыт
Айналымыңнан озды ма?
Опырып, өртеп,
Қиратып,
Жойып,
Жалмаған,
Жындылар енді
Сенің де көрің қазды ма?

Түбіңе сенің
Қалайша жетпек мұндай құл?
Төбеден бағып
Рахымы шексіз құдай тұр!
Қайырын тілеп
Қандай да болсын қайранның,
Алладан бұйрық
Келгенше жерім,
Шыдай тұр!

Мейірбан едің...
Бауырыңа тарттың Айды да,
Батыра көрме

Баланы сәби қайғыға!
Рахмани нұрдан
Жаралып едің, Жер Ана,
Кеше гөр бізді,
Кешір де жолдан айныма!

Мұхит пен мұң

Өзенді бойлап өлкені кезгім келеді,
Мекен ғып біраз қауырсын қанат кемені.
Ақша бұлттарға орана кетіп кей-кейде
Мұхитқа барып мұңымды шаққым келеді.

Мұңымды шақсам, ұғар ма мені көк теңіз,
Көк теңіз ұқса, басылар ма екен өкпеміз.
Біз неге сонша күйешіл болдық, күйдіргі,
Неліктен, айтшы, осындай болып кеткенбіз?

Мұңайып барсам, мұхиттың өзі мұңды екен,
Айдынын лайлап, мұңайтқан оны кім екен?
Жанына дауа, дертіңе шипа болар ма,
Қашып барсаң да, қашықта жатқан мың мекен!

Өзіңнен өзің құтылам деме, қашсаң да,
Адамзат әлі ашпаған жерді бассаң да.
Алқына бермей, ақылға келіп, жүгінші,
Бойыңа қуат бойлатып құйған аспанға!

Іздесең пана риясыз таза сезіммен,
Табасың әуел иманнан, кәміл сенімнен.
Біреу кеп сенің көтермес тағдыр жүгінді,
Табасың күшті өзіңнен ғана, өзіңнен!

Дала үйлесімі *\ балалар өлеңі *

Аты қандай дала деген,
Ұйқасады данаменен.
Ақ селеуі ақ толқындай,
Үндеседі бабаменен.
Көз жетпейді шет-шегіне.
Өзен болып ағады өлең.
Ұқсайды бір ертегіге,
Үйлеседі баламенен.
Мен - даланың баласымын,
Дала деп ән сала берем!

Тау \ балалар өлеңі \

Жалғастырып жер-көкті,
Асқар таулар жарасқан.
Тік атылып аспанға,
Асқақ шыңдар таласқан.

Бұлт оранған көк шыңның,
Мәңгі мұзы мұнартқан.
Ағады ұлы өзендер,
Бастау алып мұзарттан.

Шағылысар күн шықса,
Аппақ қары жарқырап.
Сай-салаға құлайды,
Асау өзен сарқырап.

Ер жеткен соң аман-сау,
Шыңға біз де шығармыз.
Құйттай бала болсақ та,
Тау болуға құмармыз!

Орман жыры

Жұпар шашып,
Жұртқа құшақ айқарған,
Жасыл орман
Түгін тартсаң бал тамған.
Бір ағашқа
Ұқсамайды бір ағаш,
Жапырағы
Жер жаһанда жайқалған.

Құрма ағашы
Күрсінді де, ойлады:
«Құр қиялға
Қолым созып қайдағы,
Ербигенмен
Эвкалиптке жетпеспін,
Пальма болам,
Құрмасы көп, пайдалы!»

Болмағанмен
Жері нулы, ауа бап,

Аптап шөлді жарып шыққан,
Дауалап.
Серейгенмен
Болмаспын деп секвойя,
Саваннада
Мол жайылды баобаб!

Құрғақ, қуыс,
Қу қамыс деп бамбукты,
Қор санама,
Табиғатта заң мықты.
Нар қамыстай
Жарасыммен жаралған,
Жасырады
Қанша қамсыз жандықты!

Ағаш өссе жердің көркі,
Мәңгі хал,
Сұлулыққа арна күйді,
Әнді сал.
Тау сағалап,
Қасқаяды самырсын,
Су жағалап
Майысады сәмбі тал!

Иісімен
Мас қылатын баршаны,
Албастыны
Аластайтын аршаны,
Ардақтайды алаш жұрты,
Әрқашан,
Алмұрт, алма,
Шабдалы мен алшаны.

Қажып, талып,
Тұла бойды буса жын,
Құлазумен
Көңіліңе тұнса мұң,
Жаңғырасың,
Қуат алып, ширығып,
Саясынан
Қарағай мен шыршаның.

Жасыл әлем,
Жайнап тұрған жан-жағы,

Ағаштың да бар ғой кие,
Аруағы.
Жапырағы
Желпіп өтсе өкпені,
Бойға қуат,
Жанға шипа жаңғағы!

Қамшыға сап,
Қызыл қабық тобылғы,
Сауырынан
Сипай тартсаң шобырды,
Таралғыдан
Тартқылайды тораңғы,
Жыңғыл - талшық,
Сақтап қалар өмірді.

Талса қанат,
Қонған шымшық, торғай да,
Пана тауып,
Тал, терекке,
Бірғайға.
Табиғаттың
Сырын ұғып ағайлар,
Өз торғайын
Бірғай құрлы қорғай ма?

Ару қыздай
Ақ қайыңмен аралас,
Қарағайды
Кім ер жігіт санамас?
Мың ағашқа ұқсамайды,
Мәжнүн тал,
Қара нардай
Қайыспайды қарағаш!

Ел ерекше әспеттейді
Еменді,
Теңейді оған,
Өр мінезді беренді.
Ешкім әлі естіген жоқ,
Көрген жоқ,
Тірі еменді
Иіліпті дегенді!

Жұпар шашып
Сирек сирень төксе гүл,
Су бойлаған нарқамыстан
Жетсе уіл,
Тақыр шөлге
Тамыр жайып тарбайған,
Құм көшкінге
Тосқауыл боп сексеуіл!

Түскен жерін
Тесіп шығар түйіліп,
Үйеңкіден
Қобыз алған үйіріп,
Канадаға
Қанат жайған қазақтың,
Ай-әлемді
Ұйытатын күйін ұқ!

Жапандағы
Жалғыз ағаш киелі,
Оны кескен
Оңбай отқа күйеді,
Жалғыз өскен
Қарағашқа тимендер,
Тағдыр, тарих,
Талай сырды түйеді.

Жанға жайлы жасыл әлем,
Орман бар,
Қиял қуып,
Орман кезер армандар.
Адамзаттың
Игілігін келешек,
Ойласаңдар,
Орманыңды қорғаңдар!



**CHANTS OF THE WORLD. ӘЛЕМ ӘУЕНДЕРІ.
НАПЕВЫ МИРА**



**ENGLISH CHANT.
АҒЫЛШЫН ӘУЕНІ**

Қария мен қарлы шың

Килиманджаро!
Күйіп тұрған континентте қарлы шың,
Қалай біткен тропикаға, таңбысың?
Қарлы шыңнан қара маржан қарғи ма,
Сайлап бамбук, баобабтан шаңғысын?

Көк тіреген көкшіл мұзы бастағы,
Жүректіні сұсыменен жасқады...
Сеңгір таудың сеңсең бөркін кием деп,
Келді альпинист сексен екі жастағы.

Бостан босқа сабаз неге сабылсын,
Деді ме екен атым елге танылсын?
Альбионның түріп тастап тұманын,
Айға атылған арыстандай ағылшын.

Ойыныңды көтермейді от белдеу,
Батырлыққа бара алмайды бос белбеу,
Өзін сынап, дәлелдемек өзгеге,
Қарт кеудеде бар екенін тоқ кернеу.

Құр келмеген есерлікпен аптығып,
Тәтті күннің әр сағатын сәтті ғып,
Дүниеге төбесінен мұз таудың,
Бір қарауға талаптанған жаттығып.

Сексен жылым қас-қағымдай өткен деп,
Ғұмыр жолын сұм жалған деп сөккен жоқ.
Бұл өмірге құштарлығы күш беріп,
Шал келеді шыңға өрмелеп көкпеңбек.

Иығына алғандайын тас артып,
Жылжиды әрең, садағасын қоса айтып.
Опат болса... Орта жолдан қайтқаннан,
Зау биікте өлді деген ат артық!

Тайсалмады тар кезеңнен тартынып,
Тасқа ілініп тұрды кейде алқынып.
Жазатайым тайып кетсе табаны,
Тағы кезек тимейтінін қарт ұғып.

Тас түйін ғып қайрат, жігер, сезімін,
Тасқа салып таусылмайтын төзімін.
Жанталаса жартастарға жармасып,
Шықты ақыры биігіне өзінің!

Қол-аяғы қояды ептеп дірілдеп,
Желдің әні құлағында гуілдеп.
Шың басында шалқып, толқып тұр шалың,
Дүниеге рахаттана күлімдеп!

Жаралған соң бұл өмірге адам боп,
Қамықпа көп, қай қуыста қалам деп,
Талпына бер ақтық демің біткенше,
Түбінде бір биігімді алам деп!

AMERICAN TUNES. АМЕРИКА ӘУЕНДЕРІ

Шилдстың шыңы

*Бокстан екі дүркін олимпиада чемпионы,
Әлем чемпионы,
Американың ардақты қызы
Кларесса Шилдске..*

Кларесса!
Тағдыр сені жастайыңнан сынаған,
Сонда сенің
Жұдырықтай жүрегіңе жылаған,
Селт епеген тастай қатал дүние,
Енді, міне,
Жұдырығың жырлағанда тыңдаған!

Соққысынан
Сұмдықтардың сынбаған,
Батыр қызсың,
Өзін-өзі шыңдаған.
Өмір үшін
Төбелеске бел буып,
Үлгі болдың
Ұл мен қызға мыңдаған!

Кларесса!
Сәби едің,
Мына жарық дүниеге сүйінген,
Зәбір көріп,
Озбырлықтың зорлығына күйінген.
Жан адамға
Жаттығы жоқ жұдырықтай жүрегін,
Жылап жүріп,
Жұдырық боп түйілген!

Қатал тірлік қағидасын
Қаршадай қыз түйді ішке,
Өзін өзі қиынға сап,
Нар көтерер қиды іске.
Енді бүгін
Қол соғып тұр бар әлем,
Шыңға шыққан
Кларесса Шилдске!

Сендей жандар
Күш береді елге тың,
Жігер, қайрат танытады
Көз сүйінген келбетің.
Замананың
Зандылығын аңғарып,
Жұдырықпен
Жаулап алдың жер бетін!

Ерлігіңмен,
Аштың ізгі жолыңды,
Тауға шықтың,
Табысың да толымды,
Кең даладан
Арнап өлең ұшырып,
Ақ пейілмен құшақтап,
Қыстым күшті қолыңды!

Токиодағы жекпе жек

Бастер Даглас
Бокста көп байқалмай,
Жүруші еді,
Шешуші сөз айта алмай.
Токионың төріндегі рингте,
Төбелесті
Тайсонменен тайсалмай!

Қыран құстай
Жая алмаған қанатын,
Оза шаппай,
Көлеңкеде қалатын.
Дәу болғанмен,
Жұмсақ еді жігерсіз,
Жеңісті де
Қолдан бере салатын!

Не бір мықты жеңе алмаған
Майкты,
Жеймін десе,
Джеймісің айыпты.
Тәртіп солай,
Шықты Тайсон амалсыз,
Қарсыласы
Қалмаған соң лайықты!

Тірі жанға
Жібермеген есесін,
Бір ұрғанда
Қабырғаны тесетін.
Жиырма жаста
Чемпион боп әлемге,
Бәрін жеңген,
Кездесе де неше сын.

Жолбарыстай
Жылдам ұра салатын,
Дауыл күнгі
Өрттей лаулап жанатын.
Сарт еткенде
Найзағайдай апперкот,
Атан түйе

Аударылып қалатын!

Қақырата
Соққан кезде оқыстан,
Талай тұмсық
Еденменен шоқықан.
Арқанынан
Ұшып кетіп рингтің
Біржолата кеткен де бар,
Бокстан!

Атақ-даңқы
Жапонда да шыңға асты,
Жанкүйерін
Джеймстің мұң басты.
Қай раундта
Тастар екен талдырып,
Темір Тайсон
Байғұс Бастер Дағласты!

Жиырма төртте
Жанып тұрған жас пері,
Бұйым көрмес
Отыздағы Бастерді.
Бас терісін
Сыпырамыз оның деп,
Қикулайды
Жанындағы әскері!

«Бұл айқаста
Іздегенім табам ба?
Қапы кетіп,
Қалам ба әлде табанда?!»
Деп толғанды
Тау тұлғалы Джеймс,
Енді қайтсін...
Жан керек қой оған да!

«Қорқынышқа
Бой алдырып, құр тоңба!»
Айтуға оңай,
Жеңбес пе еді жұрт онда?
Батыр болсаң
Шайқасып көр Тайсонмен,
Тура қарап
Соққысына бір тонна!

Жекпе-жекке
Келсін дүлей, келсін дөй,
Бір де бірін
Өзіменен теңсінбей,
Араздасып
Ұстазбен де ақылгөй,
Ат құйрығын кесіп еді
Менсінбей.

Жарқ-жүрқ етіп,
Көзді жасқап жасындай,
Сарт-сұрт соғып,
Аққан селдің тасындай,
Кім болса да
Шығаратын быт-шытын,
Ары кетсе
Бес раундтан асырмай!

А дегеннен
Қуырмақ боп апшысын,
Жұмсап бақты
Соққылардың қаттысын.
Бірақ Бастер ығар емес,
О ғажап,
Беріп жатыр
Жауаптың дәл, нақтысын!

Елестетіп
Арқыраған айғырды,
Сақылдатып,
Соққыларын сай қылды.
Пергілесіп
Сегіз раунд қаймықпай,
Тайсоныңды
Көрер емес тай ғұрлы!

Тайсон қайнап,
Есіне алып бапкерді,
Төкті бүгін
Көк терді де, ақ терді.
Сарт еткізіп
Сегізінші раундта,
Бүк түсірді
Апперкотпен Бастерді!

Құлап барып,
Жерді тіреп бөгелді,
Күйінгеннен
Салып қалды еденді.
Түтігіп тұр
Демін алып дауылдай,
Темір Тайсон,
Деп: «Түрегел, бол енді!»

Тұрды Бастер
Сүйретіліп орнынан,
Бірақ үрей
Байқалмайды пормынан.
Қорғанды кеп,
Біржолата құртпақ боп,
Ұрса Тайсон
Оңынан да солынан!

Төгілсе де тұла бойдан
Тер деген,
Есін жиып,
Бастер тағы өрлеген,
Шаршағаны байқалады
Тайсонның,
Тоғыз раунд
Төбелесіп көрмеген!

Оныншыда
Бітетіндей жекпе-жек,
Тым асқақтап,
Бетіңменен кетпе деп.
Сартылдатып
Соғады кеп Тайсонды,
Арқаланып,
Үсті-үстіне төкпелеп!

«Текке кетпен,
Жекпе-жекке текке кеп,
Жерге бір түс,
Қарай бермей көкке көп!»
Періп- періп жібергенде
Иектен,
Еденменен
Келді Тайсон бетпе-бет!

Ай әлемнің
Айран асыр ақылы,
Бас шайқады
Алысы да жақыны.
Дүниені
Дірілдеткен дүлейді,
Момын Даглас
Ұрып жықты ақыры!

Құрбандары
Бір елестеп көзіне,
Жұдырықтың
Қаталдығын сезіне.
Дойман қара,
Допша қаққан талайды,
Ойран болып,
Домалады өзі де!

Түсіне алмас
Жай адамның санасы,
Мұның сырын
Ашты кейін сарашы.
Дәл осынау
Жекпе-жектің алдында,
Қайтқан екен
Джеймстің анасы!

Қайтарында
Айтқан екен ұлына:
-Жақын тұрсың,
Атақ –даңқтың шыңына.
Тарт, тікелей,
Тайқып кетпей Тайсоннан,
Мақсат осы,
Басқа жаққа бұрылма!

Қалып келдің
Қалқасында талайдың,
Бірақ алға
Зор үмітпен қараймын.
Арман болған
Чемпиондық атақты
Сенің жеңіп
Алғаныңды қалаймын!

Маған сонша
Керек осы жеңісің,
Бәлкім, соңғы,
Сенен көрер жемісім.
Сүйетінің
Рас болса анаңды,
Балам, ертең,
Жеңіп шықшы мен үшін!

Өмір, өлім,
Ойлап көрсен, тегін бе,
Өліп кетсем,
Бұл айқастан шегінбе,
Менің рухым
Бірге болар сенімен,
Желеп-жебеп,
Қолдап тұрам көгіңде! ..»

Амал таппай
Тура келген өлімге,
Көзінде жас,
Ана сөзі көңілде.
Қырқы да өтпей,
Намыс қайрап, ширығып,
Шықты Бастер
Сұмдық жекпе-жегіне!

Жылдамдығы
Кем болмады жай тастан,
Оның жайын
Сұңғылалар байқасқан.
Жан алысып,
Жан беріскен сәттерде,
Ұлын қолдап,
Ана рухы шайқасқан!

Әркімнің де,
Болады бір самғауы,
Күдер үзбе
Күндерден деп, алдағы,
Момын ұлды
Жеңімпаздық биікке,
Алып шыққан
Анасының аруағы!

**CANTO ESPAÑOL.
ИСПАН ӘУЕНІ. SPANISH CHANT**

Сервантес. Дон Кихот

Сервантестің
Естігенде
Алғаш рет есімін,
Оның испан екендігін,
Түсінгем жоқ,
Кешірім...
Серісі ме,
Серкесі ме,
Сестісі ме ескінің?
Сұрағам жоқ,
Ешкім маған,
Айтқан да жоқ шешімін.

Батыр деген бәрін жеңіп,
Әдетте,
Атақ-даңққа бөленетін мәзетте,
Дон Кихотты сондай шығар,
Деп оқысақ,
Қайдағы?!
Алпамыстан кейін бізге,
Ондай батыр қажет пе?

Батыр деген
Жерін қорғап,
Қуған жауды ел шапқан,
Қаймықпаған,
Отан үшін,
Дажалдан да, көрқаптан.
Ондай емес,
Делқұлылау Дон Кихот,
Жауыр мініп,
Желік қуып,
Жел қапқан.

Арындатып,
Алға бастап,
Арман төс,
Тау қопарып,
Қамал бұзып, қорған төс.

Дүниенің диірменін,
Жеңе алмайтын бірақ та,
Дон Кихотсың сен де бір деп,
Күлетіндей Сервантес!

Данасынған
Даңғойлардың
Қарс жабылар қабағы,
Тарих деген,
Диірменнің тоқтаусыз,
Уақыт желі айналдырған
Сықыр, сықыр қалағы.
Тағдырларды турап жатыр,
Илеп жатыр бір тынбай,
Қайталау ғой...
Баяғы!

Диірменнің
Қалағы тұр айналып,
Адамзат тұр
Сол қалаққа байланып.
Құтқармақ боп,
Дон Кихоттар алысып,
Аяғында кетіп жатыр,
Өздері де
Бір бидайға айналып!

Алдымызда
Бір-бір үлкен диірмен.
Қалақтарын
Жел мен дауыл үйірген.
Тыным таппай,
Айналады дырылдап,
Бір кезі жоқ,
Тойынған не түйілген!

Ол аздай-ақ,
Құйтырқылық,
Жаһандағы,
Жиылып кеп, қайдағы,
Құрып қойған неше түрлі
Диірменін айлалы.
Қиянатпен
Ақ көбік боп алысқан,
Қиялы көп,
Зияны жоқ Дон Кихотқа,
Ашып қойған майданы!

Майдандасып,
Бақ таласып,
Көрсетеді мың қылық,
Қолдан жасап,
Қай-қайдағы құндылық.
Құндылық пен мұндылықтар,
Қойған жоқ па жынды ғып?
Мұндысың ба,
Жындысың ба бәрібір,
Тоқталмайтын диірмені тағдырдың,
Тартып жатыр
Түгін қоймай ұн қылып!

Белгісіз ғой,
Диірменде,
Кімде қанша дән бары,
Сезді ме екен Дон Сервантес,
Қашан, кімдер толтырарын қамбаны?
Ал, біз үшін мәңгі жұмбақ, құпия,
Қайта-қайта зырылдаған тынымсыз,
Айналмада қаншалықты мән бары?

Бірақ, тіпті, бас қатырмай,
Бұл өмірдің мәніне,
Дүниені Дон Кихоттар
Кезіп жүр ғой әлі де.
Байлық, билік,
Даңққұмарлық,
Жалт-жұлт еткен даңғаза,
Бір қарасаң,
Дон Кихоттық бәрі де!

Елдің бәрі
Санчо Пансо
Болып кетсе – далбаса,
Үйлесер ме,
Бір-біріне жалғаса?...
Азаярдай,
Дүниенің
Қозғалыс пен қызығы,
Желге мініп,
Қиял қуған,
Ақ көңілді
Дон Кихоттар болмаса!



AIRS FRANÇAIS.
ФРАНЦУЗ ӘУЕНДЕРІ.
FRENCH TUNES

Жан

Эйфель көрсем,
Әуелеймін әнменен,
Сена бойлап,
Серуендеуді сән көрем,
Бала кезде
Оқығанда таң қалғам,
Француздың
Есіміне Жан деген!

Жанна д Арк жалын құшып,
Жанғанда,
Жан-Жак Руссо
Жан – жақты сөз жазғанда,
Жан Вальжанның
Жанталасқан тағдыры,
Жаңғырығып,
Ой салған ғой жалғанға!

Виктор Гюго
Жазып кеткен Жан Вальжан,
Бізде де бар
Жан деген сөз, бар Балжан,
Болса керек
Француз бен қазақта
Өмір сүйгіш,
Ғаламдағы ең бай жан!

Адамзаттық комедия –
Ай затты,
Әлем білер
Жазған жайсаң Бальзакты.
Бір романды
Бір-ақ түнде жырлаған,
Білер ме еді
Біздің Иса Байзақты?!

Байзақ болса
Өлең-жырдың Бальзагы,

Бальзак болар
Қара сөздің Байзағы.
Барлығы да
Ұлы өмірдің ағыны
Сана, Сена!
Үйлеспейді қай жағы?!

Сән киініп,
Қазақ атқа мінгенде,
Құмар енді,
Көзге түсіп жүргенге.
Бұл жағынан
Француздар сияқты,
Деген жазу
Маржан болар білгенге!

Топ алдында табиғатын
Атамның,
Тура танып, ойға қалдым,
От алдым.
Жазған орыс,
Оқымысты Потанин,
Досы болған
Ұлы қазақ Шоқанның!

Ғалым адам
Білгендіктен жазады,
Жазғанының
Жанға жағар ғажабы:
Азияның французы
Қазақтар,
Француздар
Европаның қазағы!

Жан

Когда увидел Эйфеля,
Чуть не взлетел ввысь, душа запела.
Бродил по Сене - прекрасно.
А ведь удивлялся в детстве, когда читал,
Французскому имени Жан!

Когда Жанна д'Арк объятая пламенем горела,
Когда Жан Жак Руссо
Писал многозначительные слова.
Водоворот судьбы Жан Вальжана,
Отозвалась эхом, и задумался весь мир.

Виктор Гюго написал про Жан Вальжан,
И у нас есть, слово жан- душа, есть и Балжан.
Наверное, у французов и казахов,
Самый жизнерадостный, богатый в мире душа - жан!

Подлунную Человеческую комедию,
Мир знает написавшего Бальзака.
Споющего за ночь целый роман,
Знали бы нашего акына - импровизатора Иса Байзака?!

Наверное, Байзак,
Это Бальзак стиха- песни,
А Бальзак -
Байзак прозы.
Все это течения, творения великой жизни,
Сана – сознание, Сена –река,
Созвучно, не правда ли?!

Когда казах,
Нарядившись, сядет на коня,
Ну, любить он, покрасоваться прилюдно,
В этом они похожи на французов,
Так написано в истории, знай и подумай!

Таково поведение предков перед народом,
Узнаю точно, и воодушевляюсь.
А написал русский, ученый Потанин,
Друг Чокана, великого ученого казаха!

Ученый муж пишет то, что знает,
И приятна душе, правда чудная.
Значит, казахи – французы Азии,
А французы – казахи Европы!

Жан \каз. \-душа. \Подстрочный перевод с казахского на русский язык автора

Селяви – Солай

Өмірді ешкім,
Айтпайды сірә оңай деп,
Қайда да ылғи
Оңынан келер орай жоқ,
Селяви дейді

Қиналған сәтте француз,
Сабырға келер,
Даланың ұлы солай деп!

Селяви – солай,
Селяви –солай,
Осылай,
Өмірдің жолы
Сан тарау, сынақ, досым-ай,
Француз, қазақ,
Ұйқаса қалған қалайша,
Селяви – солай,
Өмірлік ұғым қосып- ай!

Е, өмір солай,
Дегені қазақ - селяви,
Даланың сөзі
Даналық тұнған, тола күй,
Селяви – солай,
Қонақжай болса бұл қазақ,
Дүние шіркін,
Адамдар үшін қонақ үй!

Керемет Париж,
Көңілде өлең, тола күй,
Эйфельді бойлап,
Тұрғандай билеп қала би.
Сіздермен, достар,
Бір ғана сәтте кездесіп,
Қоштасып жатсақ,
Солай ғой, өмір,
Селяви!

Селяви – солай

Никто не скажет, что жизнь легкая штука,
И не всегда улыбается удача.
Скажет *селяви*,
Когда трудно, француз,
Успокаивает себя,
Сын степей, сказав - *солай!*

Селяви – солай,
Селяви –солай,
Такова жизнь,

Путь нелегкий,
Полно испытаний, о дружище.
Француз и казах,
Как созвучны, прямо в рифму,
Селяви – солай,
В понятий жизненном.

О, такова жизнь,
Скажет казах солай – селяви,
Слово степи полно мудрости, музыки,
Селяви – солай,
Говорит если гостеприимный казах,
А ведь этот мир,
Как будто гостиница для людей!

Чудесен Париж,
Душа поет, наполняясь мелодией,
Вокруг Эйфеля, кажется, город танцует.
И если мы с вами друзья,
Встретившись на миг, прощаемся,
Такова жизнь,
Солай – селяви!

Солай \каз\ - буквально: Вот так, такова. \Подстрочный перевод автора.

Лувр

Бұлдыр, бұлдыр,
Бұрынғыдан,
Бұдырдан,
Бар байлығын,
Бұйра бұлтқа будырған.
Ғұмыр, уақыт,
Алды-артына қаратпай,
Белгісіздік
Құрдымына қудырған,
Ғаламдағы
Адам ұлы тудырған,
Сан ғасырлық асыл мұра,
Табылады Луврдан!

Лувр,
Лувр,
Дуылдаған

Атың мәлім бұрыннан,
Дулығалы
Қырдың ұлы,
Қадіріңді ұғынған.
Қанша мұра
Қорыңда тұр сақталып,
Шын Машыннан,
Мысыр, Шамнан
Ұрымнан да, Қырымнан.
Асылзада
Әспеттеген асыл зат,
Замананың
Дауылында
Луврға кеп тығылған!

Асығамыз
Танысқанша Луврмен,
Бонжур,
Пардон...
Кулуарлар ду күлген.
Араласаң,
Ай жетер ме, асықпай,
Қаншалықты
Бай екенін кім білген!?
Балбал тасым,
Бармысыңдар,
Бабаларым қалдырған,
Төбесінде
Жұлдыз жайнап,
Ай мұңайып,
Күн күлген.
Күлдір, күлдір кісінеген,
Күреңімді іздеймін,
Күмбезіңді
Кернеген күй күмбірден!

Мен ақынмын,
Ізгілікті ту қылдым,
Есті жырмен
Көңіл дағын жудырдым.
Естелігін
Ескіліктің
Сақтап қалған жоғалтпай,
Орны бөлек,
Даңқы биік Луврдың!

Бой алдырма,
Даңғазаға, судырға,
Мағыналы,
Үлкен өнер тудыр да,
Елдің туын,
Ердің туын көтеріп,
Қос апарып,
Адамзаттық Луврға!

**РУССКИЕ НАПЕВЫ.
ОРЫС ӘУЕНДЕРІ.
RUSSIAN TUNES.**

Ертіс пен Обь

Ертісім еркін, ер еді,
Екпіндей ағып келеді,
Бұралып шыққан алдынан,
Арудай айдын көреді.

Өрімдей ерке Обь еді,
Ебімен Ертіс өбеді,
Белінен орай құшақтап,
Бөгелмей алға жөнеді.

Қос ғашықтай табысты,
Қатарласып, жарысты,
Айналып ұлы айдынға,
Мұхитқа бірге барысты

Мұхитқа жеткен өр Ертіс,
Картада неге жоқ Ертіс?
Қос өзен бірге қосылған,
Аталу керек Обь – Ертіс!

Қызыл қаулы мен қызыл сиыр

Ол кездер ойдан өшіп, алыстауда,
Шалғыдай тиген қаулы қамыс, қауға,
Бір сиыр, я болмаса бес қой деген
Бір үйге рұхсат болды мал ұстауға.

Бас шайқап қаталдықтың жобасына
Бір қарап кеуіп қалған сабасына,
Сиырды әке-шешем тығып қойды
Немере апамыздың қорасына.

Алдауға, мектеп айтқан, болмайды деп,
Өтірік айтқан кісі оңбайды деп,
Қып-қызыл пионерміз, күйінеміз
Сәбетті неге әкеміз алдайды деп!?

Ұмытты сиыр біраз өрісті енді,
Көк шөппен орып берген күйістенді,
Аралап аулымызды, малды санап,
Бір күні тексеруші орыс келді.

Жүр едік үй алдында асық ойнап,
Сақамен соғамыз кеп диды байлап,
Бізбенен емен-жарқын амандасты
Азырақ сөйлейді екен тілін шайнап.

Өзі біраз қызара бөртіп алған.
Жетекке лесепетін ертіп алған,
Бізге қызық...Емес – ау оған қызық,
Қызыл заман оның да еркін алған.

Қонақты балайтұғын ізгі адамға,
Баланың көңілінде сыз бола ма,
Корова ес деп күліп сұрап еді
Ес,ес деп, алып келдік біз қораға.

Алдынан әлгі орыстың апам шықты,
Даусы да жайдағыдан қатаң шықты,
Қораға кіргізбеді, жолын бөгеп
Апаммен алысып көр, болсаң мықты!

Санамыз саясатты ұға алған ба,
Біз мәзбіз, орыс сөзді құп алғанға,
Қанады айызымыз, сиыр бар деп,
Апамның өтірігін шығарғанға.

Апам қолын сермелеп еңірейді,
Орыс бізше, бірақ та, тіл білмейді,
«Коброба нет! Нету!»–деп апам тұрса,
Бармын деп қызыл сиыр мөңірейді!

Шешем кеп, сарқыт қой деп кешегіден,
Ұсынды қызыл арақ кесеменен,
Қиналмай қағып салды қайран орыс
Жүгіртіп көз қиығын көшеменен.

Қаһарлы қаулы оны да көндірді ме,
Терге деп, бейбіт елге төндірді ме,
Қызылкөздер тұтатқан қызыл өртін
Қызыл орыс қызылмен сөндірді ме?!

Кім білсін!? Адам екен, ұқты бізді,
Жазбады қағазына түктімізді...
Қызыл сирақ балалар қызылсырап
Қызыл етке жеткенше бұлтты күзгі,
Қызыл заман қинаған сол күндерден
Қызыл сиыр аман ап шықты бізді!

Сібір сарыны...

Оймякон деген Ой мекен,
Ойылып түскен ой ма екен?
Сақылдап тұрған ойпатты,
Сахалар не деп қойды екен?

Сусуман деген су ма екен,
Сусыған сырма, қу ма екен,
Сырғанақ тағдыр сұмдығы,
Кімдерді мұнда қуды екен?

Колыма деген көл ме екен,
Темірдей шеңгел, қол ма екен,
Зәбірі батқан замана,
Кімдерді мұнда көмді екен?

Аямай түссе қолына,
Аязы қатты Колыма,
Қаншама жанды жұтты екен,
Қалдырмай белгі соңына?

Магадан деген маған ба?
Нөмірлер ілген баған ба?
Тарландар тордан телміріп,
Тағдыры қалған табанда!

Хандыға бөлкім, қан доға?
Алданға қаның тамды ма?
Қаншама нахақ қан ішіп,
Құмарың, заман, қанды ма?

Қол үзіп қиқу, дүбірден,
Күйініп өткен күбірмен,
Сағым боп кеткен сырттанның,
Сарыны келер Сібірден!

Жүз тоқсанға толғанда асыл Толстой,
Ұлан-асыр жасайтындай орыс той,
Ғасырларды жалғастырған арыстан,
Алға асырып данышпандық өрісті ой!

**БЕЛАРУСКІ НАПЕЎ.
БЕЛОРУС ӘУЕНІ.
BELARUSIAN CHANT**

Қара қазаққа мадақ

Өмірлерін еңбекке арнағандар,
Москваның маңына бармағандар,
Нарық қысқан заманда тарықса да
Несібесін адалдан аулағандар,
МТЗ Беларусты гүрілдетіп
Егін салып, шалғында аунағандар,
Қара жолдың ақ шаңын аспанға атып
Москвичпен салдырлап заулағандар,
Желдіртіп Жигулиді күні-түні
Такси болып қатардан қалмағандар,
Оларды осал ғой деп ойламаңдар
Оңай олжа табатын оңды адамдар,
Ауылда қара қазақ аман болса
Тілек те, тіл де тура жолда болар!

Ода простому казаху

Жизни посвятившие труду,
Не шагавшие по Москве,
Во времена рынка пережившие тяготы,
Но заработавшие свой хлеб честно.
На рокочущих железных коней - «МТЗ Беларусях»,
Сеявшие хлеб, косившие сено,
Подняв до небес белую пыль на степных дорогах,
Мчавшиеся на громыхающих Москвичах,
Денно и ночью не слезая с Жигулей,
Таксовавшие, не отставая от времени,
Трудяги славные!

Не считайте их немощными простаками,
Господа, имеющие легкие доходы.
Если простой казах в ауле будет жив-здоров,
Будут наши помыслы и язык на правильном пути!

*\ Подстрочный перевод автора. *

**УКРАЇНСЬКИЙ НАСПІВ.
УКРАИН ӘУЕНІ.
UKRAINIAN TUNE.**

Гүлбанудың биіктігі

Өмір – жұмбақ, үйлесім мен қайшылық,
Күн батады, бір жағынан ай шығып...
Өсті ауылда жетпісінші жылдары
Он үш жасар Гүлбану қыз- талшыбық.

Сұлу еді, сұнғақ еді сымбатты
Сүйетін-ді әсем әнді, ырғақты,
Асыл еді, асқақ еді арманы
Ғашық еді бұл өмірге тым қатты.

Асық ойнап, доп қуалап таласқан
Балалыққа асыр салу жарасқан,
Құрбыларын таңдандыра өрмелеп
Аңғалдықпен шықты бір күн ағашқа.

Зау биікте қолын бұлғап тұрады,
Абайсызда оңбай бірақ құлады,
Озмыш бар ма тура келсе жазмыштан
Омыртқасы отыз жерден сынады.

Жанталасып әрең қағып иегін
Жағалады өмір-өлім жиегін,
Дәрігерлер алып қалды ажалдан
Жинастырып, гипстеді сүйегін.

Бала көңіл білмейді ғой мұңдану
Бал секілді оған қолда тұрған у,
Құлантаза айықтым деп аурудан
Алаң болмай оқи берді Гүлбану.

Қарағайдай түзу болсам деуші еді,
Сәмбі талдай нәзік болсам деуші еді,
Қыран ұшқан құзар шыңға құмар боп
Қаршадай қыз бойың көкпен өлшеді.

Барын салып дәрігерлер жазғанмен
Амалы жоқ...Көзге сап-сау болғанмен,
Күннен күнге бара жатты қисайып
Биіктікке бойын қанша созғанмен.

«Мұндай сұмдық болатынын білмеп ек», -
Дейді үлкендер... Енді жылап не керек?
Қыр арқасы қисық бітіп, қор қылып
Балдырған қыз болды мәңгі мүгедек.

Бір әпкесі, бар еді бес ағасы,
Жоқ бірақ та қолдан келер шарасы,
Күйігіне шыдай алмай қызының
Қайтыс болды атасы мен анасы.

Адамзаттың жігерінде бар ма шек?
Шектеу болса ерліктерге бармас ек,
Мектептен соң түсті оқуға Гүлбану
Таңдап алған мамандығы- фармацевт.

Жалдап тұрды Алматының шатырын
Дәмін татты тер мен табан ақының,
Күдер үзбей келер күннен, мұңайып
Аптекада істеп жүрді ақырын...

Отыр еді кешке тамақ пісіріп,
Дауыс шықты зәре-құтын ұшырып...
Бормотуха ішкен кеше көрші орыс
Өлейін деп жатыр екен қысылып.

Жоқ еді оның тірі жанға зәбірі,
Басқа жақта бала-шаға, бауыры,
Таза спиртті тамызғанда аузына
«Уh!» - деп барып, соқты қайта тамыры.

Көзін ашып, қимылдады еріні,
Keң ғой, шіркін, даламыздың пейілі,
Жалғыз алқаш кәрі орысқа жаны ашып,
Түсті кемтар қазақ қыздың мейірі.

Өшпегесін өмірінің шырағы
Дәдә Миша тірлікке бет бұрады,
Жаман арақ ішсе уланып қалар деп
Таза спирттен әкеп беріп тұрады.

Талғамайтын бұрын сары, қызыл деп
Жаман ғадет Миша ағайда бүгін жоқ,
Аздап-аздап спирт ішіп, күн көрді,
Алғыс айтып, бақытты бол, қызым деп.

Совет елі айналмаған бөтенге
Коммунизм тұрған кез ғой көкейде,
Әйелі кеп алып кетті бір күні
Украина – қазіргіше шетелге.

Өте берді күн артынан күн жылжып,
Бір-ақ сәттей кейде уақыт бір жылдық,
Дәдә Миша іздеп кепті бір күні
Бір мұңлыққа сүйеу болып бір мұңлық!

«Құрбандығы болсам да ата салтының
Баласы едім батыр орыс халқының,
Жақынымның бәрінен де көрмеген
Жақсылықты сенен көрдім жарқыным!

Бұл өмірде біраз жерге барыппын,
Ақырында бәрінен де жалықтым,
Бала-шаға, әйеліммен табысып
Ем-дом жасап, ауруымнан айықтым.

Көрші болдым бір емшімен мен дейді,
Қырық жылғы бүкірлікті емдейді,
Келсін деді, сен туралы айтып ем,
Жүр менімен, жазыласың сен!» - дейді.

Есі шығып, қыз не дерін білмейді,
Миша айтады: «Оны көп жұрт іздейді,
Қисық бітіп, қатып қалған сүйекті
Сылап-сипап, сымдай тартып түзейді!

Күлпәрә боп, теріс бітіп, шор басқан,
Жон арқаға өркештей боп жармасқан
Сар сүйекті саздай илеп жазатын
Сиқыры бар, сан ғасырдан жалғасқан!»

Нанарын да білмейді қыз, нанбасын,
Күмәні жоқ, ағай неге алдасын?
Ем қона ма ескі ауруға – сол уайым,
Нар тәуекел, көре жатар барғасын!..

Айтса айтқандай, қайырымды шал екен,
Кемпірі де Иванына пар екен,
Халық емін атасынан үйренген
Өзіне аян құпиясы бар екен.

Емшілердің құрметке бір лайығы,
Кемелденген парасаты, пайымы,
Жұмсарта ма өз жүйкесін, кім білсін,
Ішеді ептеп... Осы ғана айыбы.

Әр нәрсенің бар ғой жауап, сұрауы,
Сырқат, бәлкім, жаратқанның сынағы...
Күтірлетіп күдірейген арқасын
Тәуіп алты ай маймен сипап, сылады.

Буын, буын – бәрін қозғап, баптады,
Төзімді деп түз баласын мақтады,
Кемпір-шалға көмекші боп тірлікте
Дала қызы дәм мен тұзын ақтады.

«Қатқан сүйек қалай ғана бүгілмек,
Бүгілмесе, жөн бе өмірден түңілмек?»
Шерлі жанды жұбандырды Ваня атай,
«Шешуші сәт, келді қызым, бүгін» - деп.

«Алты ай бойы дайындадым қарағым,
Тәуекел ғып, дерт шипасын табамын,
Өзім ғана құпиясын білетін
Ергіндіге екі сағат саламын.

Жібіген соң әбден балқып буының
Әр сүйектің салам тауып орынын,
Қалпына кеп қатқан кезде қайтадан
Сұңғақ бойлы, сұлу болмақ порымың!»

Ергіндіге ептеп қызды салыпты,
Жеңіл, жылы жамылғысын жауыпты,
Сәтін тосып, байыз таппай жүрген шал
Ішкен екен... Мас боп ұйықтап қалыпты!

Тағдыр жолы бір өткелге таянды,
Оның сыры тек құдайға аян-ды,
Қалғып кетіп балбыраған бейбақ қыз,
Таң алдында кенет шошып оянды.

Демі бітіп, қара терге малшынған,
Айқай салды жан шыдатпас шаншудан,
Өне бойы от боп күйіп барады
Сүйектері секілді оңбай жаншылған.

Шал да оянып, жеткен екен алқына,
Жидіп түскен бер терісі, жарқырап,
Көрініп тұр балқып кеткен сүйегі,
Қатып қалған... келмейді енді қалпына.

Күле алмайды еңсе тіктеп шалқалап,
Жүре алмайды шақырса да шартарап,
Өксіп-өксіп өмір сүрмек жас сұлу
Өз тағдырын еркесіндей арқалап.

Шал күйініп, тоқпақтады өз басын,
«Кеше гөр!» - деп, төкті көлдей көз жасын,
Оңалмады оған бірақ, амал не,
Бастан бақыт, сәттен уақыт озғасын.

«О, құдайым! Мені қайда бастадың?
Бір бейбақты кемтар қылып тастадым,
Өмір бойғы жақсылықты жоя ма
Жазатайым жаза басқан қас-қағым?»

Сал боп жатқан қанша адамды тұрғыздым,
Омыртқасын түзеп тура жүргіздім.
Мейірбанды дана тәуіп атанып
Обалына қалдым ақыр бір қыздың!»

Қыз түсінді зар жылаған жан мұңын:
«Мойныңа алма ауырлықтың барлығын,
Болмайды екен қайтып қолмен түзеуге,
Әу басынан қисайған соң тағдырым!»

Таң алдында екі ғаріп зарлады
Жана беріп қайта сөнген арманы,
Тілге келді біраздан соң ақырын
Есін жиып емшіліктің тарланы.

«Келді саған зор жақсылық жасағым,
Күйігінді енді қалай басамын?
Өмір бойы азық болар жаныңа
Емшіліктің барлық сырын ашамын.

Бейнеттің де болар, бәлкім, өтеуі,
Бұл құпия жансерік боп кетеді,
Ұстай білсең қасиетін қадірлеп
Керегің мен мерейіңе жетеді!»

Жеті жылдай мекендеді жат жерді,
Төкті аямай шәкірт ақ тер, көк терді,
Атасымен адам емдеп жүргенде
Неше түрлі жағдайға да тап келді.

Көрді басшы, генералды, әскерді,
Спортшыны, спецназды, актерді
Тіліне де, дініне де қарамай
Сынған, шыққан сүйектерін сап берді.

Тірей қалып сұқ саусағын бір жерге,
Ауру сырын айырады қыз демде,
Аһылайды ақ аюдай алыптар
Бармақтай қыз арқаларын үзгенде.

Омыртқалар...Закым көрген, ұшынған,
Қиқы-жиқы, ию-қию, қысылған,
Бұратылған нар жігіттер түзеліп
Сүйді қыздың саусағының ұшынан.

Разы болып, «атақ, ақша ал, - деді,
Украина - біздің елде қал,»- деді,
Бір жымыып ілтипатпен дегдар қыз,
Менің туған қазақ елім бар, -деді.

Маңдай алды мықты тәуіп атанды
Сыннан өтіп, сертификат қоса алды,
Алғыс айтып, рұқсат сұрап ұстаздан
Елге оралып, емханасын ашады.

Көңілінен алыс тұрды бұлдану,
Ізгілікте шындап жарыс қылды ару,
Қарағаштай қатып қалған арқаны
Сәмбі талдай майыстырды Гүлбану.

Үміт артқан әр күніне, әр айға,
Шипалы қол дәру болды талайға,
Өзгелерге шарапаты тигенмен
Өзін емдей алмайды екен алайда!

Омыртқа деп өмір әнін салғандай,
Омыртқасыз өмір бізде бар қандай?
Бауырлардың бақыты үшін балғын қыз
Өз сымбатын құрбандыққа шалғандай.

Өркендерім түзу өсіп, өнсін деп,
Еңбек етіп, ет жүрегі дүрсілдеп.
Қанша адамды кемтарлықтан құтқарған
Гүлбануды ел айтады ерсін деп!

Алды жұрттан ағыл-тегіл алғысты,
Қанаттанып иманды қыз алға ұшты,
Бой ұсынып бұйрығына Алланың,
Бағы жанды, бала сүйді, жар құшты!

Рухы сынбай, жолдан өтіп шыңдалу
Биігіне шықты осылай Гүлбану,
Ақынға да құдайдың бір сыйлығы-ау
Мейірбанды адам жайлы жыр жазу!

**CANTO BRASILEIRO.
БРАЗИЛИЯ ӘУЕНІ.
BRAZILIAN TUNES.**

Игуасу

Тау кернеп,
Тастан өрлеп,
Үңгіп асу,
Білмейтін аққан сайын
Бір жуасу,
Ең жойқын сарқырама
Жаһандағы,
Мың құлаш биіктігі
Игуасу!
Игі су,
Игі асумен үндесетін,
Үндістің
Үздіктірген күй дуасы,
Орғиды
Бір жартастан бір жартасқа,
Ғажайып,
Табиғаттан сый бұл асу,

Жылжып кеп,
Шұңғымаға жығылатын,
Мұнарлы уақыт-мұңға
Мың куә су!

Пәле мен Пеле

Бразилия!
Жерің байтақ, кең елің,
Кім білмейді
Амазонка өзенін,
Ес білгенде
Естіп едік алыстан,
Есімдерін
Гарринча мен Пеленің!

Теңбіл допты
Өнер көрген өрен көп,
Бала күнім,
Ертелі, кеш тебем кеп,
Ағаларым
Мақтаушы еді мені де,
Пәлі! Пәлі!
Мынау пәле!
Пеле деп!

Не бір патша
Арманына жетпеген,
Ала алмаған
Жердің жүзін отпенен,
Пәлі!
Пәлі!
Пеле қандай пәле еді,
Жұмыр жерді
Шыр айналған доппенен!

Ала допты аялаған
Алақан,
Маракана,
Мадақнама,
Дара, паң,
Теңбіл доптың
Сиқырына арбалып,
Мұратына
Талаптанған балақан.

Жас талаптын
Көзінен от көремін,
Жоқтан емес,
Доптан тапқан керегін,
Жерге түспей,
Шыр айналып жүр әлі,
Әуелетіп
Тепкен добы Пеленің!

Пале и Пеле

Бразилия!
Широка страна, бескрайняя земля.
Все знают славную реку Амазонку.
С раннего детства нам дошли издалека,
Имена Гарринчи и Пеле!

Дети считают искусством и любят круглый мяч.
Малышом я тоже с утра до вечера играл неустанно.
Старшие хвалили меня восторженно:
Пали! Пали! Этот - пале, как Пеле!

Много царей не достигли своей мечты,
Не смогли захватить всю землю мечом.
Пали! Пали! Какой Пеле пале – молодец!
Объяввший круглую землю круглым мячом!

Прославляет пятнистый мяч всему миру.
Маракана – гордый, неповторимый.
И дети, околдованные круглым мячом,
Устремляются к вершинам мечты!

Я вижу огонь в глазах мальцов,
Ищущих свою мечту с мячом.
И летит над земным шаром еще,
Круглый мяч Пеле, пущенный в небо!

Пали – восклицание. \браво! здорово!

Пале – дословно – беда, проблема. Переносно – мастер – дока, умелец – ураган. \Подстрочный перевод автора.

Карнавал

Талғамдарды
Таң қалдырған карнавал,
Толғандырар
Сан ғасырлық арна бар,
Қызыл, жасыл,
Таңғажайып дүние,
Карнавалдан
Орныңды дәл таңдап ал!

Карнавалда былқылдаса
Ламбада,
Сылқылдайды
Сәмбі талдай самба да,
Жорғасынан
Бір жаңылмай ырғалған,
Пайдасы көп
Сымбатқа да, санға да!

Өмірінің базары да
Карнавал,
Өнерінің ғажабы да
Карнавал,
Дүниенің қызығынан
Құр қалмай,
Билеп бар да,
Керегіңді қармап ал!

Біраз елді
Құмар қылған карнавал,
Қасиеті
Жанында бар, қанда бар,
Ұлы мұхит
Бимен толқып тұрғанда,
Рио, сенде
Айтшы, қандай арман бар!?

日本の詠唱
ЖАПОН ӘУЕНІ.
JAPANESE CHANT.

Саори мен Каори

*Еркін күрестен үш дүркін
олимпиада чемпионы,
он үш дүркін әлем чемпионы
Саори Йошида мен
төрт дүркін олимпиада чемпионы,
он бір дүркін әлем чемпионы Каори Ичога*

Самурайдың семсеріндей
Саори,
Арулардың көркеміндей
Каори.
Таңдай қағып,
Қол соғады бар әлем,
Жер мен мұхит,
Мұхиттағы маори!

Ягуардай
Сарт еткізіп Саори,
Кугуардай
Қағып түсер Каори.
Көз ілеспей қимылына,
Қайран боп,
Басын шайқар,
Баға берген дара би!

Асқақтатқан
Дүниеге өз жұртын,
Еліктейді,
Оларға сан қыз –қырқын.
Әлем тұрып,
Чемпионы Олимптің,
Біреуі төрт,
Ал біреуі үш дүркін!

Мықтылары
Бар әлемнің тірескен,
Мұнша алтынды
Кім алыпты күрестен?

Чемпионы
Алты бірдей олимптің,
Кротондық Милон ғана
Тұр есте!

Тірі жаннан жеңілуді
Білмеген,
Ширек ғасыр
Олимп төрін бермеген,
Көтеріп ап
Бір бұқаны күн сайын,
Жүгіргенде
Ойдан қырға өрлеген!

Ол еркек қой...
Ал нәзік қыз екеуі,
Атақ-даңқы,
Ай әлемге жетеді.
Жер жаһанға
Жақсы атты ғып жапонды,
Елдің туын
Ерлігімен көтерді!

Қыздар қандай,
Сыннан қайтпай, беттеген,
Ата жолы,
Ерлік рухпен көктеген,
Екеуінің
Жетістігі айрықша,
Ешбір палуан
Бұл әлемде жетпеген!

Жұлқысқанын
Жұлып алса Саори,
Бұлқысқанын
Бұрап тастар Каори.
Арулары
Алысқанда әлемнің,
Боз кілемде
Тудырғандай жаңа би!

Сара жолдан
Жаңылмаған Саори,
Ата заңын
Қабылдаған Каори,

Қол ұстасқан
Қос аруы жапонның,
Тарту сізге
Дархан өлең, дала күй!

Саоридің
Әдістері бөлекше,
Каоридің
Күші қандай ерекше.
Сүйіндірген
Сымбаты мен келбеті,
Баян сұлу,
Құртқа мен Ай – Шөрекше!

Өмір мәнін
Тапқан күрес - сапардан,
Өз ісінің
Данышпаны атанған.
Жақсы көріп
Палуан жапон қыздарын,
Сәлем жолдап,
Жырға қостым жапаннан!

**DEUTSCHE MOTIVE.
HEMIC ӘУЕНДЕРІ.
GERMAN TUNES.**

Түн басқан таудың жұмбағы...

Гетенің жырын түн сүйген,
Көкейіне кім түйген?
Үйлесім тапса ізгі жыр,
Туады мың күй бір күйден.

Лермонтов, Гете, Абайдың,
«Қараңғы түні» талайды,
Тұңғиық ойға батырып,
Серігі болған сан айдың.

Түнекті жарған жыр-ағын,
Ғаламға төкті шуағын,
Таба алмай, іздеп келеміз,
Түн басқан таудың жұмбағын!

Берлинде: Адасу мен жол табу.

Ұмтылыңдар,
Көп тіл білсең, қор қылмас,
Біреу езіп,
Миларыңа бор құймас,
Деп оқытқан
Неміс тілін мектепте,
Әлі есімде,
Хенде хох пен дер, ди, дас!

Қыс қыраулы,
Қызығына батып көп,
Қардан бомбы жасап алып,
Атып кеп,
Құрбыларды
Қуып тықсақ қуысқа,
Қуанушы ек,
Бітті Гитлер,
Капут деп!

Алалық жоқ балалықта,
Бір айым,
Неміс қызға әзілдеуші ек,
Фрөйләйн,
Фраулар кеп,
Нәйн дейтін, әй, бала,
Зер гут, шөйн...
Естен шықпай жүр дәйім.

Біз ғана емес,
Бүкіл ғалам сенген іс,
Сол сенімнен
Туған үлкен сенделіс,
Капиталдың
Капитаны секілді,
Комманифест
Жазған Маркс, Энгельс.

Абай атам
Дәл аударған бейнелі,
Өлең тұнған меңзейді екен
Ой нені,
Кемісі жоқ жыр жемісі

Немістің,
Сүйіп өстік,
Гете менен Гейнені.

Тағдыр жолы
Апармайды қай тұсқа,
Оған өлшем бола алмайды
Ой қысқа,
Әкем барған
Бір заманда қарумен,
Мен де бардым
Кітап ұстап Дойтышқа!

Болса егерде ниет түзу,
Ойың шат,
Бар адаммен
Болатындай бойың шақ,
Боздақтарға
Дұға қылып Берлинде,
Өлең оқып,
Достық дедік,
Фройндшафт!

Берлин байтақ,
Кеттім бір сәт адасып,
Бір топ неміс
Келе жатыр жарасып,
Жөн сұрадым,
Заген, битте,
Ферлауфен...
Күлді бір қыз,
Жылы жүзбен, жаны ашып:

«Қазақсыз ба?
Сағындық қой сіздерді,
Арқа-жарқа,
Аңқылдаған күндерді,
Қимасақ та кең даланы,
Отанға,
Уақыт желі
Әкелді айдап біздерді!»

Қас-қағым сәт,
Талай сырды бөлістік,
Жерлестерім,

Жан сияқты ең ыстық,
Қанша заман
Жат саналған Берлинде,
Қазақ, неміс,
Құшақтасып көрістік!

Көңілінің
Шуағымен бөлісті,
Адастырмай,
Жолымды айтып берісті...
Арғы жағы тұңғиық ой,
Толғаныс,
Тағдыр солай,
Қосқан қазақ, немісті!

Берлин. Заблудшие и нашедшие путь

«Стремитесь сами,
Чем больше языков будете знать, тем лучше.
Вам в голову никто не вливает знания!»
Так говорили и немецкому в школе учили нас.
До сих пор помню,
Хенде хох и дер, ди, дас!

Зимой мы играли азартно, с интересом,
Из снега создав бомбу, бросая,
Загоняли друзей в тупик,
И радостно визжали: Гитлер капут!

У детей нет корысти...
Красотке милой,
Немецкой девченке мы шутя говорили,
Фройляйн.
Фрау остерегала нас : Мальчишки, няйн.
Помню, мы отвечали: Зер гут, шейн.

Не только мы,
Поверил весь мир в дело революции,
И последовало столько потрясений,
Казались капитанами капитала,
Написавшие Комманифест Маркс и Энгельс.

Наш Абай перевел точно и образно,
Стихи полны мыслей и чувств,
Творения немецкой совершенной поэзии,
Мы росли, подюбив Гете и Гейне.

Судьба направляет человека куда угодно,
Однообразной мыслью это не объяснить.
Когда-то мой отец пришел сюда с оружием,
И теперь я пришел в Дойчланд,
Но с книгой!

Если у тебя помыслы чисты и мысли светлы,
То ты станешь равным со всеми людьми.
Мы читали молитвы нашим предкам в Берлине,
И читали стихи о дружбе - Фройндшафт!

Берлин большой,
И заблудился я вмиг,
Смотрю, идут немцы, весело шумят.
Я обратился к ним:
Заген зи, битте... Ферлауфен...
И одна девушка засмеялась,
Добродушно:

«Вы казах?
Соскучились мы по вас.
Помним дни наших бескорыстных общений.
Хоть жаль было расставаться со степью,
На Родину,
Ветер времени и перемен привели нас!»

Прекрасный миг,
Столько трогательных слов,
Мои земляки кажутся самыми близкими,
И в Берлине, который давно считался чуждым,
Казах и немец,
Обнялись по дружески!

Поделились душевной теплотой,
Указали мне правильный путь...
Если посмотреть поглубже,
Здесь столько волнующих мыслей,
Как история и судьба,
Свела напрочь казахов и немцев!

\ Подстрочный перевод - автора Баянгали Алимжанова.

Қазақтың келіні

Құдайдың кең жаратқан ғаламында,

Туса да жердің қилы тарабында,
Табысқан тағдыр айдап талай адам,
Аңыз көп олар жайлы даламызда.

Кім білсін, тері ащы ма, сор басты ма,
Фашистер жеткен кезде бел астына,
Сталин жер аударып, Еділ жақтан,
Келіпті бір топ неміс «Кеңашыға».

Ерлері жүрген соғыс алабында,
Батса да елмен бірге дала мұңға,
Немісті ауып келген дұшпан демей,
Қарасқан жағдайына, қабағына.

Бір сұлу, төзген тағдыр азабына,
Сонда да сенген өмір ғажабына,
Жылқышы Қабдөш оның болды ғашық,
Мөп-мөлдір, көк аспандай жанарына.

Жас дәурен, думан, дүбір, қызық күнде,
Қалады қыз дегенде ырық кімде?
Ілінді неміс қыздың кірпігіне,
Тізгіні тұлпарының тұнық түнде.

Неміс қыз, найзадай тік, ұзын бойлы,
Саналы, жарқын мінез, түзу ойлы,
Даланың батыр ұлын ол да сүйіп,
Сертіне жүрегімен қолды қойды!

Екеуі сөз байласты қосылмаққа,
Аттанып жаңа өмірге, жасыл баққа,
Әкесі Ермағамбет естігенде,
Тулады, көнбеймін деп тосын затқа!

Ерекең, ақкөңіл жан, алаңғасар,
Жері жоқ тірі жанмен жамандасар,
Кезеңге келді тағы тағдыр жазып,
Белгісіз жаңа жолға қадам басар.

Шалдардың хикаясы теңіз, дастан,
Ерекең өткізбеді нені бастан,
Намаздың есебінен жаңылып қап,
Оқитын орта есеппен сегіз бастан!

Көңілде сұм соғыстың даты бар-ды,

Денеде - жарақаттың таты қанды,
Қабдөш пен Полинаға рұқсат бермей,
Ақсақал көлденеңдеп жатып алды:

«Таптаған табанына жемісімді,
Тарылтқан тыныш жатқан өрісімді,
Тұқымын туысқанның тұздай құртқан
Көрмеймін ата жауым немісінді!

Атанның ақыл сөзін тыңда, балам
Күні ертең қаңқу сөзбен сынға қалам,
Кешегі қас дұшпанмен қан төгіскен?!
Мен қайтіп төс қағысып, құда болам?!

Қой деді, неміс қызды, тиыл,- деді,
Әйтпесе, арғы жағы қиын!»- деді,
Әкенің әр сөзінің астарынан,
Заманның соғып тұрды құйын демі.

Көрінбей әкесі мен шешесіне,
Аңсаған аяулының көшесіне,
Тартады көз байлана Қабдөш батыр,
Махаббат қарата ма пәшесіне?!

Бәрінен неміс қызын тәуір көрді,
Дүрілдеп, дәурен сүрді, дәуірледі,
Аялап бірін бірі ала жаздай,
Аяғы Полинаның ауыр болды.

Халыққа барлық жағдай жария боп,
Жиылып апалар мен қария көп,
Полина иман айтып, дінге кіріп,
Ат берді қазақ оған Мәрия деп.

Некесін екі жастың қиды қажы,
Ерекең тырп ете алмай, болды разы,
Бастады жаңа тарих жас өркендер,
Қаһарлы қыс артынан келді жазы!

Мәрия жан жарымен жылқы бақты,
Еңбек пен махаббаттан бағын тапты,
Көкшетау аймағының барлық халқы,
Қолынан бал қымыздың дәмін татты!

Атанды еңбегімен ер Мәрия,

Қымызы ағыл-тегіл көл дария,
Аяулы ана болған он балаға,
Келінге берді бата ел, қария.

Далада сайрап жатқан өрісті ізі,
Өсірген махаббатпен жемісті ізгі,
Қазаққа келін болған, ана болған,
Мәриям Полина деген неміс қызы!

Дүбірлі мекен болған асылдарға,,
Бұйығып, бүгін үнсіз жатыр дала,
Атанып еңбек ері Қабдөш ағам,
Мәриям болды нағыз Батыр ана!

Аянбай, терін төгіп даласына,
Толтырған сары қымыз сабасына,
Мәриям неміс қызын ардақтайды ел,
Айналған бір әулеттің анасына!

*Этот стих о казахском джигите – молодце, который сразу после Второй мировой войны женился на немецкой девушке-красавице, невзирая на все преграды и предрассудки. У них – одиннадцать детей и они вместе прожили долгую, счастливую жизнь. \ Автор. *

TÜRK EZGILERI. ТҮРІК ӘУЕНДЕРІ. TURKISH TUNES

Ақтеңіздің айдыны

Көкжиек кернеп,
Керіліп жатқан көк теңіз,
Қиялға мініп,
Шегіне жүзіп жетсеңіз,
Көңілдің күйі,
Өмірлік түйін табар ма,
Теңізді кешіп,
Тереңін сүзіп өтсеңіз.

Жерорта теңіз
Кіндігі жердің дегенде,
Қазығын меңзер,
Қағылған мықтап тереңге,
Жер-көкке сыймай
Шалқыған шалқар дүние,
Сыярсын қайтіп,

Бір тамшы сия - өлеңге?!

Түріктің әні
Түн түріп мұнда шырқаған,
Түреді құлақ,
Жаһаннан келген жұрт оған,
Жағаны соғып,
Ақ көбік атқан көк толқын,
Шегінен асып,
Кетпесін біліп бұрқаған!

Құбылып теңіз,
Нұрымен күннің мың ірет,
Тербейді көңіл,
Ғажайып шексіз сүгірет...
Дүниеге сыймас
Телегей-теңіз жойқынды,
Ыдысын тауып,
Сыйғызып қойған құдірет!

Тұзды су неткен
Тап-таза, мөлдір...
Қолға алам,
Теңізден қуат,
Іздеген жандар толғаған,
Адамға қуат,
Сыйлай бер, аман Ақтеңіз,
Ортасы жердің
Ойылмай тұрса, жер де аман!

Белектің жасыл желегі

Жамылған жасыл желегін,
Белгілі мекен Белегім,
Белестен өткен берендер,
Белектен табар керегін,
Береді екен бір күнде,
Бір жылға жетер қорегін,
Тамашалайды, таңданып,
Тамырлы түрік терегін,
Бір көрген адам ұмытпас,
Белектің жасыл желегін,
Жағада жүзер, қиялмен,
Теңіздің сүзіп тереңін,
Көк теңіздің түбінен,

Өткеннің іздеп дерегін,
Сағымы бұлтпен ойнаған,
Сары даладай көремін,
Шалқыған байтақ Ақ теңіз,
Сағынып тағы келермін!

Түнгі теңіз тынысы

Қараңғы түнде Ақ теңіз,
Тыныштық таппай, тыныстап,
Күрсініп қойса тереңнен,
Керілсе, бойы құрыстап.

Тұңғыық қуат қозғалып,
Көк теңіз көкке талпынып,
Атады толқын, толғанып
Толған айға тартылып.

Қорғасын ырғақ дүрілдеп,
Жер мен көк түгел дірілдеп...
Теңіздің түнгі тынысын,
Еске алып жүрер күнім көп!

Теңіз тастары

Теңізден шыққан майда тас,
Мекенің сенің қайда тас?
Асыр салып айдында,
Толқынмен болған майдандас,
Жасаймын десең әдейі,
Қолдан да бұлай қайралмас.

Не деген әсем,
Қайранмын!
Түбінен сүздім қайраңның,
Сан бояу сәнмен үйлескен,
Табиғат – шебер,
Ойландым,
Сырыңды айтшы, майда тас,
Қай жерде, қалай қайралдың?

*31.07.- 6.08. 2018ж. Түркия,
Жерорта теңізі. Анталия. Белек. Патиллон.
Зюгма демалыс үйі. 29.10.2018ж. Астана.*

Анадолы

Түскенде қазақ,
Тағдырдың қара жолына,
Айналып барған,
Алтайдан Анадолыға.
Қан кешіп, қажып,
Барғанда бабаң, басқа жер,
Анадолыдай,
Анадай пана болды ма?

Аяздай заман,
Қысқанда қазақ үріккен.
Арқардай ауған,
Алысып тұман күдікпен.
Таулардан асып,
Тайғақтан аман өткені,
Тірегін тапқан,
Түбі бір туыс түріктен!

Құшағын жайып,
Қарсы алған қазақ қандасын,
Түріктің елі,
Мың алғыс саған, қардашым!
Тамырын тауып,
Тұранның түгел тұқымы,
Балбалын танып,
Бабалар жолын жалғасын!

भारतीय मंत्र ҮНДІ ӘУЕНІ. INDIAN CHANT

Гималай

Төбесін мәңгі мұз бен мұнар басқан,
Гималай асқарынан кім бар асқан?
Қара жер қазығындай таудың рухы,
Жалғанда жалпағынан шұбап жатқан.

Қырандар мекендейді Гималайды.
Үлкен тау күйкентайды сыйламайды.
Ерендер көкке құмар барын салып,
Тегіннен тегін жанын қинамайды.

Дара шың - Джомолунгма көк тіреген,
Ақпар жоқ, басынан құс өтті деген.
Дүние төбесіне бір шығуды,
Дүрлер де, дүлейлер де көп тілеген.

Шыңға тие бергенде иектері,
Қапыда тайып кетіп тиектері.
Мәңгі мұз құшағында мумие боп,
Талайдың тауда қалған сүйектері.

Қайтсем де биігімді алам деген,
Алмасам, соған құрбан болам деген,
Адамға өр мінезді тоқтау бар ма,
Ерлермен алға басар заман деген!

Адамды биіктікке даңқ бастаған,
Жабдықтап мемлекет пен заң қостаған.
Ішінде Хиллари мен Нөргей де бар,
Келді топ Гималайға Хант бастаған.

Мұзарт шың еліктіріп ерікті ерді,
Мұздақты, ескен желді серік көрді.
Өрені өркениет жолдас етті,
Ерекше тау баласы шерптерді.

Эдмундтың екі метр бойы қандай,
Таулармен бой таласар ойы қандай!
Ал Тенсиннің тынысы тарылмайтын,
Биікте үш өкпесі сайлы жандай!

Хиллари деді бірақ: «Жүк артам ба?
Алып ел аманаты тұр арқамда.
Өзімнің досымменен аттанайын,
Жат жұртпен байланбайын бір арқанға!»

Бұл сөзді кесіп тастап, көнбеді Хант:
«Жүрмейді биіктікке жердегі салт!
Шерпсіз шың басына шыға алмайсың,
Оларға төзім, қуат бергені хақ!»

Сабырмен салқын ойдан сақтандырды,
Мақсатты, мұндай ұлы, мақтан қылды.
Тағдырын екеуінің бір арқанмен,
Қосақтап, асқар тауға аттандырды.

Сақадай, құрал-сайман алған сайлап,
Амалдап өтуді ойлап жолдан тайғақ.
Қапы кетсе, қалады бір қуыста,
Бір сәтте бақыт-ғұмыр қолдан таймақ!

Қанша рет қауіп, қатер төніп келді,
Тайдырып, жұтпақ болып серіктерді.
Бір-бірін тар қуыстан тартып шығып,
Қар басып, қатып жатқан өлік көрді!

Ерлердің тегін емес өлімі шын,
Күрескен жеңу үшін, өмір үшін.
Ұмтылды солар үшін, өздері үшін,
Бір кезде қол созымда көрінді шын.

Тістеніп, өршелене беріпті өрлей,
Үрейлі жел мен мұзға ерік бермей,
Ең алғаш шықты ғалам шатырына
Ағылшын Хиллари мен шерп Нөргеі!

Төбесі бар әлемнің, жердің көркі,
Екі адам сияды екен емін-еркін.
Биікке құштар адам баласына,
Бұл ерлік берді қуат, берді серпін!

Жаттық жоқ, бір жылылық сезіледі,
Ақ таулар алақанда көрінеді.
Ең биік шыңға шықтың, ей адамзат,
Іздейсің төмендіктен енді нені?!

«Көкпеңбек аспан неткен! - дейді Нөргеі,
Дәл мұндай тұңғиық көк келдім көрмей!»
Дүние қандай таза, қандай шексіз,
Құдайым оған мәңгі өмір бергей!

Шыныққан шындық шыңнан басталатын,
Шынайы шымыр жандар дос табатын.
Қуанып, құшақтасты екі қыран,
Кең жайып дүниеге қос қанатын!

Қызықтап Хиллари мен Тенсің Нөргеі,
Төбесін дүниенің жерсінгендей.
Қарамай нәсіліне, рәсіміне,
Бір-бірін шың басында теңсінгендей!

Қалмайды шыңмен бірге, амал бар ма?
Сан сала, алуан ойлы қоғам барда...
Кей-кейде күлетіндей қарт Гималай,
Қайтадан жерге түскен адамдарға...

Абырой адамзатқа алып берді,
Еңбегін күллі ғалам танып, көрді...
Ер екен сэр Хиллари, шерптерге,
Көп мектеп, аурухана салып берді!

29.01. - 25.05.2022жс.

**КАВКАЗСКИЙ НАПЕВ.
КАВКАЗ ӘУЕНІ.
CAUCASIAN CHANT.**

Эльбрус

Қатпар, қатпар Қап тауы,
Ең биігі Эльбрус.
Шыңға қарап бой түзер,
Бітіргенде ел бір іс.

Тайталасып тау үшін,
Шатқалында болды ұрыс.
Эльбруссын бермеген,
Кетпейді екен ел бұрыс!

Аты қандай, тұнған сыр,
Албарс, ірбіс, ілбіріс?
Ақ барыс па, апырмай,
Мәні қайсы ең дұрыс?

Ай аруға бой түзеп,
Атылғандай Эльбрус.
Ақ жолбарыс ақ шыңға,
Ақ тілеумен келді ырыс.

Тайғақта табысқан вайнах

*Досым, ақын
Ғабиден Құлахметовтың рухына.*

Қан майданда
Азаматтың

Адам атын сақтауын,
Оңай деме,
Ізге түсіп таптаурын.
Темір тәртіп,
Қатал заман қайшылығы тереңде,
Біреу ақтап,
Енді біреу келістірген даттауын.
Гитлердің танктері
Еділ бойлап,
Елді жайлап алғанда,
Сталиннің бұйрығымен бір түнде,
Түп қопарып,
Көшірген ғой Қап тауын!

Ләм дегенге
Қазылады лақат тар,
Оқ аузында
Кімде қандай,
Амал, айла, тақат бар?
Топ-тобымен топырлатып,
Қауқылдаған вайнахтарды
Вагондарға артқанда,
Толқын қуған түбіртектей,
Қалтылдады,
Көк тіреген папахтар!
Қаһарынан
Көрі Кавказ күңіренген бастықтан:
«Не себепті
Қор болады нахақтар!?»
Деп сұрады қаба сақал бір ингуш,
Тау сияқты тәкаппар!

Қатал майор ұрды бастан білгішті,
Қарулы қол сақадай-сай,
Тым күшті.
Ойға келген
Көрсетуде қорлығын,
Кім есептеп,
Біліп жатыр түнгі істі?
Қаһарлана бұйрық берді,
Қазаққа:
«Былай қарай алып бар да,
Атып таста ингушты!»

Жауынгерге үнсіз қарап,

Зерлі күлкі төкті майор миықтан:
«Бір - бірінді атып бітір...
Батыр болсаң,
Бас тартып көр бұйрықтан?
Көрмей, білмей,
Тіпті, сезбей қаларсың,
Қайырымсыз қорғасын оқ,
Қадалғанын милықтан!»
Амалсыздан
Тау қыранын ер қазақ,
Алдына сап айдап кетіп барады,
Топты жарып,
Тар ұйықта булыққан!

Мейірбанды жан иесі,
Дархан ерді жын қысты,
Қысқанда да, темір құрсау
Құтқармастай шын қысты.
Амал қанша,
Ұңғысымен от қарудың итеріп,
Оңашалау қалтарысқа
Алып шықты үңгішті.
Оқып еді бала кезде
Бір орысша кітаптан,
Дәл осылай
Отаршылдар
Өлтіргенін үндісті!

Сар далада қажетінсіз,
Қой бауыздап көрмеген,
Күйін тартып, ән шырқаған,
Кір жуытпай атағына ер деген,
Қазақ ұлы,
Қара терге малшынды кеп,
Қалтырады өн-бойы:
«Қаруы жоқ тұтқынды атып,
Атанбақпын жауыз жендет
Мен неден?!»

Қаптың ұлы,
Қыран тұмсық,
Өткір көзі шұңғыма,
Кірпік қақпай
Тік қарайды
Түсі суық ұңғыға...

Кезікті өстіп жүзінде өткір
Тағдыр атты қылыштың,
Кең даланың еркін ұлы,
Тау мен таста
Тарпаң өскен мұңдыға!

Бұйрық сол деп,
Бұрқ еткізіп нахақ қанын,
Атармын да кетермін,
Жеткен жері осы болса жетемнің?
Жазықсыздың қанын жүктеп мойныма,
Өмір бойы
Жан азабын тартуменен өтермін!
Бірақ, бірақ амалым жоқ,
Көк желкемнен
Қатал бұйрық төніп тұр,
Орындамай нетермін?!

Тырп етуге шама қайда,
Темір зәкөн, тас тәртіп,
Шаш ал десе,
Бас алатын жындыларға
Қойған жұртты басқартып.
Қас-қағымда қағып тастар басыңды,
Бұйрығынан бұлтарып көр,
Бас тартып.

Бір дажалмен
Алысқанда бір дажал,
Темір табан тапап өтіп,
Шалажансар қалды адамдық жыр ғазал.
Қой боғындай қорғасынға байланып,
Тар ұңғыдан
Суық қарап тұр ажал!

Адам қаны
Қисабы жоқ, көл боп тұр,
Бір-бірінді қырып, жойып,
Тағдырыңды ермек қыл.
Атар болсаң бөгелмей ат,
Дәл көздеп,
Сен атпасаң,
Сені біреу атады деп,
Жүйкесін жеп,
Желкесінде,

Жеті басты жөндет тұр!
Нысанаға ілінгенде тағдыры,
Тіл қатты ингуш,
Оңай ма екен өлмек құр!

«Амал қанша,
Ат дегесін бауырды да атасың,
Аз халықпыз сіз де, біз де,
Ақ патшадан
Шеккен жәбір-жапасын.
Қияметте
Таразыға тартпай қоймас құдайым,
Адамзаттың
Қиянат пен қатасын.
Жазығымыз қанша біздің
Өкіметке отаршыл,
Ол арасы көп әңгіме,
Кейін біле жатарсың!

Қорқақ кісің мен емеспін,
Жалбарынып, ая дер,
Бірақ ойлан,
Мұсылманға
Мұсылмандық сая бер.
Мылтығыңды
Дұшпан көз ғып көкке ат та,
Нахақ қанды төкпей аман қоя бер!

Арамызда қара түндей құпия сыр,
Жасырын,
Сабасына түсер әлі,
Астаң-кестең ғасырым.
Аты-жөнің жүрегімде сақталады
Мәңгілік,
Сал қалтаңа,
Бір белгі боп
Қалсын алтын қасығым.
Хақ бұйырып, күн туғанда
Осы қасық дәнекер,
Іздеп сені тауып алам, асылым!»

«Тоқта,-деді, өзіне-өзі,-
Тағдырыңмен дүлейлерді ойнатпа,
Кез боп тұрмыз,
Біз екеуміз

Ер сыналар тайғақта.
Арыстары
Айтып кеткен Алаштың,
Ар алдында
Адамдықты айғақта!»
Гүрс еткізіп
Қиырға атты мылтығын...
Қараңғыға сіңіп кетті,
Семсер мінез вайнах та!

Өтті соғыс,
Жер жүзінде
Адам қанын селдетті,
Гитлердің соңын ала
Өлмесхандай көрінген
Сталин де мол кетті.
Қыран қазақ елге келіп,
Көп жылдан соң
Қайтыс болды сырқаттан,
Өсіп-өнді,
Ұрпақтары ер жетті...
Ауылдағы бейбіт үйге,
Кешке таман бір күні,
Папах киген ингуш келді,
Қаба сақал, тау сияқты келбетті!

Досын жоқтап,
Құран оқып,
Татқаннан соң дәм үйден,
Өткен істің
Шертті сырын жан күйген.
Ескі сандық ақтарылып,
Алтын қасық табылды,
Табысты ақыр,
Дос ұрпағы
Өр мінезді дадимен...
Содан бері бір туғандай
Болып кеттік, деп маған,
Айтып еді жас күнімде
Ақын досым Ғабиден!

2016 ж.

**MAGYAR DALLAMOK.
МАЖАР ӘУЕНІ.
HUNGARIAN TUNES.**

Будапешт

Бірі – Буда, бірі – Пешт,
Тура қонған ұлы көш,
Екі жаға жайлаған,
Бір – біріне көңлі хош!

Тұңғиығын мөлдірдің,
Шын биігін сеңгірдің,
Қиындығын құйынның
Көргені көп венгрдің!

Тарихта бір ғажабым,
Ғұн тағдырлы мажарым,
Дунай бойлап дулатқан,
Дүниенің базарын!

Жағасында Дунайдың,
Жарығына күн, айдың,
Жарқын жүзбен қуанса,
Жазғаны да құдайдың!

Қоңыр

Иштван Қоңыр Мандокидың рухына

Дәуренін сүріп,
Береке тауып Дунайдан,
Жүрсе де қыпшақ,
Далаға қарап мұнайған,
Мажардың сырын,
Бабаның жырын іздеген,
Мадиярлардан,
Мыңжылдықтардан, мың айдан.

Даладан ескен,
Самалмен жеткен Дунайға,
Жусанның иісі,
Батырып терең мың ойға.
Сыздатқан жанын
Сауалдың іздеп жауабын,
Қол созып өсті,
Арманшыл Қоңыр Қун, Айға.

Әуен де қоңыр,
Әулие Қоңыр,
Қоңыр күй,
Қоңырау емес,
Қоңырлау неге көңіл күй?
Бабадан қалған
Сабырлы сарын, сазыңды
Басады неге,
Даңғаза даңғыр тобыр би!?

Қол созған бала,
Тізбегін көздеп шыңдардың,
Ойына бойлап,
Мән беріп оны тыңдар кім,
Қоңырдың жанын,
Жасынан буған қоңыр мұң,
Аруағы шығар,
Айналып қонған ғұндардың!

Қиялы жүйрік,
Ғаламды кезіп, құс қуған,
Заманнан бөлкім,
Ертерек, әлде, кеш туған,
Іш тарта берді
Кешегі көшкен жұртына,
Іштуан Қоңыр,
Ішімнен шыққан,
Іш туған!

Қанына тартып,
Қазақтың тілін үйренді,
Жанына тартып,
Оңайша қызға үйленді,
Қобыздың үнін,
Абыздың мұңын сағынып,
Қырларды кезіп,
Даладай қоңыр күйге енді.

Сан ғасыр тұнған,
Сағыныш қандай, құштарлық,
Шығармай сыртқа,
Шыдаған ата ұстам ғып,
Аманат алған,
Қоңырды келсе түсінгің,

Туған жер үшін
Таулардан асқан құстарды ұқ!

Өтсе де жылжып,
Қаншама жылдар, қаншама ай,
Ақыры жетті,
Даланы қыпшақ аңсап-ай,
Жусан мен қымыз...
Тынысын ашып киіз үй,
Домбыра тыңдап,
Тыныштық тапты жан сарай!

Даладан ұшқан,
Қоңыр қаз дауыл шайқаған,
Айналып келіп,
Далаға қонды қайтадан,
Жусанын іздеп,
Жылаған жанды ұғар ма,
Жусанды таптап,
Жосыннан аттар майтабан.

Жер-көкке сыймай,
Жөргегін жүрек іздеді,
Ақтарып кітап,
Сарғайған көне тізбені,
Мәңгілік мәнге
Жеткендей мұңды Мандоки,
Атамекенін,
Тамырын тауып түздегі!

Дунай

Дунай,
Дунай,
Дүние-ай!

Қара орманнан басталған,
Қарғып тау мен тастардан,
Кең жазықта сабырлы,
Алғандай сабақ аспаннан!

Бауырласып он елмен,
Тоқтаусыз алға жөнелген,
Су бойлаған құр болмай,
Ен байлыққа кенелген.

Күндіз күнді, түн – айды,
Серік қылған Дунайды,
Ойға батып ой мен қыр,
Дүние мүлгіп тыңдайды.
Дөңге біткен тоғайды,
Дөңгелеп Дунай орайды.
Жайылып аққан жойқын су,
Жанға жайлы, ыңғайлы,
Жағадан ескен еркін жел
Жігерінді шыңдайды,
Айдынның серпіп айбыны,
Ұмыт болар мұң-қайғы,
Орай аққан он елді,
Кім көріпті мұндайды!?

Дунайдың даңқы – көгілдір,
Өркенін жайған өмір - гүл,
Өзегі бірге он елдің,
Өзенді сүйген көңіл бір!

Дунай,
Дунай,
Дүние-ай!

AUSTRALIAN TUNES. АВСТРАЛИЯ ӘУЕНІ.

Кенгуру

Капитан Кук
Жиһан кезген жасынан,
Жерге келді,
Желек киген жасылдан...
Қалтасына
Салып алған баласын,
Бір қосаяқ
Қарғып өтті қасынан.

Туземдіктен,
Сырға жапқан құлағын,
Капитан Кук
Мұның атын сұрады.
Кенгуру деп,
Кеңірдегін бір сипап,

Абориген
Аң-таң болып тұрады.

Қосаяққа ат қойылды,
Кенгуру,
Көрді халық,
Көңіл қойды,
Көнді ру.
Кенгуруың
Түсінбедім деген сөз,
Кетті солай,
Енді қайда оң бұру!

Неше түрлі
Жан-жануар жаралған,
Дүниені
Еркін жайлап таралған.
Арасында
Бір керемет кенгуру,
Австралия
Символы боп саналған!

Оңай болмас,
Ақыл-ойға қондыру,
Табиғатты мүмкін емес,
Жасандыға жеңдіру.
Қалтасына толтырып ап,
Баласын,
Кең аралдан
Кең әлемге
Қарғып өтті кенгуру!

**SUOMALAINEN LAULU.
ФИНН ӘУЕНІ.
FINNISH CHANT.**

Боксшының көз жасы

*Бокстан Рио және Токио олимпиадасының
қола жүлдегері Мира Потконенге.*

Финнің қызы Потконен,
Жастық қуат, отпенен.
Түсті мықтап боксқа,
Алды жүлде көптеген.
Не бір күшті шеберлер,

Потконеннен өтпеген.

Қайрап жігер намысқа,
Қолын созып алысқа.
Қырық жасар қайсар қыз,
Қаны қызып дабысқа.
Олимпиада төрінде,
Шықты соңғы жарысқа.

Армандап алтын аңсаған,
Шайқасып әбден шаршаған.
Шымыр да болса шыныққан,
Шыдата ма шаршы алаң?
Жартылай финал мінеки,
Жете алмай кеткен қанша адам!

Қолтығы әбден сөгілді,
Ащы да тері төгілді.
Бразилиялық жас өрен,
Басымдау бірақ көрінді...
Қола медаль алса да,
Мира қыз әй, бір егілді!

Шабады жүйрік бабымен,
Бәрі де дәмді уағымен.
Суомидің сұлуы,
Қоштасты жылап жанымен,
Рингте қалған жалынды,
Оралмас жастық шағымен!

**УДМУРТ ГУР.
УДМУРТ ӘУЕНІ.
UDMURT CHANT.**

Боранды апалар

Бала кезімнен
Білуші ем ептеп удмуртты,
Ойлайтын едім,
Болар деп халық кіл мұртты...
Чайковскийдің
Фестиваліне мені шақырып,
Кітапханашылар,
Танытты маған бұл жұртты.

Дәм-тұзын тартты...
Құрметті көрген паш етем.
«Перепеч» деген
Удмурттың кәде асы екен.
«Мінеки, енді,
Айналдың, - дейді, - удмуртқа»,
Яхшы боп қалсам,
Якшурдан татып «пәшетем».

Апаны бізше,
Апа дейді екен удмурттар...
Ғұндардан қалған,
Осындай бейбіт, оңды ұлт бар.
Даңғыра тектес,
Танқыра қақса, тәңірмен,
Тілдескен болып,
Марқайып қалар мұңлықтар.

Бураново деген ауыл бар,
Бізше Боранды,
Әйгілі болып,
Әнсәмбіл шыққан орамды.
Борандай билеп,
Ән салған апа – әжелер,
Әлемді шарлап,
Жұлдыз боп елге оралды!

Апалар аппақ
Аспаннан түсе қалғанда,
Жиғандай есін,
Жын қуып жүрген жандар да.
Өмірге деген
Құштарлық қайта оянар,
Әжелер билеп,
Әуелеп әнге салғанда!

Тың екен әлі,
Сөйлейді баяу, күлімдеп,
Кейбірі енді,
Қояды ептеп дірілдеп.
Сексеннен асқан,
Ең жасы тіпті жетпісте,
Сахнаға шықса,
Кетеді бірақ дүрілдеп!

Өнерсіз өмір,
Көгеріп, көктеп өнер ме?
Ежелден қалған,
Ескірмес үлгі, өнеге...
Күлімдеп көзі,
Әжімді жүзі нұрланған,
Әжемен бірге
Ән салды, билеп шөбере!

Буранные бабушки

С детства я,
Знал кое-что про удмуртов,
Думал наивно,
Что все они усатые - с муртом...
На фестиваль Чайковского,
Пригласили меня,
Библиотекари,
И познакомили с удивительным народом.

Приняли меня с хлебом - солью...
Проявили уважение большое.
Вкусил я перепеч,
Удмуртское угощение традиционное.
« Вот вы стали теперь удмуртом! »
Смеются они довольные,
Когда я пробовал в Якшуре пачетем,
И мне приятно было!

Удмурты, как и мы.
Бабушек тоже называют апа.
Осколки гуннов,
Такой миролюбивый народ.
Когда они стучат по танкыре,
Похожей на нашу дангыра.
Будто говорят с тенгри - богом,
И воспрянут духом.

Мы были в Буранове,
По нашему буранный.
Вот отсюда и начал путь,
Ансамбль знаменитый.
Бабушки – апа,
Танцующие как буран,
С песней пронесли по миру,

И вернулись звездами!

Когда белые апа- бабушки,
Прилетели с неба,
Кажется, опомнились даже те,
Кто дружил с темными джиннами.
Когда танцевали бабушки,
И пели возвышенно,
Пробуждали любовь,
И страсть к жизни!

Они еще крепки,
Говорят тихо, улыбаясь.
Ну, чувствуется иногда,
Легкая дрожь.
Им за восемьдесят,
Самой юной– семьдесят,
Но когда выходят на сцену,
Преображаются и зажигают!

Жизнь без искусства,
Разве будет процветать?
От предков завет,
Есть нестареющий пример.
Танцевали и пели правнуки,
Вместе с бабушкой,
С лучистыми глазами,
И с просветленной душой!

*Мурт\каз.\-усы. \Подстрочный перевод с казахского на русский язык автора. *

**МОНГОЛ ДУУЛАЛ.
МОНГОЛ ЭУЕНИ.
MONGOLIAN CHANT**

Әбілсейіттің көргенділігі

Күресте қайран қылған бар халықты,
Қазақта кім білмейді Айхановты,
Бас қосып алты құрлық алысқанда,
Айбаты Айхановтың байқалыпты,
Белінен бұрап ұстап ырғағанда,
Алыптар нар бурадай шайқалыпты,
Оңтайлап оң жамбасқа салған кезде,
Шік түсіп боз кілемнен жай тауыпты!

Бір жылы маңғұл жаққа барған екен,
Жеңімпаз бәрін жығып болған екен,
Қайткенде жеңеміз деп бұл қазақты,
Маңғұлдар түйе балуан салған екен.

Жекпе-жек шетелдегі батырға сын,
Шықпауға амал бар ма шақырғасын,
Жасы үлкен тау тұлғалы сақа балуан,
Талайдың шаңға тыққан тақыр басын,
Көрмекке әуселесін жас перінің
Балпандап боз кілемге жақындасын,
Басталды ұлы айқасы екі алыптың,
Ініде күш, ағада ақыл басым.

Даңқы зор, еңбегі мол маңғұлдық ер
Басына хан көтерген қабырғалы ел,
Толысып ер ағасы жасқа келген,
Күресте айла, тәсіл бәрін білер,
Жараған қаңтардағы қарт бурадай,
Қалшылдап қаһарланса темірді үгер,
Қарымын байқаған соң Әбілсейіт,
Күш тасып, өн бойында жалын жігер,
Алыста ағалық жоқ дегендейін
Бір жынды ой дейді жерге қағып жібер,
Оңтайға ала беріп ойға қалды,
Болса егер ардагердің белін бүгер,
Өкпелеп маңғұл, қазақ түгел бәрі
Көргенсіз жөн-жобадан жаңылды дер,
Сындырмай ердің сағын, елдің бағын,
Алғысқа бөленетін табылды жол.

Жапырып жіберем деп жас баланы
Бұлқынып балуан аға бас салады,
Бұқадай тірескенде жер солқылдап,
Ел толқып, тау жаңғырды асқаралы,
Жас наһан жұлқығанда қарт қаһанның
Кілемнен ажырады қос табаны,
Төңірек тына қалды демін тартып,
Жас бала жасайды-ау деп масқараны,
Ұршықтай үйірсе де қапсырып-ап
Қайқайтып қара жерге тастамады.

Көтеріп алып барып орынына,
Қондырды қарт қыранды тұғырына,
Қол соқты тік түрегеп қалың маңғұл

Көргенді ел қазақтың ер ұлына
Сол сәтте ұқсап кетті Әбілсейіт
Шыңғысты хан көтерген Тоғұрылға!

**LAGU MALAYSIA.
МАЛАЙЗИЯ ӘУЕНІ.
MALAYSIAN CHANT**

Бам-балан

Жемістің түр-түрін таңдаған,
Анаңмен базарға бар, балам,
Шабдалы, өрік пен мейіз көп,
Алма мен алмұрт бар, бар банан.

Базарда анаңыз алмаған,
Жемістің ешқайсы қалмаған.
Бірақ та бар екен бір жеміс
Аты да, қызық-ай, бам-балан!

Малайда өседі бам-балан,
Көрдің бе сен оны жан балам?
Дәмі де ұқсайды борщқа,
Дейді жұрт, мен соған танданам.

Бам-балан, бам-балан, бам-балан,
Ондайды білмейді дән далам.
Әдемі сөз екен, әнге қос,
Бам-балан таңдап ал, бал балам!

**ТАТАР ЖЫРЛАРЫ.
ТАТАР ӘУЕНДЕРІ.
TATAR MELODIES.**

Чак-Чаги

Тельман Елубайұлы мен Флюра Тагирқызына

Көтергенде өз басына шақтап үй
Телағанда болған емес басқа күй,
Татар қызы Флюраға үйленді
Күнде-күнде жеймін бе деп чак-чаги.

Шалқар сезім шарықтатып жас жанын
Күндер өтіп секілді бір қас-қағым,
Тельман аға сұрайды енді қайда деп
Қыз кезінде күнде берген чак-чағың?

Жеңгей айтты, азаматсың жақсы атты,
Ақыл-ойың өз бойыңа шап-шақ-ты,
Бұдан былай білгенің жөн, татарлар
Тойда ғана пісіреді чак-чакты!

Жіберсе де аузын өстіп ақ қылып,
Ағай сүйді жеңгемізді тақ тұрып,
Әрбір күні той емес пе адамның
Болса үйінде бақ-береке тәттілік!

Тұрса дағы бауырсақ пен әзір ет,
Чак-чак сұрап қояды ағаң әзілдеп,
Тегін емес татар қызы- жиеншар,
Түп нағашы-Науан ата хазірет.

Хазіретті қазақ елі ойға алды,
Ойға алғаны бір арнаға жиналды,
Басын құрап, бітіп тұрған кітапты
Шығаруға қаржы таппай қиналды.

Қаржы деген бір қиямет бүгінгі,
Не бір үміт үзілді де бүгілді,
Тығырыққа тірелгені шаруаның
Жиеншар қыз Флюраға білінді.

Ата-анасы көрген қуғын, қысымды,
Абзал жеңгем тарих жайын түсінді,
Атамыздың аруағы үшін қажетті
Қаражатты қалтасынан ұсынды!

Кітап шығып, жұрт жиенді жақтапты,
Матур қызды батыр қыз деп мақтапты,
Жақсы сөзден жақсы адамдар нұрланып
Жегендей боп жүрсін күнде чак-чакты!

Бір ғұмыр

Татар ақсақалы Назыйим Сэйфуллинге

Купеде,
Екі адамдық,
Бүгінгі сал,
Өзгеше
Түндегіден күндізгі хал,
Қыз келсе
Сырласатын деп отырса,
Көтеріп
Төрт сөмкені кірді бір шал!

Сексенде
Сексеуілдей қатардағы,
Жараған сәйгүліктей
Сапардағы.
Қаңтарда қақап тұрған,
Қазан жаққа,
Ауылын іздеп барған
Татардағы!

– Назыйим – менің атым,
Назым деді,
Қазақта
Қыз аты деп әзілдеді,
Жасарып
Жанарынан ұшқын атты,
Жазылып
Әзілменен әжімдері...

– Не нәрсе,
Жол тартқызған кәрі қыста,
Сыздатқан
Жүрегінді сағыныш па?
Сары аяз сақылдап тұр,
Сықыр-сықыр,
Қол емес,
Ел кезетін сабылысқа!

– Жер шіркін
Тірі жанға жұп-жұмыр деп, –
Татары
Қарағанды тұр күлімдеп.
– Адамға
Туған жерден ыстық не бар,
Елімді
Бір көруім – бір ғұмыр деп!

Бір ғұмыр – бір көргенім!
Не деген сөз!
Шығады-ау,
Көп көргеннен кемеңгер сөз,
Шын өмір,
Тағдыр-талқы деген осы,
Қоспаған
Сөзге көбік, өлеңге жез!

**КЫРГЫЗ ОБОНДОРУ.
ҚЫРГЫЗ ӘУЕНДЕРІ.
KYRGYZ SONGS.**

Манас пен Мұхтар Әуезов

Кер заман
Құйтырқылы құйын демі,
Қазаққа,
Қырғызға да қиын еді.
Жылында
Мың тоғыз жүз елу екі
Бір сұмдық
Фрунзеде жиын болды.

Түрікті
Түбірімен шабамыз деп,
Тегінен
Ажыратып аламыз деп,
Сайланып келіпті өңкей
Ығай-сығай
Манастың жырын жойып,
Жабамыз деп.

Пәрменді
Ол заманда Мәскеу берер,
Қасқырдай
Шабар сосын қас кеуделер.
Қосыла кетті оларға
Іштен шыққан
Жандайшап
Жылан тілді жас «төрелер».

Ішінде «қонақтардың»
Қарқындысы
Сөз бастап дөкей сары
«Алтын кісі»:
«Бұл эпос –
Бізге дұшпан байшылдық пен
Ұлтшылдық,
Ескіліктің сарқындысы.
Сондықтан
Аластауға тиіспіз!» – деп,
Қаһарлы болды сөздің
Қортындысы.

«Жыр еткен
Кереметтей дәмді көріп,
Неғылған бітпейтін бір
Қанды жорық,
Ол өзі неткен соғыс,
Кімге қарсы,
Ойлайық
Біз саяси мәнді беріп!

Советтік тәрбиеге
Үйлеспейді,
Бүгінгі заманаға
Үндеспейді,
Сондықтан
Манас енді ұмытылсын
Дәп содан айың құлап,
Күн де өшпейді!»

Қаһарланып кеп айтып,
Қара бұлтты төндіріп
Қара дауыл соқтырып
Қызыл заман қысқанда,
Қалың қырғыз сорлады,
Оқымысты ұл-қызы
Ата жырын жат жұрттан
Жанын сала қорғады,
Дәлелдерін келтіріп
Тереңінен толғады,
Қанша айтса да амал не,
Қасарып келген қаскөйден
Қорғау оңай болмады,
Тас жүректі басшылар
Құлаққа ілмей сөздерін
Аяққа басып қорлады,
Айтқаныма көнесің
Айдауыма жүресің
Деп халықты зорлады.

«Өз атаңның өлеңін
Мақтайсың сонша өзеуреп,
Әсіре ұлтшыл элемент
Дес бермейтін демеугөк,
Секілді деп сендерге
Ертең айып тақпай ма
Бұл сөздерің желеу боп!»

Деп ғалымның әккісі,
Кебежедей пәпкісі,
Қорқытып қойды қырғызды
Келгендей күйе жаққысы,
Қазық қып жерге қаққысы.
Түйіп алып қабағын,
Күшейте түсті талабын,
Жиынға келген қазақтан
Ай маңдайлы Әуезов
Еске алып тарих сабағын,
Төніп келген қауіпті
Жанымен сезініп,
Елестетіп бір өтті
Түрмеде көрген азабын,
Отыз жетінің сұмдығын
Қынадай қырған қазағын.
Данышпан Ахаң амалдап
Ойлаған мұның аманын,
Айламенен алмаса
Түзетуге дәрмен жоқ
Темір құрсау заманын:
«Анталап дұшпан жан-жақтан
Бұзық салса Манасқа
Қайтіп бұғып қаламын,
Манасты жауға алдырып
Жолымды тосқан Алашқа
Қай бетіммен барамын?»

Тамырын қиса қырғыздың
Қазақты қоса кескені,
Шамы сөнсе қырғыздың
Қазақтың бірге өшкені!
Ата жырын өлтірсе
Азып-тозып аз халық
Айдауға жүрер оп-оңай,
Түп-түбінде осы ғой
Көкейлерін тескені!»

Бір дауыс
Ар жағынан
Деді ыңғайлан,
Айқассыз ақиқатты
Көрдің қайдан,
Манастан өлсе қырғыз

Айрылмайды
Мүмкін бе ажырауы
Жердің айдан?
Айкөлден
Айқын қуат сезінгесін
Ар жағы
Жаратушы бір құдайдан,
Рухани жендеттерге
Жалақтаған
Әуезов
Жалғыз өзі берді майдан!

Қайран Мұхан қайтсін-ай,
Басқа жұртқа бодан боп
Ел тұрғанда бағынып,
Жауларының бәрі дәу,
Жалмауыздай сары дәу,
Қарауытып, қабынып
Қөп қорқаудай қағынып,
Жан-жағынан жабылып,
Жанға зорлық қылғанда
Қос өкпесі қысылып,
Тынысы кетті тарылып,
Тамырда қаны тасынып
Кетердей миы жарылып,
Қиналып жаны тұрғанда
Айкөл Манас аруағы
Өлме, Мұхтар, өлме деп,
Бұл қорлыққа көнбе деп,
Атаңның жырын берме деп,
Қолтығынан дем беріп,
Кеудесіне жел беріп,
Арнасы сөздің табылып
Сөйлеп бір кетті ағылып!

Жарқырай берді ақмандай,
Саңқылдай берді ақ тандай,
Әр сөзі тұнған ақыл-ой
Атадан қалған дастандай,
Сөйлеген сайын жұрт қолдап
Аспандай берді аспандай!
Мастанып келген Мәскеуден
Дөкей сары қаскөйді
Айкөл Манас аруағы
Төбесінен басқандай,

Берекесі қашқандай,
Сөзіне ұйып Мұхаңның
Өз - өзінен сасқандай!

«Ақылға салып қарасак
Адамзаттың ғажайып
Алуан-алуан өнері
Бір-бірінің кемері,
Шын өнерде жаттық жоқ,
Біріне-бірі бөгет боп,
Бір-бірін қалай көмеді?
Нағыз өнер қашанда
Бір-біріне дем беріп
Үндесе өрлеп келеді,
Арғы түптен таратсақ
Тауарих еткен көнені,
Гректің кемел Гомері,
Гомеріңнен кем бе еді
Көшпенді елдің өлеңі,
Данышпан Шоқан Манасты
Илиада, Одиссей
Гомерге неге теңеді!?

Ақыл-ойдың кеніші
Асыл жырда бәрі бар,
Жоғалған білім, жойқын сөз
Ежелгі жырдан табылар,
Алатаудан Алтайға
Қудаланған қырғыздың
Сан ғасырлық зары бар,
Туған жерге ту тігіп
Жаудан қорғап отанын
Тулап аққан қаны бар,
Шындық іздеп жалғаннан
Шырқыраған жаны бар,
Есте жоқ ескі заманғы
Ел-жұрттардың тарихы
Салт-дәстүрі тағы бар,
Өлмес рухы халықтың
Дана жырдан танылар,
Қатпар-қатпар уақыттың
Қалыңынан сараптап
Қазынасын танып ал,
Алатаудың шыңынан
Шырқап шыққан кенен жыр

Айға барып шағылар,
Жер-жаһанның көгінде
Жұлдыз болып жағылар,
Еншілеген бұл сөзді
Елін сүйген өрендер
Бабаларын сағынар,
Атаның жырын ұмытып
Қағынан безген қағынар
Тәубасынан жаңылар,
Бар қуатын халықтың
Бір арнаға құйдырып
Манастың жырын тудырған
Қырғыздың баян, бағы бар!»

Осылай толғап кеп айтып,
«Сіздің де, мейман,-деп айтып,
Сөзіңіздің мәні бар,
Расында да Манастың
Кей тұстарын қарасаң,
Байшылдық пен ханшылдық
Ескіліктің дәмі бар,
Дәнін аршып қауыздан
Нұсқасын жасап халықтық
Қазынасына советтің
Қосып қойсақ нағылар?!»

Кен ақыл, кемел ойлы,
Кең маңдайлы,
Тұңғиық
Оңайлықпен толғанбайды,
Сөзіне сүттей ұйып,
Тәнті болды
Көрмеген
Көптен бері ел мұндайды.

Мұхаңның
Мәскеулікті мысы басты
Иа, құдай!
Деп халайық дуылдасты,
Қайтарар
Әуезовке уәжі болмай
Дәу сары үнсіз қалды,
Шұлғып басты.

Қырғыздың бетке шыққан

Күллі еріне,
Сонда да шырай бермей,
Күлді еріне,
Елеусіз ымдап еді,
Бір жас қырғыз
Кезексіз
Шықты жиын мінберіне.

Бұл өзі орысша оқып,
Орысша өскен,
Тегінен тамыр үзіп,
Теріс кеткен,
Қашанда
Отарлаудың әдісі сол
Безгенді
Өз ұлтынан өрістеткен.

Жүрсе де
Жоғарының ұлығы боп,
Халқына
Жақпайтұғын қылығы көп,
Жылмағай,
Жылтыр бетті жұрт айтатын
Баяғы Көзқаманның
Сынығы деп.

Жалпақтап жат жұрттарға
Көзін сатқан,
Лауазым, дәреже үшін
Өзін сатқан,
Шүлдірлеп
Сол Көзқаман түсті дауға
Атаның атын сатқан,
Сөзін сатқан.

«Аузыма
Қаратам деп бар халықты
Жынданған жомықшылар
Жар салыпты,
Айкөлім аян берді
Деп аңыз ғып
Айылда
Айлы түнде тамсаныпты.
Бұл неткен соқыр сенім
Сонша уақыт

Милау ғып
Адастырған мұнша жұртты,
Манастан
Асатұғын батыр жоқ деп
Панислам,
Пантюркистік дән салыпты,
Айбынды қызыл әскер
Әлемді алған
Оған тең бола алмаған
Қанша мықты,
Жанында
Маркс, Ленин ілімінің
Кім еді
Манастарың соншалықты!?

Тұранның
Ежелгі жыр ұраны екен
Өшпейтін
Ұлтшылдықтың шырағы екен,
Манасың миллион жол
Тегін емес
Қырғыздың
Ол екінші құраны екен,
Манастың
Жырын айтып, тыңдаған ел
Ешкімге
Басын имей тұрады екен,
Сондықтан
Тамырымен жою керек
Советтік болсын десек
Мына мекен!

Бұл эпос
Басқа жұртты қорлайды тек,
Табын деп
Бір Манасқа зорлайды кеп,
Қырғызды
Ерекшелеп ұлықтайды
Шыққандар
Оған қарсы оңбайды деп,
Ақ қалпақ
Аңқау халық адасып жүр
Аруағы
Манас ата қорғайды деп,
Ал бізге жол көрсетті

Компартия
Ұлт деген
Болашақта болмайды деп!

Сондықтан
Біріге түс халің барда,
Ұрандап
Шығармаңдар ханыңды алға,
Біртұтас
Мызғымайтын совет халқы
Құрыштай қайнап біткен
Жалындарда,
Сарынға
Байшыл, ұлтшыл орын бермей
Жол ашар
Интерсовет дарындарға,
Айтарым,
Манас, Талас тастап енді
Ілесер
Ұлы көшке жолың қамда,
Біз сияқты
Озық жан болсаң жылдам
Партия өсіреді,
Оны да аңда!»

Төмен қарап көпшілік
Тым-тырыс боп қалғанда,
Атып тұрып бір жігіт
Салды ашулы айғайға:
«Дәреже мен даңқ іздеп
Дүниені кезіпсің,
Өз тіліңді ұмытып
Өз жұртыңнан безіпсің,
Озықтығың осы ма,
Өз атаңның жырына
Өзің шоқпар сілтеген
Осы күнгі Көзқаман
Озық емес тозықсың!

Манас біздің атамыз
Қанікей біздің анамыз,
Олардың атын ұмытсақ
Қайтіп ел боп қаламыз,
Атамызды жат көріп
Атаны қайдан табамыз,

Анамыздан безініп
Ананы қайдан табамыз?!
Жер бола ма Талассыз
Ел бола ма Манассыз!?»

Тоқта деп,
Дөкей сары сөзін бөлді,
Қырғызда
Намыс барын көзі көрді,
Қалаған жағына оңай
Бұра салды
Нық ұстап отырған соң
Өзі рөлді:

«Әй, жолдас,
Бұра тартсаң із ретінен,
Жіберіп қоя алмаймыз
Біз бетімен,
Ертең сені шығарып
Партиядан
Ар күні босатамыз
Қызметіңнен,
Органдар
Біліп қойса, орың қазып
Бір жола жоғалтпасын
Жер бетінен!

Жассың ғой,
Мән бермейік лаққаныңа
Не жетсін
Таңның тыныш атқанына,
Ойлама,
Құтылам деп аман-есен
Бір түссең
КГБ-ның қақпанына!»

Қайран ер
Үндей алмай іштен тынды,
Қайсарлық қайтсін енді,
Күшпен сынды,
Сұсымен қайтарған соң
Елдің бетін
Дәу сары рахаттанып
Үстем күлді:

«Жаққан соң
Жаңа заман жұлдыздарын
Безіп тұр
Ескі жырдан ұл-қыздарың,
Теріс деп Манас жырын
Советке жат
Біз емес,
Айтып тұр ғой қырғыздарың!»

Туған ұл сатқын болса
Тым қиын-ды,
Сатыл деп
Осыларға кім бұйырды?
Біз емес,
Айтып тұрған өз балдарың,
Дегенде
Ел аузына құм құйылды.

Осындай арсыз болса
Таласатын,
Оншалық керек қылмай
Парасатын,
Өсіру іштен шыққан
Көзқаманды
Ежелден
Отаршылдық саясаты.

Әрине,
Мұны Мұхаң айта алмады,
Ақылмен жеңіп шығар
Жол таңдады,
Әкелді
Оң жамбасқа айналдырып
Ғылым мен
Қара сөздің майталманы.

«Зер салып
Байырғының жырларына,
Әділін
Айту парыз шын ғалымға,
Дара тұр
Манас жыры бой теңесіп
Әлемдік
Әдебиеттің шыңдарына.

Теңіздей...
Теңдесі жоқ...
Таңғаларлық...
Эпос деп
Қызғылықты жанға барлық,
Орыстың
Озық ойлы оқығаны
Манасқа маңыз берген
Бар ғаламдық.

Манасшы
Дауылдатса
Жалындар от,
Мазмұнын
Талдап ұғар ғалым да көп,
Біздерге
Бүкіл әлем қарап отыр
Советтер
Қандай шешім қабылдар деп!

Өткенді
Бүгінгімен таластырма,
Нәрін ал
Жақсылықпен жарастыр да,
Қиянат болып жүрер,
Кінә тақсақ
Марксті
Білмедің деп манасшыға!

Тұрғанда
Шежіредей қарияң тың,
Эпостың
Оймен сүзіп дариясын,
Сараптап,
Артық-кемін алып тастап,
Советтік
Жасау керек вариантын!!!»

Жаланы
Жапқан жаңа жаңбырлатып
Қиқулап
Елдің басын даңғырлатып,
Көзқаман
Тағы шықпақ бола беріп
Орнынан қозғала алмай

Қалды қатып,
Сөйлемек түгіл үні
Шықпай қалды
Кептеліп
Тамағына қанды қатық,
Ербеңдеп екі қолы,
Бас қалтылдап
Кеткендей
Мойынына қарғы батып,
Отырған Көзқаманды
Ойлады жұрт
Манастың
Кетті ғой деп аруағы атып!

Кеңесін
Келтірген соң кемелінен
Көненің
Өнегелі дерегімен,
Бар жиын
Бір ауыздан мақұлдасты
Санасып
Әуезовтың беделімен!

Бұл айқас
Осылайша тәмамдалды,
Аңыздай
Кешегі өткен замандағы,
Қазақтың ұлы ойшылы
Қорған болып,
Қырғыздың
Ұлы жыры аман қалды,
Шайқасып
Қалмақ, қытай жеңе алмаған
Манасты
Москва да жаба алмады,
Біртұтас
Елдік нұсқа даярланып
Басылсын
Деген қаулы қабылданды,
Қырғызша,
Қазақша да, орысша да,
Ер Манас
Дүниені аралады...
Жас қазақ,
Жас қырғыздар,

Ұмытпайық,
Бұрынғы
Биік ойлы бабаларды!

**Манас жыры.
Қырғыздан келген хат**

“Жұлдызға” қонып,
Жүргенде шырқап,
Қырғыздан маған
Кеп түсті бір хат,
Бір емес, бес қыз
Қол қойған екен,
Масайрап кеттік,
Қонғандай “сырқат”.

“Біз сізді көрдік,
Теледен депті,
Аруағы Манас
Жебеген депті,
Алғысын айтқан,
Атасы үшін
Қырғыздың қызы
Не деген текті!

Жырласаң жүйрік
Аттайсың депті.
Алмамбет ерге
Ұқсайсың депті.
Манастың керек
Кітабы болса,
Біздерді іздеп
Тапқайсың депті!”

Қыздардың ынтық
Сәлемі балдай,
Әдемі әзіл,
Әдебі қандай,
Маржандай тізген
Өріпте тұнған
Ыстықкөл жақтың
Әуені бардай!

Жігіттер қандай,
“Жуысып” алды,
Қалжыңдап біраз,
Күлісіп алды,
Біреуін таңда,
Қалғаны бізге
Десті де бірден,
Бөлісіп алды.

Сараңға сірә
Ермеймін дедім,
Қыздарды бірақ
Бермеймін дедім,
Бес қыздың бәрі
Бір ғана жүрек,
Жүрегін достың
Бөлмеймін дедім!..

Түскенде бір күн
Алшыдан асық
Бішкекке тарттық
Қордайдан асып.
Жанымда Мұса,
Жазушы досым,
Орғыған таудан
Қарғындай тасып.

Тапкандай едік
Қағып-ақ есік,
Ол үйден бәрі
Кетіпті көшіп...
Амалың қанша,
Жиырма жыл өтті
Ақырын жылжып,
Желдей боп есіп,
Қырғыздың маған
Бес қызы бірден
Болған деп ғашық
Қоямын бөсіп.

Ақ тілеу құстың
Ақ қанатындай

Жаныңа сөнбес
От болатындай,
Пошта жәшікке
Қараймын кейде
Бішкектен бір хат
Кеп қалатындай!!!

Мұса Рахманбердиев – қазақ жазушысы.

Невада-Семей. Қомызшы қыздың күйі

Полигон жауып, бомбыны жеңдік,
Ақындар жырлап, Ертіске келдік.
Невада-Семей, акция өтті,
Қалғандай орнап ғаламдық теңдік.

АҚШ-пен батыс, шығыс та мұнда,
Теңдік пен достық шыққандай шыңға.
Қомызшы сұлу қырғыздан келді,
Әнімді әлем дегендей тыңда.

Уланған жерге басты да идік,
Сұмдықтың сырын көкейге түйдік,
Тажалға қарсы лағінет айтып,
Қауым боп қолдан тасоба үйдік.

Қара тас болсын тажалдың үйі,
Сұлулық, өнер адамдық сыйы,
Ертістің бойы, еліктей қыздың
Елітіп мені әкетті күйі.

Қырғыздың қызы қомызын тартып,
Қырмызы қырлар кеткендей балқып,
Қызарған күн де ұяға қонып,
Қызғалдақ толқып, қымыздық аңқып...

Елестер түнде үркердей болып
Әуені жанды өртердей болып,
Кей-кейде жүрем өзімнен өзім
Қомыздың қылын шерткендей болып!



**ALL TURKIC PEOPLES.
ТҮГЕЛ ТҮРІК БАЛАСЫ.
ВСЕ ТЮРКИ.**



Түгел түрік баласы

Түрікпіз, түгелімен түбіміз бір,
Түріміз, діліміз де, тіліміз бір,
Сырымыз, мұңымыз да бірге біздің,
Жалғанға жар салатын жырымыз бір!

Өтүкен, отты жерді еткен мекен,
Алтайдан аса көктеп өткен екен,
Ешкімге тізе бүкпей тік тұрған соң,
Тұр, тұрық, түрік атап кеткен екен.

Қарсы алған ақын халық күнді күліп,
Жау тисе, қыран құстай ілді бүріп,
Түрік деп түп атамды атағандай,
Жарқырап шыққаннан соң түнді түріп!

Әйгілі адамзаттың сырттанымыз,
Киелі көк бөрінің ұрпағымыз,
Баласы түгел түрік басын қосып,
Оралсын ортамызға сырттағымыз!

Түрік

Батаны алып абыз бабасынан,
Аттанып Өр Алтайдың даласынан,
Ақ – қара алысқанда, орын алған,
Ақ теңіз, Қара теңіз арасынан!

Қақ жарып жер ортасын сара жолы,
Жабылып, жеңе алмаған қара долы,
Жұртына исі түрік қорған болған,
Аруақты Анкара мен Анадолы.

Бағдарын болашақтың нұсқа қылған,
Елдігін ұрпағына ұстам қылған,
Жалғанға жар салады біз бармыз деп,
Түріктің байтақ елі Ыстамбұлдан!

Әзірбайжан

Каспийді кең жайлаған әзірбайжан,
Жаһанға жалпағынан тамыр жайған,
Оғыздың өркендеген оғландары,
Бауырдың бары - баян, бағы - байрам!

Бізге ортақ дәдәм Қорқыт – бабам Қорқыт,
Ұйыған қобызына ғалам толқып,
Алпамыс – Бамсы Бәйрек елін қорғап,
Бір өзі жер түбіне барған жортып!

Таудай ел тау бөктерлеп күн кешеді,
Низами мұра қылған жыр еседі,
Тілеулес, тіреу болып бір-біріне,
Баласы бар түріктің бірге өседі!

Өзбек

Өзбегім, өз ағамыз, туған бауыр,
Бөтен бе сіздің қышлақ, біздің ауыл,
Ұрпағым, бөлінбе деп жатқан шығар,
Тәшкенде Төле би мен Шайхантауыр!

Пайымдап, көзді арбайтын сөз көптігін,
Түсінген, әрбір істің көздеп түбін,
Отаршыл озбырды да алдап-сулап,
Ешқашан өзгертпеген өзбектігін!

Самарқан, Бұхар, Тәшкен - сөз келелі,
Айтатын оны баптап кез келеді,
Тұғыры Тұранымның шайқалмайды,
Тұрғанда қара ормандай өзбек елі!

Қырғыз

Қырғызым, жан бауырым, бір туғаным,
Қуанса, жүрегінен нұр туғаным,
Қазақпен қатар тұра қалған кезде,
Байқалмас айырмасы түр-тұлғаның.

Жомықшы жорға жырмен жосылғанда,
Қомызшы сырлы күймен қосылғанда,
Ескінің Енесайдан ескен лебі,
Жеткендей үзілместен ғасырларға.

Қырғызым, жұлдызым деп аспандағы,
Айтылған асыл сөздің дастан бәрі,
Асырып Алатаудан Манасты айтқан,
Аумасын ақ қалпақты бастан бағы!

Түркімен

Оғыздың от жүректі түркімені.
Ежелден бар түрікпен бір тілегі.
Трухмен, туркоман да аттас екен,
Олар да, бөтен емес, қыр түлегі.

Ел үшін жастық көрмей жар құлағы,
Аталар мұра қылған барлық әнін,
Тарихтың қамалынан аман өткен,
Қарғытып Ақалтеке арғымағын!

Туған жер, туған тілді сүйіп келсең,
Айбының аса түсер, киіп сеңсең,
Жайнаған Қаракұмда қаһарман ел,
Өрлей бер, төмендемей биік еңсең!

Татар

Татардың атақ-даңқы жер жаратын,
Жаятын дүниеге кең қанатын,
Хандығы салтанатын құрған шақта,
Түріктің бір тірегі сол болатын!

Қашанда күдер үзбей қазағымнан,
Өмірдің олжа тапқан базарынан,
Алаштың ең алғашқы кітаптары,
Татардың қайнап шыққан Қазанынан!

Қосылса, қазақ-татар - ғажап қатар,
Қызыққа айналады ұзақ сапар,
Ең алғаш Берлинде де, рейхстагқа,
Тіккен ғой жеңіс туын қазақ-татар!

Еділді елім дейді, жерім дейді,
Туғанмен қашан да бір көңіл дейді,
Тұрғанда тас қамалдай қалың татар,
Іргесі түгел түрік бөлінбейді!

Башқұрт

Түгендеп, түгел түрік халқы жайлы,
Жырласам, көңіл қалай толқымайды,
Басқы жұрт, басты қасқыр деген сөз деп,
Ғалымдар башқұрт сөзін талқылайды.

Бас шығар, айдар шығар, арай шығар,
Бауыр ел шаттанғанда күн, ай шығар,
Назындай сұлу қыздың сызылтқанда,
Сазымен баурап алар қурайшылар.

Уфаны өзімсініп Үпі деймін,
Еріксіз Үпі десем үһілеймін,
Күптіні жазады деп келер күнім,
Үзілмес үмітімді үкілеймін!

Баяндар баба жолын башқұрт толғай,
Ғасырлар қойнауынан мақсұт жолдай,
Елдігін ерлігімен сақтап қалған,
Башқұртым жасай берсін, басқа ұлт болмай!

Қарақалпақ

Қандасым, қарындасым қарақалпақ,
Ішінде мың қалпақтың дара қалпақ,
Ілесіп, бұлтпен бірге көшкен жұрттың,
Бәріне мекен болған дала жалпақ.

Әмудің толқынымен өмір аққан,
Өңірден, орда құрып, орын тапқан,
Келеді көне күмбез күмбіріндей
Қоңыр үн қоңыраулы Қоңыраттан!

Ұйғыр

Ұйғырдың рухы бар ғой ұрпағында,
Атадан мұра болған дутарында,
Қағанат тарихының ізі қалған,
Көненің Қашқария, Тұрпанында!

Мажар

Мажарды талай заман ел білмеген,
Жайлаған Будапешті венгр деген,
Аттылы аталардың тұяғы екен,
От кешіп өткен су мен сеңгірлерден.

Мадияр - қыпшақты іздеп мың келіпті,
Аумайды, кесе бізден, бір бөрікті,
Бұрын да көзге жылы ұшырайтын,
Айрықша түр - тұлғасы тым көрікті!

Ілінген бар әлемнің назарына,
Мажардың ай қонғандай ажарына,
Тартады сыбағаны түрік-тойда,
Қайнатып қазағымның қазанында!

Қарашай

Қияға ұялаған қарашайым,
Түсіңе кірер ме екен дала сайын?
Қашанда қарашайды сөз қылғанда,
Қытымыр еске аламын қараша айын.

Даладан тауға тартты жолың бұрын,
Жетеді құшақтауға қолым бүгін,
Сарыны бабалардың шалынғанда,
Сала жүр сардалаға көздің қырын.

Балқар

Шалқардан уақыт өте жылдап шеттеп,
Балқарлар батыл басқан, шыңға беттеп,
Ішінде Европа елдерінің
Ел екен ең биікте тұрған көктеп!

Қырандай зау биіктен қараған ел,
Таулық боп, туын шыңға қадаған ел,
Өз тілін, салт-дәстүрін сақтап қалған,
Далалық ер түріктен тараған ел!

Ноғай

Бауырым, сен де ноғай, мен де ноғай,
Ешкім де кетпейді ғой елден оңай,

Орғытқан ортекені домбырада,
Ноғаймен қазақ болған орман,тоғай!

Даланы қазақ жайлап, ноғай мақтар,
Тіл – ортақ, құлақ - ұзын, тарайды ақпар,
Ноғайдың бір тармағы сияқтанған,
Тағы бір бауыр ел бар – ноғайбақтар!

Заманда басындағы бағы айныған,
Айрылған ноғай - қазақ ноғайлыдан,
Күн туды қайырылар, аспаныңда,
Ақ таңы азаттықтың арайлаған.

Құмық

Қап тауын қаптай көшкен құмықтарым,
Көтерген бір шаңырақ уықтарым,
Тығылып жүрген кеше тар қоғамда,
Құмығып, құмығымды ұмытпадым.

Қырымлы

Қардашым, татарларым Қырымдағы,
Қырық батыр ойға түсер бұрындағы,
Ұрымға ұрын барған мырзаларың,
Құлжадай орғушы еді қырыңдағы.

Қырымлы, қараманлы, қырымшақтар,
Тел емген бір енені құлыншақтар,
Тектілер қай қиырда, қай-қашанда,
Өзінің түбін біліп, тілін сақтар.

Құманды

Адасып, алыс кетсе құмандылар,
Замана ашық күнді тұман қылар,
Бәрі бір табысады түп-түбінде,
Түбі бір, тілегі бір ұрандылар!

Қарайым

Жүрсе де қиыр жайлап қарайымдар,
Олар да өзіміздің ағайындар,
Қараймын десең келіп ата жұртқа,
Арнайы саған көңіл сарайым бар!

Ғағауыз

Жырақтап, шетке кеткен ғағауызым,
Түрікше сөйлеп тұрған бал ауызың,
Ғағауыз – қазағымдай қазбен үндес,
Сағынып жүр ме екенсің дала уызын?!

Қашқай

Қаладжа, қарапапах, қашқайларым,
Түрікше түн тербетіп, бастайды әнін,
Юрюктер жүрек болсын, жүйрік болсын,
Бір шеттен жалпы түрік қостайды әнін!

Шуаш

Шеңгелін батырса да зор мен зұлым,
Ешқашан үйлеспейді тор мен тұлым,
Шашырап кетсе дағы, шашылмаған,
Шағатай, шуаш, шалқан, шор мен шұлым!

Орыстың ортасында шуаштарым,
Орда боп, жуан шыққан жуастарым,
Ата салт, ана тілді қадір тұтып,
Шарықтап, кең жайылсын құлаштарың!

Долған

Қиырда қалған туыс долғаным-ай,
Көңілім, сені тауып, толғанын-ай,
Тұтасып тұрушы едік бір заманда,
Сібірдің қалың қара орманындай.

Саха

Жақыным, жақұт елі сахаларым,
Шыныққан сары аязда сақаларым.
Алмас пен алтын жатса аяғында,
Адамды алдамаған аталарың!

Саханың Сахарадай жері байтақ,
Киіп ап бұлғын тон мен тері байпақ,
Көсілтіп кесіп өтер, қармен ойнап,
Керілген кербұғымен, мүйіз шайқап.

Сахалар Сібірдегі ірі халық,
Жасаған сан сынақтан тірі қалып,
Жырладым, өркен жайған жас түріктер,
Жүрсін деп, бірін - бірі біліп, танып!

Хакас

Келбеті бізге тартқан хакасым - ай,
Кеудесін желге тосқан жар тасындай,
Сан тарих иіргенде алшы түстің,
Асықтың қорғасынды сақасындай.

Шырқалса хакас әні Абақаннан,
Байырғы үн келгендей баба тамнан,
Бақ қонсын ұрпағына, бекер болмай,
Хакастың қан мен тері қарға тамған!

Тыва

Тывалар, тофаларым, тубаларым,
Бәрі де туғандарым, тумаларым,
Телеуіт, төлеңгіт пен әпшар, салар,
Аман, сау жүргеніңе қуанамын!

Тываның қаласы бар Тұран деген,
Қызылды қыздырады жыр-әнменен,
Атауы Самағалтай үндесіп тұр,
Жоғалтпас ата сөзін ұранменен!

Алтай мен шор

Алтайдың әйгілеген ай шырағын,
Әуенмен әлдилеген ой, сұрағын,
Үңгірдің күңгірлеген үніндей боп,
Жаңғыртқан жер-жаһанды қайшыларың.

Бір туған алтай мен шор қосылғанда,
Катуньның ағын суы тасығанда,
Жалғасты жалпы түрік әлеміне,
Атадан қалған кеше асыл арна!

Алтай, шор атқа қонып, аң қуады,
Тұтасып, табиғатпен таң қылады,
Тамсанып таңғы шыққа, тау-тас кезген,
Тап-таза жан сарайы, нәр бұлағы!

Қазақ

Танысаң, мен халықпын, атым - қазақ,
Тарихта талай ауыр тарттым азап,
Көтердім көк байрақты азат ел боп,
Жалғанда қазақ болу қандай ғажап!

Мен қазақпын, мейірбан мұсылманмын,
Мейман келсе төрімді ұсынғанмын,
Мың сан жұртты сыйғызып құшағыма,
Мандайынан сипадым қысылғанның!

Кең дала, атамекен, шаңырағым,
Салт жүрген, сал-серілер салып әнін,
Тұраннан түлеп ұшқан түлектердің,
Тілекпен табысқанын сағынамын!

Жоғалмай, ерлік намыс, елдік есің,
Мыңдаған жылдан өтіп, келді көшің,
Үйлесіп адамзатпен түрік жыры,
Азаттық туы мәңгі желбіресін!

11 – 16. 08. 2018ж.



**COMIC TUNES OF THE WORLD.
ӘЛЕМНІҢ ӘЗІЛ ӘУЕНДЕРІ.
ШУТОЧНЫЕ НАПЕВЫ МИРА.**



Атланттан атпен өткен аталарым...
Ancestors who crossed the Atlantic on horseback...
Предки, пересекшие Атлантику на коне...
Әзіл поэма. The poem is humor. Поэма – юмор.

Шығысқа шырқағандар

Уақыттың көк мұхиты тулағанда,
Заманның көк дауылы шулағанда,
Толқыған ру-тайпаның тарихынан
Топшылап, бір толғайын тыңдағанға!

Қиялап тау мен тасты Керей басқан,
Шатыр деп қайда болсын мерейлі аспан.
Шығандап Қиыр Шығыс шығып кетіп,
Басталған дейді содан Корей дастан!

Тарылып өскен елге жапан далам,
Жер шолып, менің атам Жапон барған.
Киото – киік оты, тоғайған соң,
Тоқ үйі – Токио тек атанбаған.

Шуылдап, жылқы қайда оттайды деп,
Дуылдап, шай қоятын от қайда деп,
Аралды азан-қазан қылғаннан соң,
Аталып кеткен екен Хоккайдо боп.

Аралы қоңсы қонған Хонсю бопты,
Күйсеуі, мал тойынып, Кюсю бопты.
Бабамыз басын қасып жағалауда,
«Апырмай, не деген суй, мол су!» – депті.

Аралдың бір төресі Окинава,
Орын бар ол жерде де қоқимаға.

Қиратудан карате ойлап тапқан
Кератаңа қарама қоқилана!

Бір атаң өскен екен білікті боп,
Ел оған лақап берген Біліппін деп.
Су кешіп, бір аралды иемденді
Тарихта аты қалды Филиппин боп!

Біліппін сүйген екен Мәмиләні,
Мың қыздан нақ сүйерін тани алды,
Сүйгені Мәмиләні соншалықты –
Атаған астанасы Маниланы!

Шашылған дүниеге талай атам,
Самоаны жайлаған Самай атам,
Атаңды Малайзия деген ел боп,
Балықтың майын ішіп Малай атам.

Тайып хан Таитиге тайып кетті,
Қайып хан Гаитиде қайық тепті.
Мая би Майамиде маймыл қуып,
Гавайда Қабай атаң «кәйіп бопты»!

Сырықтай сирақтары суда тұра,
Шөмішін тұнық суға шым батыра,
Сусынын қандырғасын Суан батыр
Аталып кетіпті арал Суматра!

Бастады Бандар сері жол алам деп,
Қолқанат болды інісі Бегаман кеп,
Мұрын ел Брунейді мекен етіп,
Тұр бүгін Бандар-Сери-Бегаван боп!

Масқарды бастап шыққан Мадақ, Асқар,
Қоржында қырық-елу қадақ ас бар.
Теңізде шөлден кеуіп, аштан қатып,
Аралға әрең жеткен Мадагаскар!

Батысқа беттегендер

Көрмеген ақылынан артып айла,
Бармаған аталардың аты қайда?
Сванетия Сыбанға мекен болып,
Адыгей қоныс бопты Атығайға!

Қарашай Қарасайға бөтен емес,
Черкестен Шеркеш алыс кетер емес,
Атауларға ақырын ой жүгіртсең,
Ұқсауы түбірінің бекер емес!

Албания Албандар алған мекен,
Хорватың Қарқабаттан қалған екен.
Серіби Сербияға қанат жайып,
Қарадөң Черногория болған екен!

Жорыққа Балталы да аттаныпты,
Алпыс бір ала балта саптаныпты.
Теңізге алты балта батып кетіп,
Балта батқан Балтық деп ат қалыпты!

Басында әр тарихтың аталық тұр,
Көнеден қиялыңмен хат алып тұр,
Ителі Апеннинде қалып қойып,
Бұл күнде Италия аталып тұр.

Ыстыдан ысылған ер Ыспан екен,
Ысықтан Мортығали қосқан мекен.
Пір ене – Пиренейге тұрақтаған,
Бүгінгі Португалия, Испан екен.

Бірігіп Керей-Найман өріс тапты,
Олардан Кермания – неміс қапты.
Шатланып шот маңдайлы Шотаманың,
Жерінде Шотландия жеміс тапты!

Тауыпты Есентемір Ерлан қия,
Әйгілі осы күнгі Ирландия.
Рахиябек – қазіргі Рейкьявик,
Исландия – ер Еслан құрған ұя!

Нұралы, Нұрымбетпен Нұрбек, иә,
Тараған Ақымбеттен, бір боп ұя,
Бөлініп о да көшіп, шырқап кетіп,
Барған жері белгілі – Норвегия!

Барыпты Балға Керей Балқан тауға,
Бораннан орай-борай қалқан тауға.
Қорған сап, Болгария болып қазір,
Аттарын күз жартасқа арқандауда!

Қалатын ұлы көштен Керейт пе еді,
Көлденең кезіккенді дүриттеді.
Өкірген бір заманда минотавр,
Үңгірді үй ғып алған Криттегі!

Мұхитта бір арал бар Мальта деген,
Дауылда адасқандар қалқа көрген.
Аралға аман-есен әрең жетіп,
Матайлар түп қоржыннан малта жеген.

Америка асқандар

Көшпенді кәмшат киген, қамшы, аттылы,
Көшкенде, қара көзден тамшы атқыды.
Камчатка – түбек аты содан қалған,
Еске сап елдегі өзен Қамсақтыны.

Сібірден теңіз кешіп, әрі асқанда,
Атаңның шарықтаған әні аспанға.
Түбекті Әлі батыр тіліп өтіп,
Айналған Аляскаға – Әлі асқанға!

Әуенді атаң солай әуелетті,
Қажымай алға бастап әлеуметті.
Әліден ер Әлеует туған екен,
Алеут деп жүрміз ғой әлеуетті.

Тарыдай дүниеге тарағанда,
Бір тайпа ел тақ тұрыпты Қанаданға.
Торы атпен Торонтоны көктей өтіп,
Қоныпты Торы қыпшақ Канадаға!

Жүгірткен жүйрік ойын ми шығанға,
Тежей ме Оңторыны үйшік алда.
Онтарио көлінде аңтарылып,
Бишіхан ат қаңтарған Мичиганда!

Қысқанда бабаларды заман қатты,
Етігін ескі көнмен табандапты.
Еру боп Ергенекті жағасында,
Көл аты Эри деген содан қапты.

Алысқа ат барады ақтабанда,
Тоғайып шалып, жусап, оттағанға.
Бас болып топ Табынға ер Отаман
Тигізген Оттавада от табаға!

Байға тоға бола ма майда қоға,
Кім білсін, қайда табыс, қайда тоба.
Айдахар деген атаң айналсоқтап,
Ақыры қонған екен Айдахоға!

Қалыспай ер інісі Арқан жас та,
Тоқтапты табан тіреп Арканзасқа.
Аризона мекен боп Әрижанға,
Байлаған тұлпар басын қалқан тасқа!

Бостонның өзіміздің Бостан екен,
Дортмундты Дөртуылың ашқан екен.
Конкордты Қоңыраттар қоныстанып,
Дулутты қалың Дулат басқан екен!

Өткен іс уақиғадай тап кешегі,
Қалыспай қалың елден Уақ көшеді.
Осы-ау деп Уақ кешені ойға қалам,
Картадан көрген сайын Уокешоны!

Мол ырыс бұйырмас деп монтаны ерге,
Бастаған Маңғытайды Монтан мерген.
Тәуекел түбі сөйтіп желқайық боп,
Бүгінде монтиып тұр Монтенегро!

Қалыспай Қияттағы Қиыс тоңға,
Кіріптар болмаймын деп киіс тонға.
Қиқайып, қиыс жолды қиып өтіп,
Қоныпты көшін бастап Хьюстонға!

Атаңнан талай тылсым ат қалыпты,
Аңыз боп, әуемізде жатталыпты.
Аттылы ант бергесін Аттилаға,
«Атлант!» деп, Атлантыңа аттаныпты!

Атамыз жүйрік көздеп, жүре кезді,
Жан тартып, бүйрек бездей Ирокезді.
Ереккөз, Үйреккөзге ирек кездей,
Жақындығын сезбей ме жүрек көзі!

Ғұмыры атыспенен атүсті өтті,
Алысып, жау жеңбеген Ацтекті,
Ас та төк бай боп өткен алыстағы ел,
Еріксіз еске салар асыл текті!

Үндісте үлкен тайпа Майя дейді,
Майяның ата-тегі қайда дейді?
Майя деген атамыз Мая би деп,
Майқы бидің ұрпағы жая жейді!

Аңызды жұрт құптайды, бұлт айтады,
Қағып ап құймақұлақ құтайтады.
Ап-ащы, апа, ащы дегенді естіп,
Жат жұрттар Апач депті бұл тайпаны.

Ел үшін жаннан безген бейнетті ұлды,
Әспеттеп талай көркем бейне туды.
Тегін бе бала күннен бауыр көрсек,
Көсемі апачтардың Виннетуды!

Уақыттың отымен көп дерек күйді,
Аңыздан аңғара біл ерек күйді.
Ер мінезді Серекке ұқсатамын,
Үндістің өр тайпасы Черокиді!

Қағазда хатталмаған қан шығыны,
Жаһанға жеткен шындық жан шырылы.
Команчи деп атаса, күмәнші кім,
Түп тегі Құман-Қыпшақ Қамшылыны!

Баласы Ақсарының Еменалы,
Інісі бірге туған Семеналы.
Семинола үндістер сол емес пе,
Тарихы танылмаған терең әлі?!

Ұлдары Күрсарының кілең батыр,
Гуронның түп атауы Күрең батыр.
Могиканың кәдімгі Мағихан ғой,
Әр атаудың артында бір ел жатыр!

Мағихан биіктікке шын ғашық боп,
Ат қойған бір ұлына Шыңға Шық деп.
Чинга Чгук танылған бар әлемге,
Басқыншыға балтаңды құмға тық деп!

Көмескі континенттің көп сиқы әлі,
Қоңырат суды бүркіп, от сипады.
Текесі текила ішіп, Техас кетіп,
Мекесі мекен еткен Мексиканы!

Үш батыр Кәріп, Құбай, Қабан аған,
Теңізден өтуді аман амалдаған.
Теңіз – Кариб, ал елі Куба атанып,
Тауыпты астанасын Гаванадан!

Каноз деген қайық Қанай мінген,
Қорықпай тұңғыықтан қалай мінген?
Мінгені Байлар, Жандар байдарка боп,
Канарға жетіп, шөлім қанар деген!

Теңізден тірі шығып, тобаға кеп,
Тобықты тобық жепті, жобаға кеп.
Бастаған Тырыли Дат, Тобағабыл,
Тұр бүгін Тринидад Тобаго боп!

Інісі Көнсадақтың Көндірас хан,
Арманы – ақша бұлт пен мөлдір аспан.
Жел мініп, желкен керіп, жаһан кезіп,
Ақыры бір-ақ шыққан Гондурастан!

Қосарға арымайтын құла атын ала,
Аман-сау жерге жетіп Гватемала.
Тапсырып ұлдарына ел тізгінін,
Демалды Ашамайлы қуат, ем ала!

Балға айтты: «Ойып тасты, тегіс үй, Балта,
Дауылдан болар бізге келісті үй қалқа!»
Тасқа тіл, ағашқа күн туғызатын
Қос Керей қала салды – Тегусигальпа!

Қыздырып көздің құртын тамаша үй тұрған,
Тұтанып, тұтты дейді Танаш би тұлан.
Көшебе, Тарышыны жұмылдырып,
Қала сапты, атақты Теночтитлан!

Түбірін қусаң сөздің балама көп,
Көп атау қалған екен жанама боп.
Паң анаң Паң атаңмен пана тауып,
Аталып кеткен екен Панама боп.

Бір ата көшкен керей Қарақас та,
Қарамай қара теңіз, қара тасқа.
Венесуэла – көне су елге барып,
Ат берген астанасы Каракасқа!

Ягуар – жағы барды қу қуар деп,
Тұрғанда, қалған екен қуғуар кеп.
Қуғара қылыш алып, қиқулады:
«Құрғырды қорқыратып қу, Ғұмар», – деп!

Теңізді, жердің түбін табам алдан,
Деп шарлап, Бағаналы Бағам бағлан.
Кез болып аяғында көп аралға,
Белгі боп ол заманнан Бағам қалған.

Көргендер көп кедергі төрде билер,
Тау-тасты тесіп өткен Керделілер.
Кердері кеп жеріне күрке тігіп,
Атанған керілген тау Кордильер!

Жолынан адастырмай анты бастан,
Жалайыр Андас атаң Андыны асқан.
Жайылып мекендепті тау аңғарын,
Арты – аңыз аттаныстың, алды – дастан.

Өзен бар орғи аққан Ориноко,
Көзге ыстық шөлден кейін көрінді өте.
Кеңесіп Өрімбике, Арынбөке:
«Біз үшін, – десті, жайлы, орын, көке!»

Қалым би тапты бойлап жолын қия,
Келімберді Адайға толымды ұя.
Дауылды заманнан соң дамылдап ел,
Болыпты өркен жайып Колумбия!

Жан жеңбес айы батпай айбаттыны,
Бөле би бастап барып Байбақтыны.
Болыпты байырқалап Боливия,
Аңыз ғой, демесең де айғақ мұны!

Екейден аттаныпты екі батыр,
Бір туған Үке менен Көкі батыр.
Екеуі еңсе тіктеп, ел болыпты,
Бүгінгі Эквадорға жетіп ақыр!

Ай ана айналған ғой Гайанаға,
Әйтпесе, ұқсатасың қай анаға.
Гвиана емес пе Бүби ана,
Болады ой жүгіртсең айналаға.

Сырманақ сұр қылаңмен сұғынған ба,
Бір сәтке үңіліп көр Суринамға.
Сыр ұғам Сыр-намадан деп тұрғандай,
Құпия қызығынан құры қалма!

Парақбай Тарақтының дарағы бай,
Жейді екен жалшысы – жал, барағы – май.
Ел бопты қанат жайып бара-бара,
Парагвай – тарихтың бір парағындай.

Қырықбай бай болғанда құрығы май,
Ұрықбай інісі екен ұрығы бай.
Ұрпағы өсіп-өніп, ел болыпты,
Уругвай – құрылықтың тұғырындай!

Көп іздеп жанға жайлы жақсы мекен,
Шеруші, Меркіт шеру тартты ма екен.
Перуден періп өтіп перілердей,
Чилиден шилі өзенін тапты ма екен?!

Чилиде атақты шөл Атакама,
Аң қуып барды ма екен Ботақара?
Қиқулап, саятшылар жан-жағынан,
Дегеннен шықты білем, ата, қама!

Сол жақтан қоныс алған Арғын, Тана,
Пампастар мал-басына болған пана.
Бұл күнде ұлан-байтақ айтулы жұрт,
Әлемге даңқы шыққан Аргентина!

Біраз ел Бразилия жатыр жалпақ,
Кигені шолақ дамбал, шатыр қалпақ.
Бір әзілге ұқсайды жүрісі де
Тарамыс, серіппедей, батыр талтақ!

Асықты, Рамазандай сабаз омпә,
Түсірсе, ұшырады Тама жоңқа.
Таяғы тиген жерден бұлақ шығып,
Арналы өзен бопты Амазонка!

Тау кернеп, тастан өрлеп, үңгіп асу,
Білмейтін сарқырама бір жуасу.
Жаһанда теңдесі жоқ мың құлаштай,
Игі су, биік асу – Игуасу!

Алғасын жағасында Тоқа тыныс,
Бір өзен атаныпты Токантинс,
Тапал жас тоқталыпты Тапажосқа,
Тапқан соң талшық қылар қатаң жұмыс!

Жантекей жағалауға барған тақап,
Туым деп Жанайдарды алған атап.
Рия жоқ, жан мейірін іздеген соң,
Рио де Жанейро боп қалған лақап!

Сәмбіні кім аңғарар самбадағы,
Билейді ләңгі адамы ламбаданы.
Карнавал әуеніне құлақ түрсең,
Сезілер көне күйдің сарнағаны!

Өткеннің оймен кешіп теңіздерін,
Түбірлеп көрдім сөздің негіздерін.
Атланттан атпен өткен аталарым,
Әзілмен әлем кезіп, сені іздедім!



ӨЛЕҢДЕР



Шүкірлік

Бір Алланың
Бұйырғанын құп алып,
Атқан таңға
Тәуба қылып, қуанып,
Тіршіліктің талқысынан түңілмей
Тәуекел ет,
Талаптанып ту алып.

Таңғы шықтың
Тамшысына тамсанып,
Күн сәулесін
Күліп тұрып қарсы алып,
Жер жұпарын
Толтыра жұт кеуденді,
Кім біледі
Дем қалғанын қаншалық?

Әрбір жұтқан
Демге де қыл шүкірлік,
Әр бір татқан
Дәмге де қыл шүкірлік,
Күнге шүкір,
Шүкір және түнге де,
Тіршіліктің әр сәтіне шүкірлік!

Қазақтың баласымын

Аңсаған адамдардың жарасымын
Арнаған туған елге бар асылын,
Қиялы көп болғанмен зияны жоқ
Қазақтың мен де ақкөңіл баласымын!

Кейде тоқ, кейде болдым жүдеу-жадау,
Керек пе сөз көбейтіп бәрін санау?
Апырмай, мен де осындай болсам дейтін

Тұлға көп адамзатта қадау-қадау,
Ешкімнің биігіне таласпаймын
Өзімнің жолым жатыр тарау-тарау!

Жалғанда жаманшылық қуыспаған
Адамдар ақ пейілді туыс маған,
Алла деп ақ сөйлегем домбыра алсам
Жалтақтап және ешкімнен ығыспағам,
Түсіме кіріп ұлы бабаларым
Жолбарыс жон арқамнан уыстаған!

Су кетпесін мөп-мөлдір бұлақтардан,
От кетпесін тұтанған шырақтардан,
Белдерің бүгілмесін еңсең түсіп
Арқаңа тірлік артқан сұрақтардан,
Ұзақ та мәнді болсын ғұмырларың
Қазақтың өлеңіндей шумақталған!

Мәңгілік жырлай берсін дала тынбай,
Жырларын өсе берсін бала тыңдай,
Көргенде жарқын жүзді адамдарды
Аппақ нұр жүрегіме толатындай,
Сол нұрды көбейсін деп дүниеге
Себемін қарлығаштың қанатындай!

Бала күнгі жұлдыздар

Шексіздіктің біледі кім мөлшерін...
Қиялдадым...
Жер, көкті,
Күнді өлшедім,
Жете алмадым түбіне
Бар сезгенім
Шексіз ғалам...
Мен сенің бір бөлшегің!

Ой азабын арқалап сенделіп тым
Кетпесем де,
Көп сырды желден ұқтым,
Шырылдайды шыбын жан шырқау іздеп
Шырмауынан шыға алмай пенделіктің.

Пендешілік...
Дүние – ай,
Пәни жалған,

Дәурен – ғұмыр...
Осы ма нағыз арман?!
Менің жаным мәңгілік мән іздейді
Галактика,
Ғарыштан,
Жұлдыздардан.

Құштар болдым жұлдызға
Бала кезден,
Жылқы бағып кезекпен, дала кезген,
Жұлдыздар мен жанымның арасында
Бір жақындық барлығын қалай сезгем?!

Айсыз түн
Айдалада
Ұйқы қашқан,
Пысырады жылқылар жусап жатқан...
Естен тана үздігіп Құс жолына,
Ұшып кеткім келетін жұлдыз жаққа.

Мөлт, мөлт еткен жұлдыздар
Көп, көп еді,
Жерге тамып кетердей көркем еді,
Суырып алардай боп өзегімді
Шақыратын жан қоймай көкке мені...

Таң атарда қоштасып, қимайтынмын,
Әлденеге ішімнен жылайтынмын,
Сыйса деуші ем
Бар ғалам жүрегіме
Сыя қоймай ол мені қинайтұғын!

Жарты ғасыр өтіпті,
Өмір легі...
Бір тынбайды қаланың дүңгірлегі,
Тынысыңды тарылтып түнгі лебі,
Жұлдыздар да қазіргі өзгешелеу
Әлде өзгерген мен бе екем,
Кім біледі?!

Бүгінгінің балдары біздей ме екен,
Көктің сырын сезе ме,
Сезбей ме екен...
Менің таза, мөп – мөлдір жұлдыздарым
Бала досын даладан іздей ме екен?!

Жұмбаққа толы дүние

Түңіле берме өмірден
Түңілгенде не етерсің?
Күңірене берсең күн-түні
Күңпір де болып кетерсің.

Ашам деп көңіл сарайын
Көп күлгенде не етерсің?
Кеңкілдей берсең күн-түні
Кеңкелес болып кетерсің.

Иіле берме әр неге
Иілгенде не етерсің?
Бүгіле берсең бір жола
Бүкір де болып кетерсің.

Көтере берме кеуденді
Көпіріп қайда жетерсің?
Көбіктің түбі өтірік
Үп етсе ұшып кетерсің.

Бойына сыймай қуатың
Бұзып-жарғанда не етерсің?
Қиянат-обал арқалап
Бір күні мүрдем кетерсің.

Сұлумын деп сүйініп
Секеңдегенде не етерсің?
Сүйкене берсең әр неге
Сүйкімсіз болып кетерсің.

Үрейге бойды алдырып
Үрпигенде не етерсің?
Үңги берсең өзінді
Кеуек боп босқа кетерсің.

Әр нәрсе тәтті дәмімен,
Бәрін де татып өтерсің.
Жұмбаққа толы дүние-ай,
Мәніне қайтіп жетерсің!!!

Досың жоқ па...

Досым жоқ деп күйінеді көп пенде...
Дос боларлық кісі құрып кеткен бе,
Дос емес пе саған мына ұлы өмір
Көшкен бұлттар, келген құстар көктемде?!

Нағыз достық—ақ тілеуі елдің де,
Қуат берер аңқылдауы желдің де,
Андайың мен мұндайыңа қарамай
Достық шығар көтеруі жердің де,
Жұрттың бәрін жазғырғанша, ойлашы,
Шын жүректен өзің дос боп көрдің бе?!

Досым жоқ деп елге өкпелеп жылама,
Доссыз болсаң, тек өзіңді кінәла,
Өзің егер бере алмасаң елге нұр
Жүрегіңе жұрттан шуақ сұрама!

Қанат

Қанатсыз адам болмайды
Бәріне қанат берілген,
Қияда қыран самғайды
Ұшуға қораз ерінген.

Біреулер пайда табатын
Қыздырып мамық саудасын,
Сыпырғыш қылып қанатын
Тазалар біреу ауласын.

Жаза алмай еркін құлашын
Бір-бірін бөгеп, қаққылап,
Қанаттар қанша ылашын
Ұша алмай кеткен шапқылап.

Дарынды туған дүрлерге
Артады заман ауыр сын,
Ұшам деп енді жүргенде
Жұлынып біткен қауырсын.

Тірліктің тапқан жайлысын
Талғамы қызық санаттың,
Кім ұғар екен қайғысын
Самғаусыз өткен қанаттың!

Жалғыздар

Ару қыздай ғашығымен табысқан,
Ай құяды аппақ нұрын ғарыштан.
Шетсіз, шексіз тұңғиықтан сескеніп,
Жалғыз жерді серік қылған алыстан.
Ай нұрынан ақыл-ойы қозғалып,
Қиялданды қанша нәзік данышпан.

Ай да жалғыз, жер де жалғыз, күн жалғыз,
Мың-миллион болса да адам-шын жалғыз.
Құдай жалғыз, құдай деген жан жалғыз,
Қастық қылмас бір жалғызға бір жалғыз!

Өмір сынағы

Жанталасқан дүние
Жаралайды жаныңды,
Сол жараның уыты
Аралайды қаныңды.

Қозады-ай келіп жындарың
Ызадан ыза туады,
Абжыландай көрінер
Тірліктің түйткіл сұрағы.

Арамдық, алдау, ақымақтық,
Келеді бәрін сындырғың,
Болмауға тиіс бұлай деп
Ай-әлемге шыңғырғың.

Ашуға бойды алдырсаң
Ажалдан бұрын өлерсің,
Өмірдің сансыз сынағын
Сабырмен ғана жеңерсің.

Сабыр ғып тазарт жаныңды,
Қаныңды, қуат, тәніңді,
Біткенше демің шырқай бер
Өзіңнің өмір әніңді!

Аппақ қар

Қар жауып тұр...
Жапалақтап
Аппақ таза сезімдей,

Қалықтап кеп
Қонып жатыр,
Қонғаны да сезілмей,

Бір рахат күй
Кешіп келем
Көше бойлап, оңаша,

Жан-дүнием
Жермен,
Көкпен,
Біртұтасып егіздей.

Аппақ қарлар,
Кіршігі жоқ,
Қай сәуледен жаралдың?

Тозып кеткен,
Тіршілікке,
Мөлдірлік боп таралдың,

Кейде, достым,
Ұшып кеткің
Келмей ме осы ғарышқа,

Содан кейін,
Аппақ қар боп,
Жерге қайта оралғың?!

Әр адамның әлемі

Әр адамның
Өз әлемі өзінде,
Жүрегінде,
Санасында,
Көзінде,
Ортақтасып
Кіре алмайды басқалар,
Біреу кешкен
Өмірлік ой- сезімге.

Біреу көрген азаптан да,
Рахаттан,
Бөлек етіп,
Өз сағатын санатқан,

Бір-біріне кіріктірмей,
Кісіні,
Құдай қалай
Керемет қып жаратқан!

Бөлек сенен
Ата-анаң да,
Ел,
Бала,
Дос та бөлек,
Сырлассаң да мұңдана,
Сезілетін анық нәрсе
Сен үшін,
Шексіз ғалам ортасында,
Сен ғана!

Көк пен жер де,
Көкжиекпен бөлінген,
Көк теңіз де,
Көз ұшында көрінген,
Көңіліңе
Сыйғыза алсаң болғаны,
Күллі ғалам
Саған сыйға берілген!

Бұйрық сырын
Сезінбесек
Өспейміз,
Күн-шуақпен
Жерден өніп, көктейміз...
Сүю үшін жаратылған ғаламды,
Өктемдік қып
Неге билеп, төстейміз?!

Түстегі есеп

Мұғалімдерім,
Кіреді кейде түсіме,
Жайнаған тудай,
Баяғы жап-жас пішінде,
Бала боп жүрем,
Құрбыларыммен асыр сап,
Ұядай ыстық,
Мектептің ескі ішінде.

Есепті таппай,
Алдында тұрам тақтаның,
Қып-қызыл болып,
Шымырлап төбе қақпағым...
Оянып кетіп,
Ойланып қалам,
Ойпырмай,
Оқушы ем жақсы,
Шешуін қалай таппадым!?

Бұл неткен есеп,
Көлденең тартқан сұрағын,
Өмірлік сауал
Сияқты көріп тұрамын,
Дәл тауып мәнін,
Беретін жауап түрім жоқ,
Өзіңіз айтып,
Жібермесеңіз мұғалім!

Ескерткіштер

Күн еңкейіп,
Көлеңкелер кешкілік,
Ұзарғанда
Бой теңесіп, шеп құрып,
Ескерткіштер ел кезетін сияқты
Елес қуып....
Егескендей
Ессіздік пен Естілік.

Тірі жанды талқыға сап
Қысты өмір
Көкке ұмтылды
Шырылдаған құс көңіл...
Кеуде керіп күрсіне де алмайды
Тасқа қонып
Қатып қалған мыс темір...

Неге оларды байлап қойған тұғырға?
Байланғаны аз болғандай ғұмырда ?!

Нөмір мен Өмір

Құдай білер,
Шектен шығып тасқанды,
Халық сүймес,

Қалыбынан асқанды.
Бірінші орын
Екінші орын
Үшінші...
Деп нөмірлеп
Тарих жазу басталды!

Неге сонша
Құмар болдық нөмірге?
Өкім айттып
Өтіп кеткен өмірге.
Нөмірге өмір сыймайды ғой,
Ойлап көр,
Көнбейді ғой,
Ілімге де, көңілге!

Миллиондап
Адамды айдап қасапқа,
Өртеп,
Отап,
Дән қалдырмай масақта,
Жаулап алып
Жалмап жұтқан жан- жағын
Тарихты тек
Біріншілер жасап па?

Не бір ғажап
Ерлер өткен еңіреп,
Айта алмайсың
Бірін ауыр,
Жеңіл деп.
Ақиқатқа жетесің бе,
Ойлап көр,
Аталарды
Аналарды
Нөмірлеп!

Желп-желп еткен,
Жер жаһандық желікпен,
Естен танып есеп қуған,
Еріккен,
Жарнамаға,
Жанын сатқан жайсаңдар,
Нөмір құмар,
Орын құмар,
Неліктен?

Нөмірлеумен
Түсінбессің заманды,
Нөмірлейді поездарды,
Вагонды,
Нөмірлеген,
Концлагерь, Гу Лагта...
Нөмірлеуге
Болмайды ғой адамды!

Ақыл-ойға,
Әділетке жүгінші,
Дүниенің
Шексіздігін ұғыншы...
Әрбір адам
Қайталанбас құбылыс,
Әрбір адам,
Өз орнында Бірінші!

Семсер мен соқа

Салдыр, гүлдір, қиқы, жиқы,
Қисық соқа жерді жыртқан.
Семсер мінсіз, сұлу мүсін,
Сілтеп қалсаң, елді құртқан.

Кие қонған сертті семсер,
Ерге серік ел қорғаған.
Сергелденді кер заманда,
Семсері бар қор болмаған.

Әлем кезген семсер тарих,
Төгілген қан, теңіз баян.
Жер қыртысын жыртқан соқа,
Егілген дән, өгіз аяң.

Серке мінез сері ақындар,
Семсер жайлы сермеген жыр.
Қара соқа қасиетті,
Өлең болып көрмеген бір.

Артық болып саналады,
Таң қаласың өлшемдерге,
Дән себетін соқадан да,
Қан төгетін семсер неге?

Шындығында, ойлап көрші,
Соқа жақын дос адамға.
Музейлерде семсер төрде,
Соқа жатыр босағада.

Өткір семсер өлім сепкен,
Қисық соқа өмір сепкен,
Ешкім соқа болам демес,
Бәрі семсер көкірекпен.

Семсер бейім ерегеске,
Жүрген жері сор емес пе?
Өмір дәнін сепкен жерге,
Соқа нағыз ер емес пе?!

Үзілмеген тамыр

Талай ақын
Таңдай қаға жырлаған,
Бурабайда,
Куә болдым мынаған.
Сұлап жатыр,
Қара таста қарағай,
Түбірімен,
Опырылып құлаған!

Жығылса да,
Жардан ұшып кетпеген,
Жапырағы
Күнге күйіп, кеппеген.
Бірінші рет көріп тұрмын,
Ағашты,
Жер бауырлап,
Құлап жатып көктеген!

Қайта айналып,
Қонатындай бағы алдан,
Қара жерден,
Әу басында жаралған,
Үзілмепті,
Шұбатылған бір тамыр,
Жарып шығып қара тасты,
Нәр алған.

Көтерсең де жүктің қандай,

Ауырын,
Замананың,
Көрсен де қай дауылын,
Қай қиырда,
Қандай күйде жүрсен де,
Туған жерден,
Үзілмесін тамырың!

Көкше. Қысқы орман.

Сақылдаған сары аязбен тіресіп,
Сарт-сұрт сынар сұлу бұтақ сіресіп.
Қарағайлар қалқып бара жатқандай,
Ұшар басы ұшпа бұлтқа ілесіп!

Жортады аңдар аштық қуып інінен,
Тағдырларын қарға жазып түнімен.
Қырау шалған аңшы кезер құмартып,
Шимай-шиыр жазуды оқып күнімен.
Тұнық жырды тыңдайтындай ақ тиін,
Қарағайдың дыңылдаған діңінен.

Сере қардың сүйкей басып күртегін,
Арлан бөрі сездірмейді бүлкегін.
Ақ көрпесін қымтанады жан-дәрмен,
Үркек қоян үлпілдетіп үлпегін.

Түсінбессің қанша түрсен құлақты,
Құйтақандай құсқа біткен қуатты.
Аяз құшқан ақ орманның тірлігі,
Тоқылдақтың тұмсығында сияқты!

Өкпе

Неге сонша болдық екен өкпешіл,
Өкпелеуден басталмай ма көп кесір?
Бір өкпеге бір бауырдан қиғасын,
Тоз-тоз болдық,
Шашылғандай шөпке шіл.

Өкпелей сап,
Ойда жоқта тектен-тек,
Өткенді айтып
Жалғастырып кекке кек.
Жегідей жеп,

Күйдірердей жақынды
Бұл өмірге
Келіп пе едік өкпелеп?!

Қайтсем табам
Деп біреудің көңілін,
Қайран қазақ
Өксітеді өмірін.
Сүйретумен
Келеді әлі өкпесін,
Өкпесімен
Шырмап алып бір-бірін.

Мұны біліп
Сырттан баққан жымысқы,
Айдап салып
Араз қылған ұлысты.
Қылт ете қап,
Сәл нәрсеге сылт етіп,
Айырбастап жібереміз ұлы істі.

Өкпелеумен
Өртенсе егер өзегің,
Өксуменен
Өтеді өмір, сеземін...
Өз өкпеңді
Өзің кешір алдымен,
Өссін десең
Өз Отаның,
Өз елің!

Жеңіс пен Жеңіліс

Жеңілу, жеңу
Ежелден егіз.
Құм көшіп келсе
Шегінді теңіз.
Ақылгөй жоқта
Әңгүдік сөйлеп,
Жолбарыс жоқта
Семірді доңыз.

Біреуді жеңіп
Сындырып сағын,
Баянды болмас

Қондырған бағың,
Дүние кезек
Бүгінде жеңсең,
Бір күні келер
Жеңілер шағың.

Керемет болып
Кетем деп асып,
Жұлқынсаң жұрттың
Кеудесін басып,
Жапанда жалғыз
Жабырқап жүрме,
Басыңа тиіп
Берекең қашып.

Шапқының сенің
Біреудің құны,
Шаттығың сенің
Біреудің мұңы.
Біріңді-бірің
Жылатып жеңу,
Осы ма, досым,
Өмірдің сыры!

Күрессіз өмір
Болмайды десіп,
Бір-бірін қырып,
Қызыл қан кешіп.
Адамзат қане,
Мұратқа жеткен?
Біреуді таптап,
Кетпейсің өсіп.

Біреуді жеңсең,
Шығад дейт атың,
Адамға адам,
Емес пе жақын?
Біреуді жеңіп,
Үстемдік құрар,
Бір құдай берген
Бар ма еді хақың?!

Адамды адам,
Өзіндей көрсін,
Кеудесін кермей,
Көңілін бөлсін...

Жетелі болсаң,
Жетерсің ойлап,
Жеңген де сенсің,
Жеңілген сенсің!

Сатты ма досың...

Шынымен сенген сатты ма досың,
Жаныңа қатты батты ма тосын?
Сүрінген кезде сыртыңнан күліп
Табалап таспен атты ма сосын?!

Еріңнен ауып, атыңнан құлап,
Құшақтап жерді жаттың ба жылап?
Мұң шағып барсаң мұқият тыңдап,
Сырынды ұғар таптың ба құлақ?!

Не болды саған, соншама күйреп,
Кім сені қолдар, жан сала сүйреп?
Жолынан азып қайтпаған атаң,
Жатса да дұшпан қаншама түйреп.

Өмір де кейде етеді мезі,
Көп жәйтке жанның жетеді көзі.
Алғыс айт оған, көрсетіп берген,
Өзінің қандай екенін өзі!

Сабағын тағдыр түсінген жоқсың,
Алдандым-ау деп күрсінбе көп тым.
Қайтер ең сатса сол досың сені
Қып-қызыл майдан, ішінде өрттің!

Сен оған сеніп барлауға барсаң,
Шайқасып жаумен шырмауда қалсаң.
Жапанда жалғыз жаралы күйде,
Ол тастап кетіп, арманда қалсаң.

Қайтер ең, тіпті желкеңнен атса,
Жап-жарық күнің ертелеу батса...
Ендеше қазір елең де қылма
Дұшпан боп досың желдетіп жатса.

Достықты нағыз маржанға бала,
Жылтырақтарға алданбай қара.
Аман-сауыңда құтылғаныңа қуан,
Азба да тозба арзанға бола!

Күйіп-піспе

Күйкілікке күйіп- піспе,
Күйіп-піссең- біткенің.
Күліп қара- күле білсең
Бір жеңіске жеткенің.

Ит үрді деп сен де үрме,
Үрсең –ит боп кеткенің.
Керуенінді кері бұрмай
Жүрсең – аттап өткенің.

Жымысқыға жаның аурып
Жын буса да, алдырма.
Ақымақпен алысам деп
Аяғыңнан шалдырма.

Залымдыққа ыза болып
Ізгіліктен айныма.
Зұлымдыққа зұлымдық қып
Қалма мәңгі қайғыға.

Өмір – сынақ,
Сауалы көп,
Сабырмен тап жауабын.
Өзі білер бір жаратқан
Зауалы мен сауабын!

Ғажайып күй

Өзіңмен қалсам кезігіп
Ғажайып бір күй туатын.
Екеуміз ғана сезініп
Екеуміз ғана ұғатын.

Айтуым керек болса да
Сөз табу қиын мұндайда.
Айым-ау, мені қинамай
Айтқызбай білсең болмай ма?!

Алаулап нұрың жүзіңде
Ботадай көзің мөлдіреп.
Жарқ ете қалған кезінде
Кетеді жаным елжіреп.

Наздана күлсең сыңғырлай
Жадырар жаным жаңарып.
Жаңбырдан соңғы қырлардай
Дүние кетер тазарып!

2000 жс.

Сен ешқашан өзгерме

Бейнеңді іздеп мен сенің
Өмірді оймен өлшедім.
Өзіңмен өткен күндерге
Жанымның бердім бөлшегін.

Арайлы күндей көріктім
Ағарған таңда көріпшін.
Есімнен қалай тандырып
Елес боп қайдан жолықтың ?!

Сүйегің қандай текті еді,
Көздерің қандай отты еді.
Жаныма шуақ құйылып
Жұтқандай болдым оттегі.

Сәуірде келген сәулелім
Сәулеңді таппай әуремін.
Ғайып боп кеткен бір сәтте
Дәуірге татыр дәуренім!

Жыр ойнаған сөздерде,
Нұр ойнаған көздерде,
Аймен бірге айналған
Аяулы бір кездерде.
Өмірдің зулап өтерін
Албырт көңіл сезген бе?
Мен өзгеріп кетсем де
Сен ешқашан өзгерме!

Көшкен бұлт. Көңіл.

Бұлтпен бірге көңіл көшіп барады
Өмір өтіп, естелігі қалады.
Аппақ құдай шалды көріп кім ойлар
Көкке қарай қолын созған баланы.
Еліктейтін Тарлан атты Тарғынға
Бала кезде жатып алып шалғында,

Ақша бұлттан қайдан келе жатсың деп,
Сұраушы едік, не күтед деп алдында?

Қара бұлттай нөсерлетіп төгуші ек,
Бұйра бұлттай ұшып кете беруші ек,
Бір құпия сыр бар ма екен осында
Біз де кейде бұлт секілді көрінсек?!

Шексіз аспан аялаған еркем деп
Керуен бұлттар бүгін бар да ертең жоқ.
Бұлтсыз аспан жұртсыз жердей көңілсіз
Бұлт көшеді көктің жүзін көркемдеп.
Бізден сәлем жеткізердей алысқа
Асығардай жауап әкеп берсем деп!

Басынды көтер...

Сүрініп кетсең,
Түңілме,
Қайта түрегел,
Сілкініп тастап,
Серпіліп алға жүре бер.
Сенен де бұрын,
Бұдан да ауыр салмақты,
Көтеріп кеткен
Ерлердің барын біледі ел.

Жығылып қалсаң
Тұрдым де жерге бір аунап.
Тырнадан үлгі ал,
Төбеңнен ұшқан тыраулап.
Сарала жапырағы
Саудырап түсіп жатқанда,
Көктемін күтіп
Күлмей ме кейде қырау бақ?

Жаныңды жесе
Күйзеліс, уайым жегідей,
Өзіңді өзің
Езгілей берме тірідей.
Қарысып неге
Қасқайып қатып қалмайсың,
Аяғын шайнап
Қақпаннан шыққан бөрідей!

Жылаңқы, жасық,
Кінәмшіл болсаң боркемік,
Күйініп іштей,
Кетерсің босқа өртеніп.
Темірді үзіп
Қопарар тасты шағыңда,
Не болды сонша,
Шағылып тауың ерте өліп?!

Басыңды көтер,
Жігерді қайрап, мін атқа,
Үргісі келген
Иттердің бәрін шулат та.
Тәуекел етіп,
Көтеріп тағдыр жазғанын,
Тарта бер тура
Өшпейтін үміт-шыраққа!

Кітапханашы

Бір ғажап тыныштық орнаған,
Бұл жерге жиылған бар ғалам,
Киелі мекені кітаптың,
Ғасырды ғасырға жалғаған.

Жүрегі өлеңмен нұрланған,
Ізгілік ізінен үлгі алған,
Қазына иесі қарындас,
Өмірін кітапқа арнаған.

Нұр төгіп аялы көздері,
Ой салған зиялы сөздері,
Оқитын жан болса аяулы,
Кітап қой қыздардың өздері!

Айнымай атаның жолынан,
Ақ тілеу аңқылдап оңынан,
Аяндап барады арманға,
Кітабын тастамай қолынан!

Қазына қалың ну ормандай,
Әр сөзге даналық тұнғандай,
Сарғайған парағы жылдардың,
Сыбырлап сыр шертіп тұрғандай.

Өткеннің аманат сәлемі,
Өзгеше сәулелі әлемі,
Кітаппен дос болған қыздардың,
Бәрі де керемет әдемі!

Уақыт

Өкінеміз бекер біз,
Өтеді-ау деп уақытты,
Өтпей қойса нетерміз,
Өтумен бәлкім бақытты!

Еңбек қып дара, толымды,
Ерекше жана порымды,
Өтуің керек жүгіріп,
Өзіңнің марафоныңды!

Өмір қызық...

Ойлап көрсең сабырмен,
Өмір қызық бір түрлі.
Бүгін күйіп – піскен нәрсең,
Ертең қандай күлкілі.

Өмір ғажап, қарапайым,
Жаратқанның сыйлығы.
Қолдан бәрін бүлдіретін,
Пенделердің қылығы.

Бұйырғанға шүкірлік қып,
Жақсы дәурен сүріңіз.
Күйкілікке күйінбеңіз,
Көңілденіп күліңіз.

Өмір деген тарау, тарау,
Өзінше әркім түйеді:
Қасиетті қасірет пе?
Күлкі ме әлде киелі?

Толқын мен бұлт.

Бұйра толқын қарғиды,
Бура бұлтқа бұрқырап.
Долы дауыл қуғанда,
Толқын соғып жағаны,

Бұлт ұшады зырқырап.

Бу боп ұшқан қалың бұлт,
Су боп қайта құйылған.
Тулап толқын басылған.
Табиғатта бәрінің,
Өз жолы бар бұйырған.

Өз жолыңнан жаңылма,
Орындалмақ орнымен,
Әрбір нәрсе уағында,
Табиғаттың заңы бұл,
Бағын мейлің, бағынба!

Бұлақ пен айдын

Тап-таза мөлдір бұлағым,
Өзенге барып құлай ма?
Алыстан келген ағылып,
Айдынның суы ылай ма?
Ылайға кеткен жұтылып,
Бұлағым үнсіз жылай ма?

Айдынга неге асықтың,
Тап-таза тұма бұлағым?
Бастауда қалсаң болмай ма,
Желкілдеп жасыл құрағың?
Алысқа неге құмарсың?...
Менің де келер жылағым!

17.04.2022жс.

Күз бен құс

Қалайсың, құрбым,
Бабаның түсіп ізіне,
Жеттік пе біз де,
Өмірдің қоңыр күзіне.
Қарашы көкке,
Құстар да қайтып барады,
Бірінен кейін,
Тәртіппен бірі тізіле!

Ұша жаздаймын,
Қиқуы құстың жеткенде,
Суылдап қанат,

Ауылды басып өткенде.
Қолымды бұлғап,
Қаламын қырда амалсыз...
Қайтады құстар,
Оралу үшін көктемде!

Қостаған

Жанын ұқсаң, адамның бәрі жақсы,
Жынына тисең, айналады жаманға!

Көркемдік қашар көңілден,
Керілген кезде көкірек!

Дүниенің дүрбелеңі мазалайды жанымды,
Келіп – кетер оған пайда бар ма содан, алайда?!

Үштаған

Ауыз деген бір жалмауыз,
Ашынғанда не демейді,
Ашыққанда не жемейді?

Төрттаған

Адамға ең бастысы иман, ақыл,
Бойыңа білім, қуат жиған мақұл.
Сақтайды сабыр -соттан, шүкір -оттан,
Әдепсіз мінез, нәпсі тиған батыр!

Ешқашан ешнәрседе шықпа шектен,
Дәмімен бәрі жақсы, татсаң еппен.
Дәрі де у болады мөлшерден тыс,
Өмірде ұтыласың, ұқпай кетсең!

Жанжалға кім жазықты, тіл жазықты,
Түртпектеп, тыныш жатпай мін қазыпты.
Аузыңа ие болсаң, түк пәле жоқ,
Сөз- ине, адам жаны тым нәзік – ті!

У қосып, зәр құятын бұлағыңа,
Қоқыс, қалдық төгетін құрағыңа,
Бейпіл ауыз ақтарған бәдік сөзді
Қыстырмау керек мүлде құлағыңа!

Тексердік деп тарихтың ақпаратын,
Өткендердің өсегін ақтаратын,
Ескі сезім егесін қозғайтындар
Ессіз ғой, қоқыс жәшік қопаратын!

Аталар – аспандағы аруағымыз,
Ағалар – асқар таулар, ардағымыз.
Оттан - ұшқын, асылдан - сынық деген,
Біздің де ізгілік жол арманымыз!

Қалып жоқ, сай өмірдің мөлшеріне,
Барады ағып, тоқтамай жер шегіне,
Бәріне баға берем деп күшенбе,
Өмір сенің сыймайды өлшеміңе!

Адамның ізгілік сезімін ояту -
Мәңгілік парызы ақынның,
Әлемді құтқарса құтқарар тек қана,
Шуағы мейірім, рахымның!

Бес таған

Малевич сызған атақты қара квадрат,
Қап-қара бояу, тесіліп нені ұғады «брат»?
Қатырып басты, керегі қанша жаныңды қинап,
Түк те жоқ онда, шықпайды шауып құла бір ат...
Жақын ғой бізге табиғи бояу, құба қырат!

Қайырлы болу қиын ба, досым, шынында?
Ерінесің бе, жоқтауға жоғын әркімнің?
Жарайды, онда, жасама жанға жамандық,
Жаман сөз айтпа...
Сонда, бәлкім, шуақты болар әр күнің!



ПОЭМАЛАР



Абылай хан мен керей ер Жәнібек Жыр-аңыз

Сиынып жаратушы бір құдайға
Қылышын тасқа қайрап, жанып айға,
Қазақтың арыстандай батырлары
Анттасып, серік болып Абылайға,
Жолында азаттықтың жан қимаса
Алаштың соры қалың, бағы қайда?
Өліпті ханның аты бір соғыста
Қадалып тар қолтықтан зәрлі найза.

Хан жығылып, шайқалып тұр байрағы
Дүние төбесінде шыр айналды,
Қазақты мұратына жеткізе алмай
Арманда кеттім – ау деп шын ойланды.
Қапыда жаяу қалған Абылайды
Қоршауға бір топ қалмақ ыңғайланды.

Шыдайды ер – сынаққа, нар – салмаққа,
Мұрша жоқ жанталаста жар салмаққа,
Бетпе – бет келді ажалмен қаһарман хан
Қасқайып қан майданда қарсы алмаққа.

Ер үшін өлімнен де намыс күшті
Ызадан беттің түгі қарыс шықты.
Тұрғанда хан тағдыры қыл үстінде
Алдияр, аттан деген дауыс шықты.

Қараса – жас Жәнібек қара балуан,
Қайтпаған қалың жаудан жалаулаған,
Секіріп түсе қалып, тартты ханға
Көлденең көк дөненді танаураған.

Алдияр, көк дөненмен жөнел, – деді,
Жолыңа қарап отыр көп ел, – деді.
Сен жаяу қаласың ба? – деген ханға
Маңдайға жазылғанын көрем, – деді.

Хан айтты: «Мен жылыстап кете алмаймын,
Мақсатқа қашып – пысып жете алмаймын,
Жолдасын жауға тастап, бас сауғалап
Бұтаға бұққан бейбақ атанбаймын!»

Жәнібек отты көзін сырға тұнған
Тік қадап, деді: «Кез бе ырғатылған?
Сендей хан керек қазір халқымызға,
Мен өлсем – ер туады бір қатыннан!

Қазаққа жан – жағынан қауіп төнді,
Алып шық тар кезеңнен халықты енді!»
«Кетпеймін, – деді Абылай, – соғысамын
Сенімен қатар тұра қалып тегі».
Жәнібек: «Қор қылғанша қонтайшыға
Тастаймын өзім сені шауып, – деді.»

Уа, алдияр, екеуміз
Бірдей өлсек жөн болмас.
Бассыз қалса қазағың
Есі кетіп, ел болмас.
Елдің қамын жесеңіз
Жер біздікі десеңіз,
Аттан, деп, енді бөгелмей,
Жәнібектей жан жолдас
Қолтықтан ханды көтеріп
Көк дөненге мінгізді,
Шуу, жануар, кәні деп
Жаутаңдаған дөненді
Тобылғы сапты қамшымен
Сауырынан бір тартып
Елге қарай жүргізді!

Егесін жерге қаратпай,
Керіле тартқан садақтай,
Көсілте сермеп тұяғын
Көденің түбін тепкізбей
Көлбей ұшты көк дөнен,
Жебеге жауған жеткізбей
Көбесін ердің сөккізбей
Желдей ұшты көк дөнен.
Хандығы мен қазақтың
Елдігінің тағдырын
Қыл мойнымен көтеріп
Өрлей ұшты көк дөнен.

Қағанатын қазақтың
Аманатын Алаштың
Анталаған дұшпанға
Бермей ұшты көк дөнен!

Қос танауы делдиіп
Қос өкпесі қысылып
Аузынан көбік бұрқырап,
Шыбын жаны шырқырап
Жанып шықты көк дөнен.
Қара бұлтты құрсаған
Жарып шықты көк дөнен.
Қара таудай аруағы
Қара жердей салмағы
Абылайдай ханыңды
Бір ажалдан аман – сау
Алып шықты көк дөнен!!!

Жәнібек енді жауға бұрылады,
Басына бір төбенің шығып алды,
Жаяуды тапап өте салам деген
Өркеуде көк сүңгіге ұрынады.
Жалғызға жан – жағынан жабылғанда
Жалт еткен қылышынан қырылады.
Жапырып жолбарыстай Ер Жәнібек
Ақырса, жаудың жүні жығылады.
Бір қалмақ гүрзіменен ұрған кезде
Қалқанмен қағып қарсы тұрып алды.
Шап беріп ұстай алып айдарынан
Атынан тымақтай ғып жұлып алды.
Аунатып топыраққа бұрқ еткізіп
Атына ата жаудың мініп алды.

Тұлпар ат тигеннен соң тақымына
Далада бөгет бар ма батыр ұлға?
Ұран сап айбаттанды Ер Жәнібек
Құйылып көктен қуат қарқынына.

Аруағы Жәнібектің асқан екен,
Тарыдай торғауытты шашқан екен,
Қоршауын қорқаулардың бұзып шығып
Ханының оң тізесін басқан екен...

Өткеннің аңыз болған шын дерегі,
Біздерге бар ғой оның мың керегі.

Ажалдың ауызында тұрған сәтте,
Біреуге атын түсіп кім береді?
Аман – сау Абылайды алып шыққан
Керейдің көңілі мен көк дөнелі!

Ерлікпен ақ найзаға ту байлаған,
Салмаған дақпырт үшін құр байбалам,
Айналдым аруағынан аталардың
Алдымен өзін емес елді ойлаған.

Жұмабек батырдың жұлдызы

Ақ боран, қысы қатты, қары қалың.
Солтүстік сары алтындай соры қалың.
Шынардай мұздақ тасты жарып шыққан
Ұлдары ойы терең, жаны жалын.

Тарихтың ой жүгіртсең ар жағына,
Жер үшін садаға боп мал-жаны да.
Атойлап Алаш ұлы қарсы шапқан
Жоңғардың жалақтаған қанжарына.
Жұрт болып жігін тауып жол бермеген
Жымысқы жандаралдың жанжалына.
Қып-қызыл қанға батып атамекен
Қалың жау шеп құрса да жан-жағына,
Зеңбірек зірк-зірк етіп, доп жаудырып
Замана астан-кестең болғанында
Қасқайып туған жерді қорғап қалған
Мың алғыс ата-баба аруағына!

Бұйығы бодандықтың заманында
Лаж таппай ақ патшаның амалына.
Шұбар төс, шынжырбалақ шонжарлардың
Шұрайлы жерден тайып табаны да,
Алқаптар айналып кеп түсе берген
Ақшалы алпауыттың аранына.

Көрсен де қиғаш қылық бөтендерден,
Даланы емін-еркін мекендеген,
Тағы да талай зардап тартты қазақ
Кеңестік кеңеспейтін көсемдерден.
Картаны қарындашпен бір-ақ сызып
Жеріңді қайшыменен кесем деген.

Мың тоғыз жүз елу төрт
Жылқы жылы келгенде
Қазақстан жерінде
Тың игеру басталды
Әлемде бұрын болмаған
Мұндай үлкен көлемде.
Тербеледі тың дала
Деп айтылды өлең де.
Ерендердің еңбегі
Бейнеленді өнерде,
Масайрамай қайтеді
Біз керемет дегенге.
Көзсіз сеніп көсемге
Тасқұдайдай табынған
Көңілі соқыр керең де.
Төбесінен тастаған
Алданып тиын-тебенге
Қара халық тер төгіп
Бейнетін тартқан төменде.
Саналының ақылын
Құрсаулап ұстап шегенде,
Көңілден туған көп ойды
Қуырып алып шөгенде
Көжедей құйған тегенге.
Осының бәрін көргенде
Сабыр сақтау оңай ма
Зерек туған беренге
Ерлердің шері тарқамай
Айналған беріш, шеменге.
Арғымақты ақсатар
Тұяққа қаққан шегең де.
Өрелі жанды оңдырмас
Өкшеге кірген тебен де.
Тарылмай қоймас тынысың
Темірдей шеңгел тарбиып
Төніп тұрса төбенде.
Оңай емес ойласаң
Тың игеру дегенің
Қатпар-қатпар құбылыс
Көп сыры жатқан тереңде!

Жайылып жер-жаһанға дабыстары.
Тынымсыз алға қарай қарыштады.
Тұяғы тұлпарлардың тиген жерді
Трактор шынжыр табан жаныштады.

Ұлы еңбек, ұлы дастан он сан ұлттың
Тағдыры бір арнада табысқаны.
Қып-қызыл қиянат қой бір жағынан
Тапталса ата жұрттың намыстары!

Бульдозер бір-ақ сүзіп зиратыңды,
Ескерткіш ескі қорым қиратылды.
Ана тіл, ата дінің қысым көріп
Қыл бұрау тартқан сымдай ширатылды.

Тың төсін тілген кезде түренімен
Қазақтың қан саулаған жүрегінен.
Жазылса жан жарасы жазылар тек
Қалтқысыз шын достықтың тілегімен!

Кең дала төңкеріліп шыр айналды.
Тың өлкесі – Целинный крайланды.
Темірмен түп-тамырын қопарып ап
Жұтуға түгелімен ыңғайланды.
Қазақтың бес обылыс Солтүстігін
Қосуды Россияға шын ойланды.
Бар ма екен қазағымнан басқа халық
Көтерген қыңқ етпестен мұндай лаңды?

Күштінің жөн таңдай ма үстемдігі.
Назары несібеңе түскен күні.
Бұл аймақ бетке шыққан қаймағындай
Даланың ұлан-байтақ үштен бірі!

Советтер Одағының ел ағасы
Жарқырап Хрущевтің дана басы.
Мәскеуге қазақтарды шақыртыпты
Әрине, ішуге емес қонақ асы.
Қағады арқасынан Тәшеновті.
Совминнің Қазақстан төрағасы:

«Бір бауыр тату-тәтті болайық та,
Жер де ортақ, су да ортақ қой халайыққа,-
Бірінші секретарың күлімдейді
Кеңесі жүріп тұрған талай ұлтқа.-
Соқамен ескіліктің тоңын жыртып
Орақпен достық дәнін орайық та.
Сыздатпай Солтүстікті соқыр шектей
Ресейге тұтас қоса салайық та.
Сіздің ғана қаулыңыз керек боп тұр

Қайтеді көнбегенде Қонаев та,
Бұл өзі негізінде шешілген іс
Қағаздап, заңдастырып алайық та!»

Жұмабек Никитамен дос-жар еді.
Бас қосса көп қызықты бастар еді.
Мәз-мәйрәм арқа-жарқа араласып
Әзілді түйдегімен тастар еді.
Тастамай сөзін жерге, төс қағысып
Тапсырған жұмысын да қоштар еді.
Бірақ та мына сөздің жөні бөлек
Иықтан қара аспандай басқан еді.

«Кремль көк тіреген кемел сарай.
Екі етпей дегеніне көнгем талай.
Сіз басшы, сөзіңіз заң... Кешіріңіз,
Бөлшектеп туған жерді берем қалай?!

Қалса да амал қанша, көңіл мейлі,
Әділет ойыңыздан көрінбейді,
Біртұтас республика Қазақстан
Жырымдап жер мен суы бөлінбейді!»

Тілімді мына қазақ алмады деп
Хрущев қып-қызыл боп долданды кеп,
Тәшенов тайсалмады қаһарынан
Кеткендей Алпамыс пен Қобыланды боп,
Күмбезін Кремльдің кернеп кетті
Басшының ащы айқайы салған үдеп!

«Бәрі де жері емес пе Эс-сес-сердің.
Эс-сес-сер болмағанда өспес едің.
Ойыма алғанымды атқармасаң
Мен саған өле-өлгенше өштесермін,
Кісендеп, ауыздықтап, торға қамап,
Төбенді сүйменменен көп тесермін!»

Үстелді қаһарланып соққылады,
Үндемей көнтерілі көп шыдады.
Ол кезде тырп етуге шама қайда
Соққыға себепкерді жоқ қылады.
Це-Каның мүшелері іштен тынды
Секеңдеп Хрущевтің қос құлағы.
Жұмабек жымнан атқан жолбарыстай
Қып-қызыл қос құлақты осқылады:

«Қылып ал қыларыңды, пісіріп же,
Тірідей отқа қақтап, тұшынып же,
Уатып сүйегімді, күлімді шаш
Көнбеймін мұндай қорлық ісіңізге,
Қазақтың жерін қылғи салам деген
Ой кірмесін өң түгіл түсіңізге!»

Бетіне ешкім келмеген,
Келмек түгіл бетіне
Басын шайқап көрмеген
Мұндай жауап басшының
Қамшыдай батты етіне.
«Бұл қайдан шыққан жұмыс?»- деп.
Қарыс азу –құрыштай
Қырш-қырш шайнап әр сөзін
Қандырды құлақ құрышын
Қырыс мінез Хрущев.
Жолдастар басын шұлғиды
Не десе де дұрыс деп,
Бұрыс десе бір бәле
Кетеді үлкен ұрыс боп.
Қызыл хатшы қаһарман
Ысқырып тұр жылтылдап
Қиып түсер қылыш боп!

«Зардабын көп тартарсың бұл қатаның.
Алмайды сәлемінді бір қатарың.
Өзіңнен төмендерге кіріптар ғып
Мен саған тек түсінде тіл қатармын.
Құны жоқ қуыршақтың сөзін қайтем
Өкімді Москвадан шығартармын!»

Қиқулатса Хрущев
Атлантика бір аунап
Шошынатын жарты әлем
Құйын ба, әлде жын ба деп?
Үрпек бастар үйірі
Төбелдей топқа төніп тұр
Үрей – құтын ұшырып
Ушыққан сайын ура деп.
Қадалғандай жүрекке
Улы жебе тура кеп.
Сыбырлайды сақтық үн
«Бас сауғалап бұға кет!»

Көне салса «лөпбайлап»
Айғай да жоқ, шу да жоқ.
Темір тағып төсіне
Даңғазалап насихат
Жар салады жалғанға
Жер жүзілік тұлға деп,
Атамекен жері үшін,
Исі қазақ елі үшін,
Шыбын жаны шырылдап
Жалғыз шықты майданға
Жалаңтөс батыр Жұмабек!

«Ұлы едім қазақ деген бір атаның
Тереңнен төрт мұхитты тулатармын,
Бұтарлап отар елдей жұтпақшы деп
Мен сізді ай-әлемге шулатармын!

Жер берген құдай дархан қазағыма.
Көнбейді ол құйтырқыға, мазағына.
Өтпейді ешкімнің де өңешінен
Тас болып тұрып қалар тамағына!»

Хрущев Тәшеновке кектенеді.
Тектіге кектенуі тектен бе еді?
Орайын келтіріп ед орап әкеп
Жүмекен жәрәйт десе, біткен еді,
Қазақтың бес обылыс атырабы
Ресейдің қоластына өтпек еді.
Қарумен қанша ғасыр тындырмаған
Шаруаны бір қаулымен реттер еді.

Хрущев қазақ жерін ала алмады.
Жер-көкке Жұмабекті жамандады.
Қуғындап, қызметінен төмендетіп
Сындырып қор қылуға амалдады,
Басына бұлт төнгенде Тәшеновке
Бір қазақ арашашы бола алмады,
Жүргендер Жүмекелеп сырт айналып
Өзіне сол керек деп табалады.

Сынбады, батыр бірақ сына алмады.
Тыс қалып тіршіліктен бұға алмады.
Мысықтар пеш түбінде көзін қысқан
Ұғар ма жолбарысты бұғаудағы.
Тұрды оған өмір бойы қуат беріп

Алаштың азаттығы – ұлы арманы!

Ежелден қилы-қилы тарих қалған.
Аңыз көп үлгі тұтар алыптардан.
Уақыттың таразысы елеп-екшеп
Кімнің кім екендігі анықталған.
Ерлігі Тәшеновтің тым ерекше
Намыстың оты болып жанып қалған.
Шайқасып жалғыз өзі жаннан кешіп
Қазақтың жерін аман алып қалған!

Тәшенов келіскенде бас сауғалап
Қалып ед қазақ мәңгі масқараға.
Ресейдің меншігі боп кетер еді
Тау, орман, көл мен дала, баспанаң да,
Көкшетау, Бурабай мен Қызылжарың
Ақмола, Павлодар мен Қостанай да,
Басқаның босағасы болар еді
Бүгінгі бәйтерегің – Астанаң да!

Тағдыры ұлы ерлікке жолықтырған
Ел үшін кету бақыт, болып құрбан.
Биік ой, асқақ сезім бойын билеп
Даңқты ел тарихын толықтырған
Партия солдатты боп жүрсе дағы
Жүрегі қазағым деп соғып тұрған.
Ең жарық жұлдыздардың бірі Жүкең,
Азаттық аспанында жанып тұрған!!!

Ғарыш қазағы

Хақ тағала аспан, жерді жаратқан,
Әр халықты әр қиырға таратқан,
Тілі басқа, түрі бөлек бәрін де,
Күрсіндіріп зеңгір көкке қаратқан!

Қилы-қилы болса дағы өткелі
Көкқұмарлық көкіректен өшпеді,
Могикандар аспандата ұран сап
Шумерлердің ойы көкке беттеді,
Мәңгі өлмейтін мифтерінде эллиндер
Көкке ұшам деп жанып кеткен жоқ па еді?
Көк түріктер көк тәңірге табынып
Көкке қарап ұлитұғын көкбөрі,
Көк боз ат пен ақ боз атты қосақтап

Қазығына арқандаған көктегі,
Қиялында көкте жүзіп жүргенмен
Түрік қолы көкке бірақ жетпеді!

Ай мен Күнді ардақтаған Алашым
Биіктерге баулитұғын баласын,
Көк дөненнен жүйрік қазақ көңілі
Шарлайтұғын жұлдыздардың арасын,
Киіз үйде отпен бірге алаулап
Ғарыш сыры арбайтұғын санасын,
Ұша алмады өзі бірақ, амал не,
Космодромға берсе дағы даласын!

Кімдер ұшып, кім қонбады далаға
Хаттап, шоттап сана мейлің санама.
Отыз жылғы өрендердің ішінде
Бір қазақ жоқ дегенге жұрт нана ма?!

Қып-қызыл от, зиян қалған ізінде
Ғарышқа ұшу пайда ма екен түбінде?
Тек әйтеуір келді қазақ кезегі
Мың тоғыз жүз тоқсан бірдің күзінде!

Қалды артында бодан болған қор шағың,
Жеңді ақыры елдік атты ер сарын,
Алақанға салды қазақ баласы,
Аттила да ала алмаған жер шарын!

Тына қалып тас кеуденің бұрқағы
Шырылдаған шындық көкке шырқады,
Күнге беттеп күндей күліп келеді
Күннен туған ер гүндердің ұрпағы!

Көкжалдығын халық көрген Тоқтарым,
Көкке жолды салып берген Тоқтарым,
Көптен бергі көк түріктің қайтпаған
Көп есесін алып берген Тоқтарым!

Қайратты да зейінді,
Айбатты да мейірлі,
Болған-ақ шығар осындай,
Батырлары әлемнің
Бұрынғы мен кейінгі!

Алақаны күректей,
Саусақтары білектей,
Дыбыстан ұшқыр ұшақты
Дәл қондырған кемеге
Айдынын теңіз кірлетпей.
Қақ жарып мұзды мұхитты
Тоқтаусыз ұшқан полюске
Жанармай құйып аспанда
Жұмбақтан жүрек дір етпей.
Қиынның жеңіп талайын
Абыройға бөленген
Туған елін жүдетпей.
Атлас батыр секілді
Көк күмбезін көтеріп
Ұстап тұрған тіректей!

Көкті шарлап көкейкесті күй кетті,
Кең әлемге көшпендіні сыйлы етті.
Сүйіндірді пейілімен даладай,
Серіктері Волков пенен Фибекті!

Өтті тарих, орын бар ма өкпеге,
Не табасың, өзге жұртқа кектене ?
Жер бетінде майдандасқан неміспен,
Орыс, қазақ ұшты бірге көкке де!

Жолдас болып неміс пенен орысқа,
Бір кемеде ұшты қазақ ғарышқа.
Бұл сапардың жөні бөлек, жолы кең,
Ой жүгіртер азамат ер алысқа!

Қыран құстай достарымен табысты,
Құшақтасып, ер парызын алысты,
Иен далада арғымақпен шапқандай
Тоқтар кезіп келе жатыр ғарышты!

Нұр құйылып жүрегі мен санаға,
Көз жіберді тау мен мұхит, далаға,
Шексіз, түпсіз кеңістікте қалықтап
Өз жолымен бара жатыр Жер-Ана!

Айдынды шалқар су қандай,
Судан ұшқан бу қандай.
Керіліп жатқан кең дала
Тауға біткен ну қандай.

Осынша сұлу дүниені
Шарпысқан ашу-ызаның
Қара бұлты буғандай!

Аспан шексіз, мөлдір неткен,
Секілді бір мәңгі көктем.
Қолын созып, көз талдырып
Мұңлық не бір өндірі өткен.
Жер бетінің өңбес дауы
Ерді не бір еңіреткен!

Елді құртқан, ерді жұтқан
Таудай болған дау-дамай,
Қарағанда ғарыш жақтан
Тарыдай да болмады- ай!
Қолдан жасап қанды қасап,
Адам ұлы бірін-бірі
Аямастан жалмады-ай,
О, дүние, жалған-ай!
Кінә тағып жан біткенге
Бұл өмірге көп өкпелеп
Қойыңдаршы зарламай!
Зар көбейсе, пәле – жала ушығып,
Жер-Ананы жаралайды, арман-ай!
Көтере алмай соншалықты
Озбырлықты, жауыздықты,
Аярлықты, арамдықты,
Күңіреніп Жер-Анамыз,
Шексіздікке шеру тартып,
Күйіп кетсе не болады, Аллам-ай!!!

Құдай ортақ, Жер де ортақ, Күн де ортақ,
Көппен көрген ұлы тойдан кім қорқат?
Жалғыз өзі жетем дей ме мұратқа
Ортақ үйді ойрандаған жын-көрқап!

От-жалында өмір бақи жандың да,
Ақыл-естен біржолата тандың ба?
Қарапайым әрі дана ақиқат
Ей, адамзат, екі-ақ жол тұр алдында!

Жер бетіне сыйластықпен сыясың
Я желкеңді бір-біріңнің қиясың.
Өзгелермен өзің қоса қиылып
Біржолата тіршілікті жоясың!

Опырып-ап, ойып,отап тап-тақыр,
Тартып жерді көкпардай ғып қақпақыл.
Көздеріне үймелетіп көк шыбын
Бірін-бірі көрде өкіртті көп батыр.

Батырларды бір кемеге мінгізсе,
Біраз уақыт көк аспанда жүргізсе.
Ғарыш жақтан жерге бір сәт қаратып
Көп таластың керексізін білгізсе!

Насихаты емес жалған текке айтқан,
Ақиқаты өзек жарды көпке айтқан.
Айға қонған Армстронг аспаннан
Тәубә қылып, хақ мұсылман боп қайтқан!

Тәубә, тәубә, керек бізге көп тәубә,
Тәубәсіздер енді иманды жоқтауда.
Қанша ғасыр қасап болды қан сасып
Ей, адамзат, болмай ма енді тоқтауға ?!

Ақ пен қызыл, қоңыр, жасыл түске ендік,
Жат жұрттарға көз алартып, тістендік.
Өзімізді артық санап өзгеден
Ұялмастан құрмақ болдық үстемдік!

Қанға сіңген сонау кезден ес білмес,
Ең ежелгі ессіз сезім ескірмес.
Алшандаған ақ нәсілден әлемде,
Өзін артық санайды екен эскимос!

Табиғи заң екендігін түсінем,
Түңілмеймін нәсілінен, түсінен.
Теңдік заңға қол қойса да барлық ұлт
Өзін артық санайды екен ішінен!

Санай берсін, оған бола жынданба,
Қуан қайта, еңсе биік тұрғанға,
Қайтер едің сорлы болса кембағал,
Сенен басқа халық біткен жалғанда!

Өзін- өзі қор санаған ел емес,
Өзге жұртты кекеп-мұқау жөн емес.
Артық емес бір халықтан бір халық
Нағыз халық ешкімнен де кем емес!

Жек көрмеңдер бір- бірінді тістене,
Ешкімге ешкім бола алмайды үстеме.
Өзіңді артық санасаң да өзгеден
Дәлелдеуге күшенбе тек, күштеме!

Жанын сақтап қала алмайды жасқанған,
Асқақтап та аса алмайсың аспаннан,
Барлық пәле бір-біріне адамның
Артықтығын дәлелдеуден басталған!

Кемсітпей-ақ өзге жұрттың орынын,
Қиын ба осы шын керемет болуың?
Мойындатам деп жүргенде басқаға
Қайырылып қалмасын өз мойының!

Пәле қумақ пешене ме пендеге,
Өмір жоқ па өктемдіксіз өңгеге,
Бағынуға міндеттімін мен неге,
Басқаруға тиістісің сен неге ?!

Мен-қазақпын, сен-орыссың, сен-неміс,
Ел емеспіз ең керемет, ең кеміс.
Мен ұлымын, бағындырам дегеннен
Басталады бар ғаламдық сенделіс,
Біздің қазақ басынбаған ешкімді,
Өзің айтшы, қалай еді сендегі іс ?
Бір-бірінді жаулап алу –қиянат,
Бәріміз де бір кемеде –жердеміз.
Қоққан-лоққы, қақтығысты тый - дағы
Жер бетінен жарасыммен тер жеміс!

Пәле іздеме досыңнан да, қастан да,
Мұңға батпа, жасыма да жасқанба,
Жаман ой мен ұсақтыққа салынбай
Жиі- жиі қарап тұршы аспанға!

Жат сезімді жүрегіңе өткізбе,
Көңіліңе кемшілікті көп тізбе.
Жамандықтан жабырқасаң жердегі
Жер бауырлап жатып қалмай, көкті ізде!

Жан білмейді періште ме, аруақ па,
Шексіз қуат, таза нұр бар ол жақта.
Тазалық пен сұлулыққа ұмтылшы,

Құмар болмай қан төгіс пен қылжаққа!

Байлығың мен көптігіңе тасынбай,
Бір-біріңді бағындырып басынбай,
Бір бауыр боп тату-тәтті жүрейік
Қамыт болып мойнымызға асылмай!

Біз жүрейік сыйластықты ән қылып,
Жоқ өмірде одан басқа мәнділік,
Нағыз достық болады ғой тек қана
Тең халықтар арасында, мәңгілік!

Біз сыйлаймыз барлық елді ғажап қып,
Сен де, ғалам, құрметтей біл қазақты.
Өзгелердің азаттығын сыйлаудан
Басталады шын мәнінде азаттық!

Көз алартып мекеніне басқаның,
Ықтиярсыз топырағын баспағын.
Бәріміз де баласымыз ғарыштың
Мәңгіліктің бір сәтіміз қас қағам!

Ғарыш-Жердің ашып жаңа парағын,
Ай - әлемді айналдырып пырағын,
Екі досын – барша адамды құшақтап
Кең далаға қонды Тоқтар қыраның!

Жан сарайын жаңғыртқандай жел иісі,
Аңқылдаған жел әкелген ел иісі,
Аспан, ғарыш шын ғажайып болса да
Бәрінен де артық бейбіт жер иісі!

2001 ж.

Тәксидегі тағдырлар

Поэма

I

Кел, жолаушым,
Қане, қайда барасың?
Қатарымсың,
Бәлкім іні, ағасың?
Отыр, отыр...
Бергеніңе қанағат
Қалтаңның да байқап тұрмын шамасын.

Бөтен емес
Бәріміз де бауырмыз,
Жел көтеріп
Көшіп келген ауылмыз.
Тыным таппай
Теріп жүрген несібе
Тас жолдағы тәкси деген қауымбыз.

Тәкси!
Тәкси!
Деп күнімен қақсаймыз,
Қақсамасақ қара бақыр таппаймыз.
Түсінерсің
Тіршіліктің қамы ғой
Жанталаста жақынға да жақпаймыз;
Керілдесіп кейбіреумен теңге үшін
Кейде тегін жеткізіп те тастаймыз.
Алғанды ешкім жек көрмейді десек те
Адамдықты ақшаға біз сатпаймыз.

Айып етпе
Ескілеу деп көлігің,
Темір түгіл
Тозыңқылау көңілім.
Қуып келем тәтті үмітті тәксимен
Түзелер деп түбінде бір өмірім.
Жол қысқарсын
Әңгімені шертейік,
Тыңда менің, момақандау серігім.

Кімдер мініп
Кім түспеген тәксиден,
Тәкси артық кейбіреуге жақсы үйден.
Шындықты айтып
Басқа жерде айтпайтын
Кіжінуген,
Жұдырығын тас түйген.
Ағайларды ала зытқан кез де бар,
Асып-сасып,
Қашып шыққан басқа үйден.
Айғыз-айғыз бетін көрдік арудың,
Ақ шаштыға
Ақшасы үшін жас тиген.
Асыққаннан есі шығып абдырап,
Көрдік жұртты

Көлік үшін басты иген.
Алыс жолға адастырмай уағында
Алып барсаң
Алғыс айтып
Ақша үйген.
Айта берсем әңгіме көп...
Бір күні,
Мінді бір қыз,
Ырғатылып...
Мас күйде!

Езуінде секеңдетіп шылымын,
Елеусіздеу сездіреді қылығын.
Бүйрек бетті,
Сүп-сүйкімді,
Сүйріктей,
Сәлден кейін
Атты сөздің тығынын.

Адам – қызық,
Мейлі бір іс тындырсын,
Я күйініп,
Сағы сынып, шыңғырсын,
Бейтанысқа сыр ашады тәксиде
Түсінбеймін,
Неге екенін кім білсін?!

«Ағай, - деді,
Қарайсыз ғой түйіліп,
Отырсыз ба ішіңізден сүйініп?
Қарындас деп жақын тартып алдымен
Қырындайтын біздің қазақ қиын ұлт!

Қайырылдым
Қайыры жоқ уайымнан,
Майырылдым
Тойымы жоқ жайыннан,
Сандалкермін,
Саңлақ қыздың бірімін,
Сайғақ құрлы сая тапқан Саиннан!

Ақшалыға
Табылады патша-тақ,
Ақшасызды
Алжастырып, қақсатат,

Заман солай
Билеп бізді, үйретті,
Барыңды сат!
Арыңды сат!
Ақша тап!»
Сөзін бөліп мен ақырын күңк еттім,
«Арсыз деген
Емес бірақ, жақсы атақ!»

Үндемеді
Көк түтінге көмілді,
Өксігендей...
Іштей бәлкім, егілді?!
Бір мезгілде белгі берді тоқта деп,
Түсініксіз,
Нені ойлады, не білді?

Келдім, - деді,
Мен көздеген жеріме,
Машинадан түсті ақырын,
Еріне,
Мен де түстім жол ақысын алмаққа,
Көз төңкеріп,
Күлді маған керіле:
«Сізге төлер соқыр тиын ақшам жоқ,
Натурамен алам десең – мен міне!»

Тұра қалды қолын тіреп капотқа,
Артын түріп,
Ыңғайланып «заходқа».
Шошып кеттім,
Масқара деп, мынауың,
Шоршып түстім,
Ілінбедім шатаққа.

Сөзбен атты,
Түйіп алып қабағын:
«Бұдан басқа бар ма менен аларың?
Өмір деген – сатып алу, сатылу,
Сенің – тәкси,
Менің – тәнім тауарым!»

Қымсынбайды
Айналадан
Түнгі айдан,

Азғырады...
Деп қимылда, ыңғайлан,
Күнде саған табылмайды бұл қызық,
Айт, егер де
Қалдым десең мұндайдан...
Әйел заттың әзәзілі аз емес,
Намыс қайрап,
Ұрып-ақ тұр шымбайдан.
Жыным қайнап
Қайдан шықсаң одан шық,
Бастап кеттім әлгі қызбен бір майдан!

Ес жиғасын қарап оң мен солыма,
Тізгінімді алдым қайта қолыма.
Қара түнге сіңіп кете барды қыз,
Қала бердім бомба түсіп ойыма,
Ар туралы ақыл айтып отырып,
Қалай түстім арсыздықтың торына?!

Өмір – осы,
Мың бұралаң, сырғанақ,
Шыбын жанды шырқыратар шырмап ап.
Тура жолмен түзу келе жатқанда
Адастырар
Ойда жоқта сор қамап.
Өзегімді өртейді кеп әлдене,
Өр кеудемді орып, орып, тырналап,
Неге елестей береді сол кеткен қыз,
Тәлтіректеп,
Қараңғыны қармалап!

II

Иә, жолаушым...
Әлі біраз жер бар ма?
Зерделей бер
Сөз арнасын аңғар да.
Кейде осылай шер тарқатып алмасақ
Қайран жүрек
Жарылмай ма арманда!

Ығы-жығы...
Кісіден де көлік көп,
Кететіндей бір бүйірден періп тек.
Мәз боламыз иномаркі мінгенге

Шетелдерден ескі-құсқы теріп кеп.

Тозса дағы құйғытады Тойотам,
Оза алмайды одан тұлпар,
Тай, атан.
Заман солай...
Қалдырып ед әйтпесе,
Тойотаны
Қай отаның,
Қай атаң?!

Біреу – андай,
Біреу, бәлкім мұндай дер,
Өзін-өзі тек шындықпен шындайды ел.
Көшіп көрген көшелі жан екенсің,
Ауыз – біреу,
Құлақ – екеу,
Тыңдай бер!

Адам ұшып
Ай мен Марс, ғарышқа,
Түссе дағы компьютерлер жарысқа.
Қара жолда талай тағдыр тәксимен
Кетіп бара жатқан жоқ па алысқа...
Бөлек-салақ көп сөмкелі мінді әйел
Кенелгендей базар барып табысқа,

Жайылып кеп, молынан-ақ жайғасты,
Үсті-басын пора-пора тер басты.
Әңгімесін қоя берді ағытып
«Той жасаймын,
Қызығым, - деп, - алғашқы!

Құдай берген бір ұл, бір қыз бар менде,
Ондай балдар
Жоқ қой күллі әлемде!
Әкелері жастай қайтты,
Жеткіздім,
Ешкімнен де кем қылмадым
Шерменде.
Шүкір, міне,
Ұл үйленем деген соң
Шығып кеттім
Отыра алмай бөлмемде.

Қуанышты бөлісем деп халықпен,
Шауып жүрмін
Оттай лаулап жанып мен,
Көптен күткен қызығымды тойлауға
Бес миллион қарыз алдым банктен!»

Жанды баурап
Жүретұғын жарқылдап,
Біздің қазақ,
Ақкөңіл ғой аңқылдақ.
Қазағымды айырбасқа бермеймін
Басқа жұртты әкелсең де алтындап.
Бір шалқысақ
Шалықтап та кетеміз,
Әйел де отыр
Ағыл-тегіл
Таңқылдап.

«Көрші-қолаң күнкілінен қашам деп,
Күндегеннің көкірегін басам деп,
Бәрін жиып
Ығай-сығай
Жайсаңның
Ағайыннан,
Аймағымнан асам деп,
Жұлдыздарға ән салдырып бұл тойда,
Мал-мүлкімнің түгін қоймай шашам!» деп.

Болам десең,
Жаны таза, жарқын ұлт,
Көкіректі қақпаған жөн,
Халқым, ұқ!
Лепіргенде
Тәксиімнің төбесін
Тесе жаздап
Тоқтады әрең алқынып,
Түсті әйтеуір жеткеннен соң үйіне,
Бума, бума сөмкелерін артынып.

Бас шайқадым,
Іштей ептеп мұңданып,
Болса қиын
Қызың - масыл, ұл – ғаріп.
Қарызданып той жасаған – қате деп,
Қанша айтсаң да,

Ұғар ма екен бұл халық?
Кіріп кетіп кредитке өмірлік
Өз мойнына өзі салған бұғалық!

Жә, сонымен,
Келдім үйге іңірде,
Бала-шаға
Мәре-сәре, күлімдеп,
Шай-пәй ішіп,
Ашып қалсам телені,
Әйел отыр
Көп каналдың бірінде!

Жоқ бірақ та манағы екпін, қарқыны,
Өшіп қалған
Жанарының жарқылы.
Сөйлеп отыр жанындағы тілші қыз.
Бір жағдайдың сезіліп тұр салқыны.

Жәрдем сұрап
Жылап – сықтап келгесін,
Тілші қалай
Әйелге сөз бермесін?
Қарызға алған
Үйін салып кепілге
Жоғалтыпты
Бес миллион теңгесін!

Әрең сөйлеп
Экраннан зарлап тұр.
Жар сап жұртқа
Көзден жасы парлап тұр.
Қайда?
Қалай жоғалтқанын білмейді
Жобалаумен
Жалпылама сарнап тұр.
Тапқан адам әкеп берсе,
Сүйінші,
Дайын ғой деп
Үміт жібін жалғап тұр.
Бұл заманда кім апарып береді.
Дәтке – қуат,
Өзін-өзі алдап тұр...
Бітті әңгіме,
Экранға айқайлап,

Қаным қайнап
Ашуымды, ал, лақтыр:
«Нең бар еді кредит ап кердеңдеп,
Барды ұқсатып
Дәміменен жан баққыр!

Шүкірлік жоқ
Күпірлікке бас ұрған,
Әй, ақымақ!
Сүйрер ме еді шашыңнан?
Моды,
Моды,
Деп жадылап жаһаннам,
Миың бу боп
Ұшып кеткен басыңнан.
Өмір құнын білетін-ақ жөнің бар,
Талай бейнет көрмеп пе едің жасыңнан.
Қанша айтсақ та
Ұқпайсыңдар...
Неліктен?
Асылық, деп,
Тым асқақтап,
Тасынған.
Жиған-терген дүниенді аямай
Шашам деп ең...
Қалай екен шашылған ?!
Сен қатынға,
Шынымды айтсам, сол керек,
Таптың ба, ақыр,
Пиғылыңнан...
Осыңнан,
Сендейлерді керегі жоқ аяудың,
Қал, табаға,
Досыңнан да, қасыңнан!»

Әрең, әрең келдім, тоқтап, сабырға,
Ертеңіне жұмысыма бардым да,
Көз алдымнан кетпегесін кешегі іс,
Көлігімді ақтардым кеп тағы да.
Дорба жатыр, орындықтың астында,
Ал, не дейсің,
Мұндай қызық тағдырға!
Аяғымен теуіп, теуіп, байқамай,
Кіргізген ғой, түсіріп ап, алдына...

Ашып қалсам...
Пәшкемен бес... мелион!
Мелшиемін,
Мелионға мөлием.
Ақша жатыр, арбап көзді, құбылып,
Дегендейін
Ал, қанеки,
Кел, ием!

Есім шықты,
Айран-асыр ақылым,
Тыға салып,
Жүріп кеттім ақырын.
Жақсы болды,
Қажетіңе жарат деп
Ұры дауыс сыбырлайды жасырын.
Кісі ақысын жеп мұратқа жетпейсің,
Не болады,
Дейді ұятым, ақырың ?
Әй, обал ғой,
Бейшараға обал ғой,
Болмаса да бірге туған жақының!»

Күні бойы әрі-сәрі,
Шыр-пыр боп,
Жанды қинап,
Өз-өзіме жүр, тұр деп,
Әдірісін сұрап алып теледен,
Іздеп келсем, отыр екен
Сұп-сұр боп.
Өзін-өзі сөгеді кеп аяусыз,
Сорасы аққан екі көзін «шыққыр» деп.

Мені көріп
Ұшып тұрды ербеңдеп,
Көктен түсті,
Шықты ма әлде жерден деп.
Екі қолдап бас салды да ақшасын,
Көпке дейін өзіне өзі келген жоқ.
«Құр сүлдерім қалды, – деді бір кезде
Тәуба, тәуба
Тек әйтеуір өлгем жоқ!»

Есін жиып,
Көзін оттай жандырды,

Ақылға кеп,
Ақ алғысын жаудырды.
Аппақ жібек орамалды,
Түйілген,
Сүйінші деп,
Разылықпен алғызды.

Бауырым деп
Ет жүрегі езіліп,
Аттандырды
Жан жылуы сезіліп.
Құстай ұштым...
Қандай бақыт
Өзіңді,
Өзің сыйлау
Адаммын деп сезініп!

III

Ей, жолаушым!
Кеттім білем көп сөйлеп,
Қайтем енді
Бара жатса тоқ кернеп.
Бір көкмылжың екен өзі деп қалма,
Тамағы тоқ, уайымы жоқ, көк көйлек.

Біздің тағдыр
Қиын әрі қызық та,
Бәрі болды,
Жақсылық та,
Бұзық та.
Мына тас жол - менің жолым өмірлік,
Тартып келем
Жеткенімше сызыққа.

Мен де оқығам
Бар жоғары білімім,
Ортан қолдай көп маманның бірімін.
Бес ауылдың мал шаруасын басқарып,
Бабын тауып
Өсірдім төрт түлігін.

Мыңғырған мал
Сана мейлің, санама,
Әрең сыйып жүретін сай, салаға,

Жалмауыздай жалмап түгел жан-жағын,
Нарық келді,
Мың құбылып замана.
Талай сұмдық істер болды ауылда
Ойлап көрсен
Сыяр, сыймас санаға.
Табын сиыр,
Үйір жылқы бензиннің,
Түтіні боп ұшып кетті ауаға.
Естен танып, құр сенделді қайран ел,
Қаншама жыл жиған байлық...
Шамала!
Құмға құйған судай болып сарқылып,
Қалқоз құлап
Қалды халық далада...
Қара ормандай қараша үйді қиратып,
Қаңғып келдік ақырында қалаға!

Жәрдем сұрап көрдік жақсы жайсаңнан,
Белді буып,
Өттік ептеп лайсаңнан.
Кіріп кеттік кәсіпкерлік әлемге
Саттым бір кез балық әкеп Зайсаңнан.

Әйтіп, бүйтіп,
Нарықты да меңгердік,
Қиындық пен қызықты да тең көрдік.
Кейде табыс қар суындай тасқындап
Сарқылғанда
Шөл кезгендей сенделдік.
Талаптанып,
Еңбек етіп жігермен,
Бірте бірте
Біз де оңалып, жөнделдік!

Иә, сәт деп
Іс орайын іздестік,
Ой жүгіртіп
Аннан, мұннан із кестік.
Беу, сәт сағат!
Кейде бар да
Кейде жоқ,
Сәт сағатым
Маған да ақыр кездесті.
Бір себептен бір себепке жалғасып,

Дүрілдеттім
Дүниелік бизнесті!

Алдымыздан ашылғандай жол даңғыл,
Ақша деген
Секілді бір мол жаңбыр,
Орайласып бір жұмысқа бір жұмыс,
Идеялар
Қаптап оң мен солдан бір,
Жарнамалап
Жер жаһанға жар салдық,
Құлағымнан кетпейді әлі сол даңғыр,
Алғашқы боп,
Алға шықтық...
Алдамшы,
Екен бәрі
Әуейлік
Болжам құр!

Ей, жолаушым,
Сөз ұққаның ұнап тұр,
Ұғымталға ықыласым құлап тұр,
Еш адамға тіс жармаған сырымды
Саған ғана айтам бүгін,
Құлақ түр!

Жалған,
Жала,
Ғайбат сөз деп жынданба,
Өтірікте
Көк тиындық құн бар ма?..
Ту сыртымнан ұрды бір күн біреулер
Гаражымнан
Шығайын деп тұрғанда...
Көлікке артып,
Керіп, тартып көкпардай,
Тастай салған
Ұрып-соғып зынданға.
Бір топ кісі
Тұрды төніп төбемнен,
Көзімді ашып,
Есімді әрең жиғанда.

Жалтылдайды,
Жандаралдың формасы,

Жанында өңкей еңгезердей зор кісі.
Жаутаңдадым
Жанұшырып мен байғұс
Айтшы кімнің
Келер дейсің өлгісі?!

Сұсты жүзді
Суық көзді жандарал,
Сөз бастады
Жендет құсап жанды алар.
«Жағдай жаман
Түсінерсің айтпай-ақ,
Бала емессің
Мұндай іске таңданар.

Амалың жоқ,
Айтқаныма көнесің,
Қарсы болсаң
Осы жерде өлесің.
Заңдастырып
Бар қағазға қол қойып,
Бизнесіңді
Бізге түгел бересің.
Үй-жайыңды,
Машинаңды өзіңе,
Қалдырамыз,
Тәп-тәуір күн көресің.
Құжаттарды
Біз ақтарып
Дайындап,
Әкелгенше жат осында...
Елесін,
Өткен күннің екшеп, әбден ойланып
Тағдырыңның өзің шығар төресін!»

Тастап кетті...
Тау жығардай екпіні,
Қара жерге көрсеткендей тепкіні.
Етіктері тарс-тұрс етіп еденге,
Езіп, жаншып
Жоқ қылардай «пешкіні».
Кетерінде
Кекете бір қарады,
Шекесіне
Баса киіп кепкіні.

Қорқыныштан
Қалтырады өн-бойым
Тірі адамды аяйтұғын жоқ түрі.
Қараңғы үйде қала бердім, қор болып,
Өтті зармен
Мен бейбақтың көп күні!

Шарасызбын...
Шамам келмей жемқорға,
Тоғыз айдай тарттым азап мен торда.
Таскеренмін,
Көрсоқырмын,
Мақрұммын,
Не болды үйде?
Елде?
Жерде?
Канторда?
Жетті бір күн
Сарт-сұрт етіп жандарал
Сақылдаған сары аязды қаңтарда.
Алдыма әкеп бума-бума қағазды
Тастай салды...
«Тағдырыңды ал, таңда!

Жұмыстағы сені іздеген құрбының,
Кім құлаққа іліп жатыр міңгірін?
Айттық елге,
Көп қаржыны жымқырып,
Жалмай берген
Толтыра алмай ындынын.
Үйіңе айттық,
Көтере алмай тойғанын,
Желік қуып
Кебін киіп жындының,
Қашып кетті дедік сені шетелге,
Көтермекке жас тоқалдың ырбыңын.
Саған күнде жаудырады нәлетін
Балаларың,
Сүйіп алған мұңлығың!
Шыңғырсаң да шыңыраудан шыға алмас
Шынжырлаулы шалажансар шындығың.
Бәрін реттеп
Қойдық жөнге келтіріп
Тірі жанға білдірместен ым-жымын.
Соңғы айтарым,

Қолыңды қой,
Айырбас,
Бизнесіңе –
Сенің өмір, тірлігің.
Я болмаса біржолата құртамыз,
Іздеп жатыр осы күні кімді-кім?!»

Сындым ақыр,
Мойынсұндым, бағындым,
Бар байлықтан
Баз кештім де,
Арылдым,
Сұрағанын түгел бердім қол қойып,
Ешбір жаққа келген де жоқ шағынғым.
Тақыр кедей болсам да аман жүрейін
Жандарында балдарымның,
Бағымның.
Елестейді
Элита боп жүрген кез,
Бұлдыр-бұлдыр
Арасынан сағымның!

Өтірік те,
Өксу де жоқ сөзімде,
Бұл бір сынақ
Ауыр ма әлде жеңіл ме?
Кім біледі
Жасадым ба асылық
Болып, толып
Балпаң басқан кезімде.
Сүйегімнен өтіп кеткен бұл қорлық,
Мәңгі мұң боп қатып қалды көңілде,
Кейде менен бәз біреулер сұрайды
Бір тұңғыық уайым бар деп көзіңде,
Оңай ма екен осыншама озбырлық
Болып жатса туып, өскен елінде?!.

Сөйтіп бәрін артқа тастап азаптың,
Жеткізер деп келешекте ғажап күн,
Тәкси болып тартып келем,
Тәуекел,
Жол да өзімде,
Рөл де өзімде,
Азатпын.
Қанын,

Жанын
Жәһәннамға сатпаған,
Шүкіршілік,
Мұсылманмын, қазақпын!

Сау бол, достым,
Қайрылмасын қанатың,
Аман-сау жет
Жеріңізге баратын...
Кейде өмірдің өзі тәкси секілді
Біреу мініп,
Біреу түсіп қалатын!

2010 ж.

ПАНДЕМИЯ Поэма

Пандемия

Дүңк еткізді дүниені дүлей сөз :
Коронавирус!
Пандемия! Пандемия!
Даңғырлап, гулеп,
Жәһәннам зәрін жанға құя.
Сасқанда жаман,
Сан -саққа кеткен сансырап,
Пенденің миын
Дуалап алды зәндемі қиял.
Жоба мен жөннің,
Жоспардың бәрі күл болып,
Алыстап кетті
Бір сәтте арман, алдағы қия.
Маңдайдан бағы,
Таңдайдан әні тайғанда,
Зарлады халық,
Талқан боп тыныш таңдағы ұя!
Үрейлі қаңқу шырмады күллі ғаламды:
Коронавирус!
Пандемия! Пандемия!

Қапыда соққан таңжал

Қаптады дажал,
Басталды майдан алапат.
Ар-ұят қайда,

Ақыл мен білім, парасат?
Залымдар бастап,
Қостаған ғылым зұлымдық,
Ғаламға салды,
Жазылмас ауыр жарақат.

Уханьнан ұшқан
Улы ажал кетті жайылып.
Жасытып жігер,
Сындырып бәрін, майырып,
Қапыда соққан
Қатерлі індет, зұлматқа,
Жүзінде жердің
Жоқ еді ешбір дайын ұлт!

Бүйірден келіп
Бүйідей тиген тосыннан,
Тажалдан тәжді
Тіршілік түгел шошынған.
Жаһанның жұрты
Саудалап жүрген бар-жоғын,
Дүниеге симай,
Сауғалап жанын жосылған!

Қиналған ғалам

Тына қалып ессіздік даңғырлағы,
Басталды зауал шақта тағдыр әні.
Ормандай орыс елі ойға батып,
Алпауыт Америка абдырады.

Өркенді елдер батты қызыл қанға,
Жер таппады жан сақтап, тығыларға.
Исі адамзат есінен танып қалды,
Испан мен итальян қырылғанда.

Тұншықтырды төрт бірдей тарабыңды,
Түңілді түрік, иран, араб, үнді.
Адамзаттың өкпесі саналатын,
Алқынтты Амазонка алабыңды.

АҚШ-тың ақша тапқыш даналары,
Сарғайды, сараптады, саралады.
Ғажайып ғылымы да, қаруы да,
Вирусты тоқтатуға жарамады.

Адамзат миллиондап қаза болды.
Батырды ауыр ойға саналы ерді.
«Жаңылған тәубасынан жер жүзіне-,
- Біреулер: «Көктен келген жаза!» - деді.

Қаңқуды, қан бұзатын, шындық көрді:
«Ханзулар ойлап тапқан сұмдық! - деді.
Зауыттан байқаусызда шығып кеткен,
Зұлматтан қапыда біз тындық!» деді.

Адамзат бірін-бірі кінәлады.
Есіктен ажал- елес сығалады.
Ковидты кім шығарды ?
Неге? Не үшін?...
Жауапсыз салбырап тұр сұрақ әлі?!

Дағдарған дала

Кең дала...
Кеңпейіл жұрт...
Аңғал-саңғал...
Аңғалдық жақсы емес-ау,
Аңғарсаңдар.
Сақтанбай,
Ашық, шашық жатқан елге,
Анталап бәле-бәтер, еркін самғар!

Күйзелді ел, күрсіне алмай,
Күңіренді,
Кеселдің көрінбейтін түрін көрді,
Түгелдей дүниені түнек басып,
Түңіліп тіршіліктен дірілдеді.

Сабылды,
Сең соққандай сансырады,
Қара жер қайғы басып, қансырады.
Алдынан адамзаттың шыға келді,
Аман-сау құтылудың сан сұрағы.

Түнімен тарттырды азап тән сынағы,
Таңға жету мұң болып, тұншығады.
Тұнжырап таң атқанда, а, дариға,
Талайдың сөнді үміті, шам шырағы.

Ес кетіп елдің бәрі үрейленген,
Айрылып арыстардан, сүлейлерден,
Білмейді қалай, қайтіп күресерін,
Көрмеген бұрын - соңды дүлейменен.

Жандары саруайымнан сығылысқан,
Сабылып, қалтарысқа тығылысқан.
Көрвирус көрінбейтін көрқап сынды,
Жаралған жер-жаһандық ыбылыстан.

Жанталас...
Танымайды адамды адам.
Жалынып, қу жан үшін амалдаған.
Аңғалдың алаңдаулы бар білгені,
Зар жылап, зұлымдарды жамандаған!

Көшеде ел сенделіп егіледі,
Бауыры бауыр үшін езіледі.
Бұл бәле қайдан шықты, кім жіберді,
Төбеде кім әкеліп төгіп еді?

Әр ненің еріп жүрген әсеріне,
Кірмейтін қауіп-қатер қаперіне,
Аңғал ел жанын қояр жер таба алмай,
Қамалды төрт қабырға пәтеріне.

Қонақпен бұрын үйге құт келетін,
Ал қазір болды үрей мен құрт келетін...
Келешектен керемет күтіп жүрген,
Көрешек көп екен ғой жұрт көретін.

Ауырды патшалар да пәрмені көп,
Әлеуметтің сөзі көп, әлдері жоқ.
Көпшілік әрі-сәрі, есі шыққан,
Көрінбейтін кеселге дәрмені жоқ.

Арыс жатыр, аузымен ауа қармап,
Судан шыққан балықтай, жағада аунап,
Арыстандай, жалынан айбын кеткен,
Далада тұр ағайын, ана зарлап.

Даланың ұлысы да, ұрысы да,
Уханьның айла таппай вирусына.
Жүздерін төмен салды, дем бере алмай,
Тарылған туған елдің тынысына.

Ой - толғақ

Кім тапты?
Кім таратты?
Қауіп қайдан?
Ғаламға ашқандар кім жабық майдан?
Кім, қане, қорған болмақ ел мен жерге,
Ерлерің жүрсе қуып сауық, сайран?!

Не таптың арыстандай ақырғаннан,
Ерте-кеш қызыл сөзді сапырғаннан?
Бәлеге қарсы тұрар білгірің жоқ,
Не пайда ай кезетін ақылманнан?

Жүрміз деп дүниені дүрілдетіп,
Жым болды дүрдигендер бүгін нетіп?
Көкірек кергендерді қас-қағымда,
Көрвирус қойған жоқ па дірілдетіп!

Көкжалсып, кеуде соққан батыр қайда?
Тәңірісіп, тіл безеген ақын қайда?
Қарсылық көрвирусқа көрсете алмай,
Қор болды ғылым, білім, ақыл, айла.

Шыдамай көр- кеселдің салмағына,
Қайысты елдің не бір ардағы да.
Алшайып атқа мінген азаматтар,
Жарамай дәнемеге қалғаны ма?

Таяныш көрсе халық үкіметті,
Жөн таппай үкіметтің есі кетті,
Арыстай азаматтар қаза болса,
Табытты тас бекітіп, бесік етті.

Жат жұртқа жаның қалмай жайрандадың,
Қай бетіңмен тайрандап, сайрандадың ?
Жұқпалы дерт қаптаса қайтеміз деп,
Қорғауды елді неге ойланбадың?

Оп-оңай ойы бұзық өте алады,
Ашып неге тастадық шекараны?!
Далаға қаптап кіріп жатқан жоқ па,
Жұқпалы ауру, індет, топалаңы!

Жан-жақтан жаһандық дерт торлағанын,

Неліктен ой жүгіртіп, аңдамадың?
Өзін қорғай алмайтын байғұс халық,
Кімге керек құр бекер зарлағаның?!

Сақтанам десең жақсы, жаманды ойла,
Белгісіз бұрылары заман қайда.
Тағы да бәле келсе, ел қорғайтын,
Білетін іс тетігін маман қайда?

Еліңді қойса жатқа ойрандатып,
Уайымсыз ішесің бе айран, қатық?
Зұлым заман өкпеңнен қысып тұрған,
Қойса жақсы сайратып, сайрандатып!

Жұлдыздар - елдің ие, тірегі деп,
Білегі, ақыл-ойы, жүрегі деп,
Елірді, еліктеді үлкен-кіші,
Экран – өмір өзек, тілегі боп!

Бәрінен артық көріп жалтылдақты,
Жезді де, ездерін де алтындапты,
Сарп етіп күш-қайратын, ақыл, ойын,
Жалтылдау үшін босқа салпылдапты.

Дүрсінген, дүрілдеген дүйім жұртты,
Бір уыс қылған жоқ па түйір құрты?
Кемелдер, кемеңгерлер көк тіреген,
Қайрансыз салбырады үйде мұрты!

Мемлекет шешімі

«Қиын сәтте күллі халық біргеміз,
Бірге болсақ, сөгілмейді іргеміз!
Түңілмейміз қара түнек басқанда,
Үмітпенен ұмтыламыз күнге біз!

Қапияда қаптап келген бәлекет,
Елден алас, жер бетінен мүлдем кет!»
Президенттің өзі бастап, ел қостап,
Көрвируспен шықты айқасқа мемлекет!

Шамырқанып, азаматтар бар күшін,
Халық үшін бұл майданға салды шын.
Карантиннің - қара түннің кезінде,
Аямады елден көмек, қаржысын.

Аруақтанып, көтеріп көк туыңды,
Қайратты ерлер бір кісідей жұмылды.
Көрінбейтін дажал, бірақ, оңай ма,
Жалмай берді талай қымбат ғұмырды.

Ауруханадағы арпалыс

Аурудан алыс та өлді, жақын да өлді,
Ғұлама, батыр, бағлан, ақын да өлді.
Көрвирус құрбандығын таңдамайды,
Бірталай басшы, қосшы, әкім де өлді!

Тарылып, таусыларда алар демі,
Науқастың аурухана барар жері.
Көрмеген көрвирусты дәрігерлер,
Дауасын сұмдық дерттің табар ма енді?.

Алқымнан алғанда елді ажал мерген,
Сауал тұрды, кім емдеп жазар деген?
Инфекционист Исабек Қозыбаев,
Шайқасты көрінбейтін тажалменен.

Ұшына саусағының құт дарыған,
Қасиет үзілмеген түп-тамырдан.
Дәрігер дара мінез бір тынбайды,
Ажалдан адамдарды құтқарудан.

Жағдайды, жұртты жинап, ұғындырды:
«Шамамыз жоқ па біздің шыбын құрлы?
Қалайық адал болып антымызға!»
Деп күреске ұжымды жұмылдырды.

«Тар кезең...
Тәртіпке сый!
Мейлің сыйма!
Өмір үшін көңілдің күйін сыйла.
Аққа құдай жақ болып, қуат берсін,
Бізбен бірге Гиппократ, Ибн Сина!»

Майдандағы дәрігерлер

Дәрігерлер еңсені езген зілді ұқты.
Кілең мықты жігер қайрап, ширықты.
Орындауға бел байлады бұлжытпай,
Маңдайына

Тағдыр жазған бұйрықты!

«Айнымаймыз
Адамшылық міндеттен,
Айқасамыз
Елге келген індетпен.
Амал қанша,
Білмей тұрмыз біз бірақ,
Қалай, қайтіп күресуді бұл дертпен ?!»

Анталаған алды-артыңды аңдатпай,
Дажалменен шайқасамыз шаң қаппай.
Қан майданда Отан үшін қылышпен,
Танкке де қарсы шапқан солдаттай!»

Көрвируспен күреске,
Дәрігерлер кірісті,
Бір құдайға сиынып.
Аранына ажалдың,
Тастама деп адамды
Ар-намысы бұйырып.
Үсті-басын тұмшалап,
Тұншықса да сабыр ғып,
Төбесінен аққан тер,
Табанына құйылып.
Жер-жаһанның жел құрты,
Қаптағандай жиылып.
Қылшылдаған қыз, жігіт,
Құрбан болды ел үшін
Қыршынынан қиылып!

Үрей мен үміт. Айқай

Жанталас...
Аурухана,
Көңіл күпті...
«Жаратқан!
Үзе көрме өмір жіпті!»
Құдайды қиналғанда еске алған ел
Күбірлеп, тілейді іштей жеңілдікті,
Бетпе-бет дертпен жатыр арпалысып
Көтеріп келген жандар не бір жүкті...

Ажалдың амалы жоқ,
Себебі көп,

Сырқат пен шипаны хақ береді деп,
Аулада сең соққандай сенделген жұрт,
Арасын үміт, үрей кезеді кеп.
Қалтаңдап дәрігерге жүгіреді,
Жаутаңдап, дәтке қуат, демеу іздеп.

Әуелде жылышырай, жұмсақ бәрі,
Тәп-тәтті, сыпайылап тіл қатқаны.
Қабағы қарс жабылды дәрігердің,
Сыйғыза алмай қаптаған сырқаттарды.
Қабарған көпшіліктің қаны қайнап,
Аузынан ашу-ыза бұрқақтады:

- Менсінбей бізді жүре тыңдайсындар,
Басыңды кімге, неге бұлдайсындар?
Күттіріп күні бойы зарықтырып,
Неліктен жұртты сонша қинайсындар?
Бір қағазды толтырып пәлен сағат.
Дәлізге топырлатып жинайсындар!

Қойқаңдап әрлі-берлі жүресіндер,
Елді емес, өздеріңді сүйесіндер!
Дәріден дәрмен болмай, дерт меңдесе,
Кінәні өзімізге ілесіндер.
Кісіні емдеуден де артығырақ,
Үндемей өлтіруді білесіндер!

Ойыңды жамандыққа жани көрме,
Ем қылсаң, шипалы боп, дари көр де!
Жанына батқан дертке дауа тілеп,
Шырылдайды кәрі де, сәбилер де.
Көзіңмен көріп тұрып қиналғанын,
Қалайша жатқызасың кәридөрге!?

Жақынның жайын ойлап, мазамыз жоқ,
Ажалдан қайтсек алып қаламыз деп!
Бірдеме болып кетсе, көрсетеміз,
Табамыз сендерге де жазаны іздеп!
Көп қорқытты: «Көріңді қазамыз!» – деп.
«Иттей ғып интернетке жазамыз!» – деп.

Ел ішінде қит етсе жылайтын бар,
Сәл сүрінсе, жалп етіп құлайтын бар.
Міндетсіп күллі жұртқа, масылдықпен,
Қажетін қиқулатып сұрайтын бар.

Жамандап, жалпақ елдің түгін қоймай,
Сапырып оңды - солды сынайтын бар.

Дәрігер Қатираның жауабы:

Қатира қайсар еді қарағаштай,
Қитұрқы қулықтарға араласпай,
Күреске кірген құртпен көрінбейтін,
Қорғалап, қара басын ала қашпай.

Ақ бата, алғыс алған аталардан.
Қазақтар жақын тартып, апалаған.
Ардақтап орысы бар, немісі бар,
Өзге ұлттар Катерина – Катялаған!

Жұмысын өте жақсы білетұғын,
Әдеппен әдептіге күлетұғын,
Текті еді, тепсінгенге тіке қарап,
Бетпақтың бетін сөзбен тілетұғын:

- Тоқтаңдар!
Неге сонша тулайсыңдар?
Жағдай осы...
Орын жоқ... сыймайсыңдар!
Жан-жақтан жала жапқан жаман сөзге,
Елігіп, ғайбат сөйлеп, шулайсыңдар!

Неғыл дейсің?
Орын жоқ палатада!
Босайды...
Күте тұрсаң...
Таң атарда...
Кәридөр түгіл тіпті көрге тығар,
Көрвирус алды-артыңа қарата ма?

Даттауға неткен жүйрік шеберсіңдер,
Тағдырдың жазғанына көнерсіңдер!
Шипа берсе, жазылып біздің қолдан,
Ажал жетсе, бізсіз де өлерсіңдер!

Бұл сұмдық ойда- жоқта елге төнді,
Ғажайып шипа қолдан келмес енді.
Бар емі дәрігердің қона берсе,
Еш адам дүниеде өлмес еді.

Қара бұлт торлағанын ұғын анық,
Қайғыдан қан жұтып тұр бүгін халық!
Жоқ болса немді берем, немді салам?
Салмасам өз өкпемді жұлып алып!

Шулатып анда-мында жаздырасың,
Қайдағы шайтан ойды қоздырасың.
Жазғаны ажал болса пешенеге,
Несіне оған бізді жазғырасың?!

Мен тұрмын қырық тоғыз мүшелімде,
Жұрт үшін жанған отқа түсемін бе?
Көрвирус көрінбейтін дауасыз дерт,
Көнбейді тістенуге, күшенуге.

Байым бар, менің де үйде балдарым бар,
Немере сүйсем деген арманым бар.
Адам ғой сен сияқты дәрігер де,
Оның да жан, жүрегін аңғарындар!

Жалаға жауап қатпай, көнемін бе?
Баламды көрмеймін бе, көремін бе,
Емдеймін деп жүргенде өзгелерді,
Олардан бұрын өзім өлемін бе?

Еңбегім – өмірім бе, өлімім бе?
Кигенім кебенек пе, кебінім бе?
Тағдырдың тезі қиын, жолы жұмбақ,
Бұйырар төрін кімге, көрін кімге?

Науқасы меңдеу тартқан жан өле ме,
Жоқ әлде емдеп жүрген мен өлем бе?
Шалықтап, сал-сері боп жүрген елді,
Салды ғой бір- ақ сәтте сергелдеңге.

Бауырмыз, бір-ақ елміз мен де, сен де,
Мейлің сен, сөзім шындық, мейлің сенбе.
Қайран жоқ қолдан келер бұдан басқа,
Тірідей қазір мені жерлесен де!»

Қаһармен Қатираға қайрат бітті.
«Науқастар өмір жайын ойлап күпті.
Бұл жерде топырлауға болмайды!» – деп,
Бәрін де бет қаратпай айдап шықты!

Киініп қабат, қабат, тұмшаланып.
Айқасып, алғы шепте тұрса да анық.
Ем түгіл, есі де ауып қалады екен,
Зар илеп қаптағанда мұнша халық!

Уайымдап, балдарына алаңдайды,
Уағымен өз үйіне бара алмайды.
Мекендеп бір бөлмені тұрып жатты,
Бір сәт те емін – еркін дем алмайды.

Қауіпті ішкен суы, тамағы да,
Көрвирус жайлап алған ауаны да.
Әйтеуір, алданышы ватсап қана,
Көреді содан байды, баланы да!

Алғыс пен қарғыс

Дәм-тұзы таусылмаса тағдырдағы,
Себепсіз үзіле ме жанның әні?
Жазылып ауруынан шыққан жандар,
Ақ бата, ақ алғысын жаудырады.

Ал енді қаза болса, зарлайды кеп,
Дәрігер, мемлекетті қарғайды кеп.
Мәңгілік өмір сүрер адам жоғын,
Ашумен ойына да алмайды тек!

Бауырдың амандығын зарлап тілеп,
Тұтасты туысқандар, қармап білек.
Аман-сау шықса айығып, алғыс айтып,
Опат болса, түк қоймай қарғап-сілеп.

Ел бұрын: «Көп көңілі - көлдей!»- десті.
Ал бүгін ылайланған селдей көшті.
Гулеген, дүрілдеген қаңқу, ғайбат,
Әлеуметтік желіде желдей есті.

Тілдеді...
Барды боқтық, балағатқа.
Қалдырып бар жақсыны жаман атқа.
Қит етсе ғаламторға жүгіретін,
Не дерсің, бәрі де адам, жамағатқа?!

Қаралы жанның қарғысы:

Көк ит жарсын өтінді,
Көп ит жесін етінді,
Ковид жесін өкпенді,
Түгінді қоймай тілдеп жұрт,
Қап-қара қылсын бетінді!

Тынысың бітіп, тарылып,
Тамырың түгел жарылып,
Бір-ақ жұтым ауаға,
Бауырым қалай қиналса,
Сен де қал солай зарығып!

Өкпең түгел тесілсін,
Өмірің ерте кесілсін.
Санатынан жақсының,
Атыңды мүлде өшірсін!

Аман қалған жанның алғысы:

Тарылмасын тынысың,
Табысты болсын жұмысың.
Алғысы елдің қалқан боп,
Қайтарсын қарғыс қылышын!

Көркейіп өссін өркенің,
Өмірдің кешіп көркемін,
Армандай аппақ айдында,
Керіліп еркін желкенің,
Биік болсын мерейлі,
Бүгіннен де ертеңің.
Айналсын шынға, аяулы,
Бала күнгі ертегің!

Ақ халагты абзал жан,
Бақыт жолың ашылсын,
Алғысымен халықтың,
Алланың нұры шашылсын!

Көшеде

Дүние келгендей боп асты үстіне,
Байланды бес теңгенің мәскісіне.
Мәскі киіп алған соң айырмайсың,

Ұры ма?
Мас кісі ме?
Бас кісі ме?!

Халықтың қарс жабылды қас-қабағы,
Дегендей бізді кімдер басқарады?
Басталды қайғыдан да пайда сауған,
Маскалы масқараның маскарады.

Арпалыс...
Айырып көр ақ-қараны.
Қоймада қап-қап дәрі сақталады...
Секілді көрінеді көпшілікке,
Алдырмас аярлықтың тас қамалы.

Ел-жұртқа берілмеді дәрі-дәрмек.
Дәрісіз жас пен кәрі – бәрі де өлмек.
Жер-көкті жаңғыртқандай жанайқайы,
Жүрегін жалпы жұрттың жалын кернеп.

Басшылар сөзге тоқтап, жоғын жоқтап,
Бар затты қоймадағы хаттап, шоттап.
Қиналған елге қымбат дәрі сатқан,
Қуларды қуып шықты, даттап, соттап.

Батса да ел қайғысы ер кеудеге,
Мұрша жоқ, таразылап, зерделеуге.
Бетперде кие салу қиын боп па,
Пендеге, еті үйренген перделеуге!

Ақыл-ой шексіз болса қаншалықты,
Шексіз ғой ақымақтық соншалықты.
Ауытқып, қылған ісін есерліктің,
Жабылып ойлап таппас барша мықты.

Жөн бар ма жамандайтын жақсыларды.
Ел үшін тар кезеңде шапқылады.
Бір күні, түсінбеді ел, астанада,
Аспанға фейерверк атқылады!

Ерлерін елі қанша мақтаса да,
Той жасап тар кезеңде топтаса ма?
Дем жетпей, ел тұншығып жатқан кезде,
Аспанға салтанатты от шаша ма?

От шашу – айдалаға алтын шашу,
Жемқорлық, ессіздіктің артын ашу.
Сасытып, жер мен көкті, даланы улап,
Аяққа, алдап-сулап, халқын басу!

Қайғылы халық көктен от көргесін,
Қалайша дүлейлікті жек көрмесін?
Карантиннің қатпарлы қара түні,
Сыпырды сырттандардың бетпердесін!

«Ақшаны ақтау үшін аттық!» – деді.
«Ел рухын көтереді шаттық!» – деді.
Тарсылдап, жарқ-жұрқ етіп жатқан шақта,
Таусылды талай жанның ақтық демі!

Дәрігер мен елес

Амалдап,
Аннан-мұннан жиса да еппен,
Дәрі жоқ...
Дәрмен кетті Исабектен.
Дауасыз дерт шипасы табылады-ау,
Тек қана Рахман құдай құйса көктен!

Оп-оңай болып кетті өлу мұнда,
Құрбандар
Отыз...
Қырық...
Елу мың ба?
Тым ауыр қаза болып аз қазаққа,
Батты ғой айықпайтын елім мұңға!

Өмірдің сарқыларда бал бұлағы,
Аяусыз тапталғанда тал, құрағы,
Күрескен күні-түні көртажалмен,
Абзал жан азап тартып, қалжырады.

Белгісіз түсі екені,
Өңі екені,
Көргендей болды күлгін көлеңкені.
Құбылып, тәжді малғұн тіл қатады,
Үйіріп езуіне келекені:

Елес:
Адамзатты құтқарам деп,

Әуре болып жатырмысың?
Көрвирустан қорықпайтын,
Әлде көзсіз батырмысың?

Ақымақсың, бәлкім, білмес,
Тыныс, тірлік тарылғанды?
Шырмап алдым дүниені.
Жер де, су да, бәрі уланды.

Исабек:
Сен кімсің?
Есермісің, сермісің?
Жаумысың әлде елмісің?

Елес:
Мен бармын...
Әлде жоқпын...
Елеспін...
Жау десең жаумын,
Ел десең елмін,
Ешкім де бәлкім, емеспін!

Ал, сен өзің кім боласың?
Ұрымысың, ұлмысың,
Дүлеймісің, дүрмісің?
Бактерия басыңмен,
Адаммын деп жүрмісің?!

Исабек:
Мен адаммын!
Рухым биік дертіңнен,
Айнымаймын дәрігерлік сертімнен!
Адам үшін шықтым ұлы шайқасқа,
Парызымды атқаруға еркіммен!

Елес:
Дүние шексіз, тұңғиық,
Адам деген бір тозаң,
Көзге де тіпті ілінбес.
Тозаңдығы бірақ та,
Өзіне мүлде білінбес!

Естідің көрқап күркірін,
Қаптатып дерттің түр-түрін,
Күркілдеп жерге бүркемін,

Бермеймін енді бір тыным.
Көрвирус кіріп келер деп,
Үреймен өтер күн-түнің.
Кімге дәрі, кімге құт,
Даңғаза жалт-жұлт жырқылың?
Кімнен қайыр, қайран бар,
Дәрменсіз ыңқыл-сыңқылың!

Исабек:

Өмір үшін от кешіп, ордан өтем.
Аурудан адамдарды қорғап өтем.
Ковидтен, көп иттерден қорықпаймын,
Адамшылық жолын мен жалғап өтем!

Елес:

Құйттай ғана, көрінбейтін жалған дерт.
Жер шетіне желмен ұшып барған дерт.
Жарты әлемді жаулап алған патша да,
Жансыз құртқа әлі жетпей болған мерт!

Исабек:

Адамның жаны,
Биік тұр құрттың тегінен,
Шегінбей өлем,
Майданның алғы шебінен!

Елес:

Жоқ нәрсені малдана,
Өзіңді өзің алдама!
Жай ғана сөз жан деген,
Адам деген - тән ғана!

Исабек:

Адамның тәні табиғи,
Жаратылыс ең ғажап.
Тән – жанымның ұясы,
Ете алмайсың сен мазақ!

Елес:

Тән дегенің тәп-тәтті,
Микробтың мекені.
Микробтан жаралып,
Микроб боп өтеді.
Микробқа жем болып,

Микроб боп кетеді!
Аксиома, білесіз,
Тіршіліктің негізі,
Микробтар екені!

Исабек:

Табиғи жаратылыс - бәрі сұлу.
Бәрінен сау адамның тәні сұлу.
Тән – тіршілік негізі ағза болса,
Адамды адам қылған жаны сұлу!

Құртыңменен қорқытпа, өлесің деп...
Құдай жазса, өмірде көресім көп.
Тәнімді түгел жалмап, жеп қойсаң да,
Жанымды жеңе алмайсың теңдесі жоқ!

Елес:

Құрт жайласа тәніңді,
Ұмытарсың жаныңды,
Әнің менен сәніңді!

Дерт меңдесе дененді,
Ұмытарсың өлеңді,
Өлең түгіл енеңді!

Исабек:

Тәніміз - табиғаттың ең асылы,
Тарихтың дәлелдеген сан ғасыры.
Бірінсіз бірі тірлік ете алмайды,
Адам деген жан мен тән жарасымы!

Ескермей кеткендіктен кейде осыны,
Адамдар әрі-сәрі күй кешулі.
Бақытты болады адам, табылғанда,
Сәулелі жан, сау тәннің үйлесімі.

Біздің парыз адамның тәнін емдеу,
Бас, жүрек, қол мен аяқ, қарынды емдеу.
Тәні саудың жаны сау болуы үшін,
Әркімнің өз міндеті жанын емдеу.

Тәнді дерт меңдегенде емдегенмін,
Ешқашан жан мен тәнді бөлмегенмін.
Уақыт жетсе, денеден ұшып шығар,
Жан өлмесе, менің де өлмегенім!

Елес:

Әуре болып, әлденені ән қылып,
Іздейсіндер сәнділік пен мәнділік.
Бәрі жалған...
Құдай да жоқ,
Иман да жоқ,
Жан да жоқ,
Жоғалмайтын
Микроб қана мәңгілік!

Исабек:

Әзәзілге арбалма,
Әсерлі сөзге алданба.
Имансыз өмір - өмір ме,
Құдайсыз мән жоқ жалғанда!

Тозады дейміз темір де,
Жүрмейді ол заң көңілге.
Тоқтаусыз қайнап, жайнаған,
Өмірдің мәні - өмірде!

Жан мәңгілік, өлмейді!
Жер-көктегі жауыз құрттар,
Жиылып кеп жабылсаң да,
Жанға шамаң келмейді!

Елес:

Жанды сөз ғып, адаммын деп ақталдың,
Мәңгілік өмір дегенге сеніп, мақтандың.
Ал, бірақ, жанды қолыңмен ұстап көрдің бе,
Ағзаны сойып, түгендеп талай ақтардың?

Тіршіліктің сырын зерттеп, іздейсіндер көп заттан.
Өсімдіктен, су мен ауа, жер асты мен көк жақтан...
Өмір деген шұбатылған, бір тоймайтын шек-қарын,
Ал адамдар – бактерия, бірін-бірі жеп жатқан!

Исабек:

Аздырмақ болған,
Әзәзіл сөзге нанбайтын,
Көзбенен көріп,
Қолменен ұстай алмайтын,
Әуеден келіп,
Әуеге ұшып кететін.

Адамның жаны
Жаратқан берген
Аманат көкке самғайтын!

Жан аңсары – жақсылық,
Аманат жанды адамзат,
Құтылмас құмға жасырып,
Құтырған жынға тапсырып!

Елес:

Кемеңгерлер малталарын езіп жүр,
Қара халық шыбын жаннан безіп жүр,
Адамды адам жою үшін шығарған,
Дажал вирус күллі әлемді кезіп жүр!

Күллі әлемді патша вирус жайлаған.
Бар тіршілік – бактерия қайнаған.
Макромірде нелерің бар, ессіздер,
Тағдырларың микромирге байланған!

Құтқармайды оқ өтпейтін сауыттар,
Құрт жеңісі – қатар, қатар табыттар.
Бар әлемді билейді енді бұқтырып,
Бактерия өндіретін зауыттар!

Исабек:

Адамға таққан перде - ауыздықты,
Имансыздар жасаған жауыздықты!
Имансыз ғылым, білім қасіретті,
Адамгершіл ғалымдар – нағыз мықты!

Елес:

Сенесің артамын деп жүкті кімге?
Үзерсің күдеріңді күпті күнде!
Макросқа қолын созған марғасқалар,
Микросқа жем болады түп- түбінде.

Жалғаннан түрлі қауым, халық та өткен,
Жер жарған атақ, даңқы алып та өткен.
Өмір, тарих жоғалған уақыт қана,
Із-түзсіз жел ұшырып алып кеткен!

Исабек:

Тіршіліктің түп-түбінде бәрі алданыш, бекер ме?
Уақыт-желмен күллі тарих ұшып ізсіз кетер ме?

Бәрі мәнді өз уағында...оған ақыл жетер ме?

Бұл өмірдің барар жері, түпкі мәні өлім бе?
Күмән, күдік, үміт ойнар көнбейтұғын көңілде.
Күрес, тірес, егілген жан, төгілген тер тегін бе?

Батқан күннің қайта оралып, шуақ шашар таңы бар,
Әр нәрсенің өз уағында, өз орнында мәні бар.
Таным жолы оңай емес, жұмбақ сырын тауып ал!

Тегін емес адамдардың тілек, үміт, арманы,
Жоғалған жоқ ұшқан көкке бабалардың аруағы.
Бәрінің де біз білмейтін, бір құпия бар мәні!

Елес:

Ей, адамзат!
Қайтеді асып-таспасаң?
Кеш болмайды бәрін қайта бастасаң.
Бактерия – күллі әлемді билеп тұр,
Одан қашып құтылмайсың ешқашан!

Адамдардың өзі вирус, шынында,
Мұны бірақ білмейді әлі ғылым да!
Әрбір адам – бактерия қаптаған,
Тамырында, қарынында, миында!

Жан деген жоқ, нағыз өмір - тәнің, сен!
Басыңды иіп, бактерияға бағын сен,
Құдай санап тәжді тажал вирусты,
Микробқа тізе бүгіп, табын сен!

Исабек:

Бас-басына құдай іздеп, жол көрсетіп жаңадан,
Алжастырып сенген жанды, адасып жүр сан адам.
Келтіреді неше түрлі кереметті қиыстырып қисынға,
Құдай жасап қиялынан, қолдарынан, қоладан.
Ей, адамдар, иман ғана мәңгілік қамал, қорғаның,
Сақтайтын сені сайтани қатер, сасыған пәле - жаладан!

Елес:

Адамшылық, иманыңды,
Аяр білім жеңген жоқ па?
Ажалың мен дажалыңды,
Ғылым тауып берген жоқ па?

Исабек:

Имансызға дауа болмас,
Иманды жан- жауыз болмас!
Ақыл, білім адаспайды,
Иман, рахым болса жолдас!

Адамзаттың ақыл-ойы,
Биіктерге барады.
Құдай қолдап, ізгі ғылым,
Дерт дауасын табады!

Елес:

Басқа жол жоқ, пайымдаңдар.
Жойылатын жайыңды аңғар,
Ақиқатты іздесеңдер,
Микробты мойындаңдар!

Исабек:

Зұлымдық жетсе,
Аузынан көбік бұрқырап,
Заманды бұзған
Зымыстан ойлар зырқырап,
Құйындай соғып,
Ұйтқыса желдей жұлқылап,
Шыбындай жаным,
Қысылған кезде шырқырап.
Қорғайды мені,
Мәңгілік кәміл иманым!

Әзәзіл арбап,
Құлаққа малғұн сыбырлап,
Түршігіп жаның,
Жұлын мен жотаң жыбырлап.
Шалығы жынның,
Жегі құрт сынды,
Жүйкенде жүрсе қыбырлап.
Сақтайды бүгін,
Ақтайды ертең,
Мәңгілік кәміл иманым,
Мәңгілік қамал, қорғаным!!!

«Иа, Алла!» - деді,
Исабек сергіп, оңалды,
Сілкініп қыран,
Тұғырға қайта оралды.

Ширьғып, шындап
Алланың атын айтқанда,
Сылқ ете түсіп,
Көлеңке - елес жоғалды!

Исабектің мінажаты:

Иа, Алла! Рахман, Рахим!
Жұртты да өзің жараттың,
Құртты да өзің жараттың...
Адам қылып адамды,
Жер жүзіне тараттың!

Күрсінген көптің жерін көр,
Күйзелген елге көңіл бөл!
Жаратқан ием жар болсаң,
Ауырлық қандай жеңілдер.
Дертті де берген өзіңсің,
Жаратқан, өзің емін бер!
Тарылды елдің тынысы,
Өмірдің еркін демін бер.
Өлімге әзір асықпай,
Өмір бер, бізге өмір бер!

*Жан толқынысы.
Исабек пен Қатира.*

Ақ халат киген,
Аққудай аппақ абзалдар,
Адамдар үшін
Аранға тура барғандар.
Үзілер кезде,
Үміттің жалғап ақ жібін,
Дажалдан жанды,
Аман-сау алып қалғандар.

Кеудесін тосып,
Белгісіз жаудың дертіне.
Семсердей берік,
Адамдық парыз, сертіне.
Ерте ме, кеш пе,
Жұғарын ауру білсе де,
Еркімен барып,
Майданның түскен өртіне.

Ес кетіп елден,
Серкелер қалды сенделіп,
Арбасып жатты,
Азаматтық пен пенделік.
Деміккен елді,
Жаутаңдап қалған жан-жаққа,
Дәрігерден басқа,
Демейтін кім бар дем беріп?!

Қатира:

Сүйектен өтіп,
Күйдірді жүрек көргенім.
Өкпесі өшіп,
Тұншығып жанның сөнгенін.
Басымды тігіп,
Қаһарлы қарғыс арқалап,
Келмейді өлгім,
Ешкімді бүйтіп емдегім!

Боқтайды неге,
Кінәсіз әкем, шешем де!
Мен неге үнсіз,
Төзуім керек есерге?
Жаһанда кім бар,
Сақадай сай боп отырған.
Күтпеген жерден,
Көрінбей келген кеселге?!

Ұлдардан емес,
Іздей ме пана ұлт қыздан?
Жабыла тілдеп,
Жағасын неге жыртқызған?
Мен емес жұрттың,
Мұрнына вирус тықпалап,
Өкпесін өртеп,
Өлімнің демін жұтқызған!

Астында қалдым,
Атылған оқтай сөзінің.
Адаммын мен де,
Бар ұят, ақыл, сезімім.
Десең де мейлі,
Аттаған анттан қашқынсың,
Кетемін енді...
Қажыдым...
Бітті төзімім!

Исабек:

Егіліп жүрсің,
Болса екен аман халқым деп,
Еңбегің адал,
Соған сай еңбек ақың жоқ.
Шындығын айтып,
Ащы да болса өмірдің,
Шырылдап тұрсың,
Шырмауға сені хақым жоқ!

Өкпелей салып,
Біріне бірі өшігіп,
Өкпемен билеп,
Өктемдік қылып есіріп,
Қылт ете қалып,
Өкпесін сүйреп жүрген жұрт,
Жем болды құртқа,
Өкпесі күйіп, тесіліп.

Өспейміз өрлеп,
Өкпе мен назды тізгенде.
Өкпешіл қауым
Өртеніп кетер бір демде.
Өкпесі өшіп,
Еліміз сорлап қалмай ма,
Майданды тастап,
Өкпелеп кетсек біздер де!?

Қатира:

Қиналып халық,
Қаптаған ауру заманда,
Келгенше қолдан,
Беремін жәрдем адамға.
Келмейді бірақ,
Кінәлі болып жазықсыз,
Датталып жөнсіз,
Тапталып қалғым табанға!

Тепсініп неге,
Теріге сыймай тұлданып?
Қояды талап,
Біздерге сонша бұлданып?
Ешкімге ешкім
Міндетті емес өмірде,
Білмейтін соны,
Жылауық па еді, кіл ғаріп?

Исабек:

Вируста жан жоқ,
Иман жоқ, ой жоқ, қан да жоқ.
Тұрмайды таңдап,
Бала ма, жас па, шал ма деп.
Адамды емдеп,
Азабын тартқан жандарға,
Айтамын қалай,
Мұнда қал, үйге барма деп?

Сөйлеуге баптап,
Жағдайды жалпы ұқтырып,
Мұршамыз жоқ қой,
Қылуға қызмет тік тұрып.
Емі жоқ ауру,
Есінен елді тандырды,
Ұшқандай оққа,
Дәрігер де ауру жұқтырып.

Күн сайын қаптап,
Қазылып жатқан бейіттер,
Қайғылы кездің
Келбетін солар кейіптер,
Ақ халат киіп,
Аспанға кеткен ақ қанат,
Алдыңғы шептен
Шегінбей өлген шейіттер!

Ардақты жандар,
Орыны қайта толар ма?
Өлген жоқ босқа,
Аруағы қорған болар ма?
Сауғалап басты,
Майданды тастап қашсақ біз,
Ойлашы өзің,
Не дейміз ертең оларға?!

Қатира:

Аждаһа дажал
Тұрады-ау төніп төбеңнен,
Зұлымдық неткен
Қитұрқы, кесір өлермен.
Арқа да жарқа,
Алаңсыз дәурен жоқ енді,
Дәрменсіз елім,
Не көрсем бірге көрем мен!

Амалын тапсам,
Айықпас дертті жеңем мен,
Ажалым жетсе,
Айқасып тұрып өлем мен!»
Әйелдің нәзік
Толқытып батыл шешімі,
Азамат ердің,
Көз жасы әрең тежелген!

Жанкешті жандар,
Тұлғасын елдің тау қылған.
Оларға халық,
Алғысын аппақ жаудырған.
Азапты бейнет,
Егес пен еңбек еш болмай,
Мыңдаған адам
Жазылып шықты аурудан!

Аурухана: Ана мен бала

Қайнаған құрттың,
Зарлаған жұрттың ішінде.
Жүрді ұқсап дәрігер,
Ақ мәрмәр тастай мүсінге.
Тұншыққан жанға,
Шарасы болмай қиналды,
Көремін деп пе,
Өң түгіл мұны түсінде.

Анасы зарлап,
Қиналып жатыр баласы,
Араша түсер,
Оған жоқ енді шамасы.
Жұбата берді,
Сөзімен жылы амалсыз:
«Жар болсын құдай,
Жабыққандардың панасы!»

Не дерін білмей
Қиналды, зарлы анаға.
Бала дегенде,
Ананың жаны қала ма?!
«Өкпемді менің
Суырып ал да, дәрігер,
Сап берші мына
Тұншығып жатқан балама!»

Садаға қылып,
Ботасы үшін өз басын,
Төгеді ана,
Тұншығып үнсіз көз жасын.
Амал не, бірақ,
Үзіліп кетіп боздағы,
Бозала таңда,
Сорлаған ана боздасын!

Даланың дана,
Жөн болар сөзін ойға алған,
Көшпенді батыр
Көшкенде мына жалғаннан,
Ұшты дейді екен,
Байырғы түрік бабалар.
Өлмейді кісі,
Ұшады көкке қайран жан!

Ұшып кеткендер...

Адамды ажал құшқанда,
Кеудеден жаны шыққанда,
Ұшты деп айтса, бабалар,
Меңзеген нені?
Тұспалда!

Жылама, зарлап жоқтама,
Өлімді сұм деп дағтама.
Ол, бәлкім, қайта тумаққа,
Ұшатын көкке шақ қана!

Сызыққа жазу жеткенде,
Өшер ме мүлде өткендер?
Белгісіздікті бетке алып,
Үндемей ұшып кеткендер?!

Айналып мәңгі аруаққа,
Ұшты екен олар қай жаққа?!
Жүр ме екен әлде көгінде,
Қарайлап ауыл, аймаққа?

Аурухана. Алпауыттың әкесі

Бай келді, тау жығардай, әкіреңдеп:
«Беріңдер қайтсеңдер де әкемді емдеп!»

Дәрігер әбігер боп, абыржыды,
Әсерін әдепсіздің әрең жөндеп.

- Демі жоқ, дәрмені жоқ әніңнің де,
Тығулы қоймадағы дәрің кімге?
Әкемді аман алып қалмасаңдар,
Әкеңді танытамын бәріңнің де!

Қатира, жыны келсе, көкбет еді,
Өн бойын, қаны қайнап, от кернеді
Бетпаққа барқыраған тік қарады,
Жұлып ап тұмшалаған бетпердені:

- Бұл ауру бәрімізге болды уайым.
Өзімді де, сені де алдамаймын.
Ажалдан аман алып қаламын деп,
Ешкімге де кепілдік бере алмаймын!

- Жаныма батқаннан соң бақырамын.
Әкемді ойлап, амалсыз аһ ұрамын.
Біліп қой, біз – халықпыз, көпшілікпіз,
Қоғадай барлығыңды жапырамын!

- Қағасың, кеуде керіп, халықпын деп,
Көппін деп қиғылықты салыпсың кеп.
Ал сонда біздер кімбіз, халық емей,
Екіге елді бөле қалыпсың кеп!

Ессіздіктің мұндай да көрдік түрін,
Халық деген қасиет, елдік ұғым.
Топырлаған бұзақы тобырыңды,
Халық деп кетірмеңдер сөздің құнын!

Шоу жасап, ай-әлемге селтендедің,
Осы ма керемет боп жеткен жерің!?
Мыңқылдап тұрсың міне, мән үйретіп,
Тығылып тасасына бетперденің?

Сексен бес жақсы жас қой, білмейсің бе?
Бұған да шүкірлік қып жүрмейсің бе?
Әкең мындай болғанда, өзің қандай,
Әдеп пен ұят-аят білмейсің бе?»

Қатира қара дауыл соқтырады.
Ауызын адуынның жапқызады.

Арбамен сүйреп әкеп сексен бесті,
Әлпештеп ақ төсекке жатқызады.

Қарияның Қатираға айтқан сыры

- Айтайын саған бір сыр, абайлағын,
Бастық боп, шалқығанда арайлы әнім.
Кранын кислородтың жауып қойып,
Тынысын тарылтып ем талайлардың!

Өзіме, өктемдікпен табындырдым,
Демінен, еркін алар, жаңылдырдым.
Өңештен сығып тұрып аямастан,
Өкпесін талайлардың қабындырдым.

Өтті өмір, көшті дәурен кешкен бастан.
Сексеуілдей мықты едім, сексен асқан.
Жан тәтті кімге болсын, дұрыс қара,
Қу сүйек деме мені кепкен, қатқан.

Өткенді есіме алып қапалықпен,
Айтайын бір-ақ тілек аталықпен.
Өзің қос оттегінің аппаратын,
Алмасын ауыстырып қаталықпен.

Үлкенге істегенің келер басқа,
Үлгі ғып айтқан оны нелер қасқа.
Ажалдан алып қалсаң, балам сенің,
Басыңнан бақайыңа төгеді ақша!»

Түрінен білінген көп шалқығаны.
Ақсақал әрең сөйлеп, алқынады.
Бірдеме айту қиын мұндай сәтте,
Қатира тілін тістеп, тартынады.

Бекерден бекер адам тұншықпайды,
Шыбын жан шіркіндерді тыншытпайды,
Болашақ жастар аман болсын деген,
Жақсы сөз ауызынан бір шықпайды!

Жанталас

Әбігер, абыр-сабыр күнделікті,
Мұндайды бұрын-соңды кім көріпті?
Бір кезде сүйретіліп кешегі әйел,

Өрең кеп, дәрігерге егіліпті:

- Қайтейін жазғанына тағдырымның,
Жанына бара алмадым қабірінің.
Бір ұлымның өлгенін көрдің кеше,
Баламның әкеп тұрмын тағы бірін!

Бұларға келген кесел маған келсе.
Жақсы еді-ау садаға боп анаң өлсе.
Жылап тұрып тілеймін, жарығым-ай,
Алып қал бір баламды шамаң келсе!

Көзінен ана көлдей төгер жасты,
Көңілін Қатираның төмен басты.
Амалсыз алпауыттың әкесімен,
Жатқызды бір бөлмеге өрен жасты.

Саудагер ананың Қатираға айтқан сыры:

«Сасығын сатып,
Сайтанға жанды жалдадық,
Пайдалы зат деп
Ұялмай елді алдадық.
Уханьның улы
Вирусы жетіп артынан,
Аңғал да саңғал,
Ақымақ болып жайрадық.

Зиянды нәрсе
Алдап-ақ саттық халыққа,
Пайданы көздеп,
Қойып-ақ кеттік нарыққа.
Ұқсаймыз енді
Қармаққа жылтыр ілініп,
Тұншығып жатқан
Жағада тулап балыққа.

Алданып оңай
Олжаға мәз боп шуладық,
Ақылмен айтқан,
Аталы сөзге туладық.
Сасыған затты
Ойланбай елге кіргізіп,
Қолқасын қауып,
Өкпесін жұрттың уладық.

Базарым – бағым,
Қит етсе, күйді, жанды деп.
Өңешті жыртып,
Өзекті жанға салдық өрт.
Өлермен өңшең,
Көшені кезген еліріп,
Өкпешіл едік,
Өкпеден міне алды дерт!

Ар жағын ойлап,
Ақылға салып қарашы,
Ауаны ластап,
Бүлдірген адам баласы.
Асылық қылып,
Асқақтап едік, зар қылды,
Бір жұтым ауа,
Алтыннан артық бағасы!»

Саудасы бітіп,
Таусылған амал, шарасы.
Өзегі күйіп,
Өкініп отыр анасы,
Қатира қатты,
Бір ойға батты, дариға,
Құтқарар еді,
Бәрін де, жетсе шамасы!

Таңдау

Тұншықты шал мен жігіт қызыл қанға.
Жетпейді бұл түрімен бүгін таңға.
Екі адам...
Бір аппарат ортасында...
Бөгелме,
Тәуекел ет,
Бірін таңда!

Қария қайтара алмас кеткен көшті,
Жастың да алқынумен өкпесі өшті,
Тағдырға шара бар ма, таразыға,
Тартқызған он сегіз бен сексен бесті.

«Өмірде тауып лайық өлшем ізгі,
Көп жасап, қызық-шыжық көрсең ізді,

Өткен шақ, өкінбессің, өкпелеме,
Тандадым болашақты, он сегізді!»

Қатира іштей үнсіз күбірледі,
Егіліп, ет жүрегі езіледі.
Аузынан жұлып алып қарияның,
Балаға оттегінің демін берді,

Өкпеге тәтті өмірдің лебі келді,
Жас жігіт күрсінуге ебі келді.
Лөктірлер киіп алған аппақ киім,
Көзіне кебін болып көрінеді.

Қиналып, әрең, әрең алған демін.
Кезеріп, желім болып қалған ерін.
Е деуге ебі келмей, көзін салса,
Жан-жағы толған аруақ, толған кебін.

Айнала бұлдыр, бұлдыр, аппақ кебін,
Кеп қалды қайдан, қалай қаптап кебін?
Жас жігіт әрең, әрең демалады,
Ажалдың сезіп қайтқан аптап лебін.

Көз жетер дүниенің жалғанына,
Ажалдың аранына барғаныңда,
Айрылған бір ұлынан бейбақ ана,
Қуанды біреуі аман қалғанына!

Ажал аузындағы айқай

«Баласынан жанын аяр жан бар ма?!
Амал қанша, қайшылық көп жалғанда.
Ал не дейсің: -Құрбан болып жас өркен,
Өзім аман қалсам! - дейтін шалдарға?!

Жастар өліп, қарттар қалса лайық па?
Соған бола адам тамыр жайып па?
Нартәуекел, белді будым бұл іске,
Мейлің сотта, бұйыра бер айыпқа!»

Тұмшаланып, қиналды әбден тән, жаны,
Өкпесі өшіп, еркін тыныс алмады.
Қайрады өзін талықсыған Қатира,
Иығына түскен тағдыр салмағы.

- Әкем қайда, күндей күліп, жайнаған,
Кеше ғана саңқылдаған, сайраған? -
Қатираға келді алпауыт ақырып,
Аш аюдай қарағайды шайнаған.

-Мәшинедей тыным таппай жүретін,
Қаһарланса, қара тасты үдетін.
Қара нардың жөні жоқ қой, әй, қатын,
Көрінбейтін құртқа жем боп өлетін!

Жер жүзінде теңдессіз ғой жарықтық,
Оны құртқа бердің қалай азық қып?
Кегімді алмай тоқтамаймын, қанға –қан,
Қара жерге қағам сені қазық қып!

Зорға жүрген қара терге малшынып,
Өкпесі өшіп, дем ала алмай алқынып,
Дүлейлікке күйіп кетті Қатира,
Қаймықпады қара дәуден тартынып:

- Ақырасың неге маған, сен мұндар?
Мен де адаммын, жүрегім бар, нервім бар!
Өйтпейді деп, бүйтпейді деп, қит етсе,
Шу шығарып, шектен шығып болдыңдар!

Көк тіреген дөкеймісің, дөймісің?
Өзге жұрттан асып туған соймысың?
Аман қалса болды маған өз әкем,
Қалғандарың қырыла бер деймісің?!

Кесапатқа жетсін енді көзің шын,
Ойланатын кез келгенін сезін шын.
Ата-анана, ауылыңа ауруды
Алып барған өз қолыңмен өзіңсің!

Ойға, қырға той тойлауға шабасың,
Жиын десе, жер түбіне барасың,
Өзің тілеп сау басыңа сақина,
Өз дертіңді өзің іздеп табасың!

Құшақтаспай, қол алыспай тұрмайсың,,
Уланасың, өзгені де улайсың.
Өз үйіңе өзің ауру жұқтырып,
Өз қолыңмен өзің өлім сыйлайсың!

Сақтан десе, жүрдім –бардым тыңдайсың,
Денсаулықты құртып бітпей тынбайсың.
Құйын қуған, жиынқұмар даңғырлақ,
Қайран жұртым, неге сонша мұндайсың?

Селтендеуден қандай мұрат табасың?
Қашан, қалай есті кісі боласың?
Жиып әкеп жер жүзінің сырқатын,
Емде дейсің, қиғылықты саласың!

Бәле-бәтер жер-жаһаннан жинайсың,
Денсаулыққа бір тиын да қимайсың,
Жаман ауру жұқтырып кеп, бір сәтте,
Айықтыр деп, бізді неге қинайсың!

Ырбаңдаудан қамсыз, қапы қалғаның.
Маған артпа тағдырыңның салмағын.
Сендейлерді емдегенше қор болып,
Артық еді алыпсатар болғаным!

Бақытты екен қас батырлар, аспаннан,
Медет тілеп, жауға қарсы аттанған,
Бетпердесіз бетпе-бет кеп майданда,
Қас дұшпанын жастық қылып жастанған.

Ал біздікі көрінбейтін қалтарыс,
Күні-түні бітпейтін бір арпалыс,
Құртқа қарсы не істер еді, апырмай,
Отқа салса жанбайтын,
Суға салса батпайтын,
Атса мылтық өтпейтін,
Шапса қылыш кеспейтін ер Алпамыс?!

Біз –соқырмыз, семсерін құр сермеген,
Жаудан жастық жастанып та өлмеген.
Соғысамыз дауасы жоқ кеселмен,
Көзбен көріп, қолмен ұстап көрмеген.

Өсек, ғайбат жас өркенге үйретіп,
Өкпе қуып, өкпемізді сүйретіп.
Жүруші едік өкпешіл боп өмірге,
Өкпеден ап, кетті міне күйретіп!

Шүкір дейік, жақсы жасқа жеткен - ді.
Тағдыр жазып, мәңгілікке кеткен-ді.

Ал, қоймасаң, өтеуіне әкеңнің,
Суырып ал, күйіп тұрған өкпемді!»

Балта төнген ағаштайын жал тауып,
Қос өкпесін қысқандай боп тар сауыт,
Күрс-күрс етіп жөтелгенде Қатира,
Жан сауғалап тұра қашты алпауыт!

Тексеруші. Құрбан болған дәрігер

Кәсіпкер қап-қара боп, қаны қайнап,
Қалшылдап, қаршылдатып азу қайрап.
«Әкемді әдейілеп өлтірді!» – деп,
Жіберді жоғарыға арыз айдап.

Жұрт солай, дәрігерге жабылады,
Жөнелтіп жоғарыға шағымдарды.
Тексеруші келгенде, а, дариға,
Қатира орынынан табылмады.

Оған да жеткен екен ажал оғы,
Күресіп, көртажалдан қаза болды.
Ыңғайсыз күйге түсіп тексеруші,
Өзіне бұл қазаны жаза көрді!

Біреудің оты сөнді, бірі жанды,
Дәрігер арашашы кете барды.
Еңбектеп емханаға әрең келіп,
Еңіреп кірген науқас тірі қалды!

Ажалдан арашалап ап қалатын,
Жеткізе алмай оттегі аппаратын,
Келмеске кете барды талай лөктір,
Кебін ғып үстіндегі ақ халатын.

Көр тажал құбылмалы келеді екен,
Үсті -үстіне үймелей береді екен,
Әркімнен әр түрлісі жұққаннан соң,
Дәрігерлер тез арада өледі екен.

Арыз деген бір вирус ел ішінде,
Із болмас бәлекорлық жүрісінде.
Бас иді басқарма да аруағына,
Тексеруге келсе де тірісінде.

- Өсекпен өзекті өртеп өтерсіңдер,
Онымен қай мұратқа жетерсіңдер?
Ковидтен дәрігердің өзі де өлді,
Ал енді кімнен көрер екенсіңдер?!

Абзал жан,
Ажал жетті, болды ғаріп,
Өшті өмір...
Өтті дәурен...
Сенді жарық...
Паналап енді кімді, таяныш қып,
Кімді боқтар екенсің енді халық?

Алқынған дәрігер

Исабекке келген СМС:
«Әкетайым, сағындық қой,
Сағындың ба сен бізді?
Сен әкесің біз үшін,
Әлемдегі ең ізгі!»

«Келгенше қолдан
Парызды адал өтедік,
Үйіме барып,
Баламды сүйем көтеріп!»
Орнынан тұрып,
Есікке беттей бергенде,
Оқыстан қалды
Өрескел құрғақ жөтеліп!

Отырып қалды,
Өкініп іштей, ойланып,
«Бәлекет неме,
Өкпеде тұр-ау байланып!
Уханьнан ұшқан,
Зуханнан шыққан улы құрт,
Қапыда соқты-ау,
Алдап та сулап, сайланып.»

Алқына берді,
Аузына жүрек тығылды,
Буғанда жөтел,
Өкпесі күйіп, сығылды,
Халқына пана,
Саялы зәулім бәйтерек,
Жегідей жеген
Жалмауыз құрттан жығылды.

*Исабектің жан арпалысы.
Бірінші толғаныс*

Азабын Исабектің түн жасырды,
Есі де кіресілі - шығасылы.
Көз алдын кейде тұман, түнек басып,
Жарқ етіп арасында күн де ашылды.

Жатқанда өмір, өлім арасында,
Абзал жан алаң болды алашына.
Алысты рахман ой мен шайтан шалық,
Сарғайған сырқат жанның санасында:

- Өмір мен өлім сырын жан біліп пе?
Жармасып әр үміт пен әр күдікке.
Жарқырап жүрген жандар жаңа ғана,
Кете ме ғайып болып мәңгілікке?!

Кім тапқан өмір кілтін күнде ойланып?
Кете ме гүл дүние күлге айналып?
Тірлікте, күл де ойналық,
Баяғыдай,
Жер ана бара жатыр күнді айналып.

Жауыр болып шатасқан ақыл жаман,
Жауын таппай адасқан батыр жаман,
Кімнен, неден қорқамыз, ойлаңдаршы,
Шын болса келетіні ақырзаман?!

Өмір – бақ, жолың ұзақ, өлім де хақ,
Мұңға батсаң, қалады-ау егілмей бақ.
Сызығыңа жеткенше дәурен сүріп,
Өз мәніңді риясыз көңілмен тап!

Исабектің екінші толғанысы

Не табасың қузай беріп құн-жұнды,
Беті күліп, білдірмейтін ым-жымды.
Адам қиын,
Уақыт құйын,
Танып көр,
Дені дұрыс ақылды кім,
Кім жынды?
Не қылсаң да,
Жер астында қаласың,
Үзген бар ма,

Тағдыр таққан шынжырды?
Керегі не кезе беріп көп ойды,
Ертелі –кеш езе беріп бір мұңды?
Қиын болар қайта шығу жарыққа,
Мұң - мұхитқа түсіп кетсең мың жылғы.

Тоқтаусыз өту өмірдің заңы,
Бұлжымас,
Тауып көр іздеп, ғаламда не бар,
Жылжымас.
Жүздеген ғасыр, мың жылдар қайда?
Жоғалған...
Жұлдызды аспан қойғандай жұтып,
Жым-жылас!

Білмейді тоқтау тынымсыз уақыт,
Зырлауық,
Заңдылық осы...
Білсе де адам –
Жылауық.
Өкінбе босқа,
Өтеді-ау деп өмірді,
Не болар еді, тоқтаса уақыт,
Бір ауық?

Исабектің үшінші толғанысы

Бәрі өткінші, бәрі заңды өмірде.
Бірі мәнсіз, бірі мәнді көңілде.
Ешкім жоқ қой әлі мәңгі жасаған.
Адам түгіл, тозады ғой темір де.

Тумақ, өлмек – бұлжымайтын заңдылық.
Бұл жалғанға келмек, кетпек - заңдылық.
Қаншама рет оты сөніп өмірдің,
Қаншама рет қайта ұшқындап, жанды үміт.

Өмір қандай, у сияқты, ащысың.
Жүгің ауыр, қара тастай қаттысың.
Адам тоймас қызықсың да, қиынсың,
Өмір неткен, махаббаттай, тәттісің!

Заңды екенін біліп тұрып жылаймыз,
Мәңгіліктің мәнін іздеп жырлаймыз.
Өйткені біз адамбыз ғой, адамбыз,
Заңдылыққа, қағидаға симаймыз!

Бұлқынады, көнбей заңды заманға.
Ұмтылады тазалыққа, адалға.
Талпынады алысқа да, ғарышқа,
Құдай берген жан сия ма ғаламға?!

Кәміл иман, үміт барда өлмейміз,
Мәңгіліктің әлемінде сөнбейміз,
Құдай рухы кеудесіне дарыған,
Біз адамбыз, заңдылыққа көнбейміз!

Исабектің төртінші толғанысы

Әлемін ақыл-ойдың аралады,
Айтқанын даналардың саралады.
Мәңгілік жан мен өмір мәні жайлы,
Құдайдан басқа ақиқат таба алмады.

- Жалғаннан табамын деп адам пайда,
Жасайды неше түрлі амал, айла.
Жер-Ананы жұлмалап, жалмап, жайғап,
Жанталасып барады заман қайда?

Шынымен де адамзат санасыз ба?
Кеңістікте тұңғыық панасыз ба?
Шексіздіктің жанында шектеулі ме?
Мәңгіліктің алдында шарасыз ба?

Ақиқат бар ма қолда тұрған анық?
Алайда, аласұрып, жынданбалық.
Адамдық ой адаспай тұра алмайды,
Тек қана құдайлық ой – шын даналық!

Бәрі заңды – жыларың, күлерің де,
Сенім, иман бар болса жүрегінде,
Түпсіз, шексіз мәңгілік хаосында,
Жалғыз құдай таяныш, тірегің де!

Исабектің бесінші толғанысы

Өлім қайда кетер дейсің,
Өзімізбен бірге туған.
Өмір- қиын...
Көңіл - құйын,
Мән бермейтін мүлде бұған.

Уайым, мұңды мұрат көрме,

Толып жатыр айналада.
Не табамыз бата беріп,
Баса беріп байбаламға?

Аждаһадай аран – ажал,
Аңдығанын сеземіз бе?
Өзгелерге өкпелесек,
Елімізден беземіз бе?

Оңай болмас келесіде,
Көрешекті көресің де.
Көріп тұрып төнген бұлтты,
Тұяқ серппей көнесің бе?

Елге кіріп, жерге шашты,
Улы құртын, кенесін де.
Микробы мекен тапты,
Ұрпағыңның денесінде.

Күресе алмай, кең далада,
Демің бітіп өлесің бе?
Бәле, бәтер, паразитті,
Өлең айтып, жеңесің бе?

Азаматтар ойлар ма екен,
Замананың жаман жағын.
Зұлмат, зәрін тексеретін,
Бар ма мықты мамандарың?

Сөзден басқа ісің бар ма?
Тексеретін кісің бар ма?
Құрт-құмырсқа қаптап келсе,
Қарсы тұрар күшің бар ма?

Исабектің алтыншы толғанысы

Салдырлатып темір қару, жарақ кіл,
Қарақтай бер, бір-біріңді харап қыл.
Не табасың, ей, адамзат, сонда деп ?
Аспан үнсіз,
Төбемізден қарап тұр!

Жердің жүзі емес қой құр сайран бақ.
Өтетұғын ойран салып, тайрандап.
Шексіз, түпсіз ғарыштағы кемеміз,
Қалса қайттік, бір-ақ сәтте қайрандап?!

Қиялилар мал, жанынан безеді,
Құдай іздеп дүниені кезеді.
Қолын ұстап келгендей боп тәңірдің,
Ескі сөзді жаңашалап езеді.
Елікпейді оған нағыз мүміндер,
Жүректегі иман нұрын сезеді!

Құдай сенің жүрегіңде, жаныңда,
Сана, сезім, тамырыңда, қаныңда.
Жанталаспай жаңа құдай табам деп,
Барға шүкір, сабырға кел, дамылда.
Жылай бермей бұл өмірді жалған деп,
Жаратқанның сыйлығы деп қабылда!

Қап-қараңғы тас қамалға қамап қойса адамды,
Ұмтылады ол үміт үзбей жарыққа.
Шалшыққа сап шалқасынан, аунатса да балшыққа,
Күдер үзбей оның жаны талпынады жарыққа.
Қызыл қанды кешіп жүріп қырғында,
Ізгілікке ауады оның тілегі.
Қатігездік құрсауында тұрса да,
Мейірімге шөлдейді оның жүрегі.
Шын ойланып, неге бұлай десеңіз?
Адассаң да маған қарай ұмтыл деп,
Бір құдірет шақырып тұр жарыққа!
Құдіреттің ізгілігі - үміт, сенім, мейірім,
Бір құдайдан дарыған нұр халыққа!

Рахымшылық

Алланың адамға болмаса рахымы,
Келді деп санай бер замана ақыры.
Адамға адам- дос, бауыр деп жырлаған,
Далаға кетпейді даналар нақылы!

Дәрігер достары бейтарап қала ма?
Барын сап алысты, бермеуге молаға.
Емдеген ел-жұртын есіл ер, абзал жан,
Ес жиды, жеті күн өткенде арада.

Исабектің жетінші толғанысы

Көтерді басын...
Жаудырды аппақ алғысын.
Алдында - арман,
Артында қатер, қалды сын.

Дүниеге қайта,
Туғандай болып таңданды:
- Аттың ба аман,
Арайлы таңым, армысың!

Сағындым қырды...
Құлынды, жусан талмаған.
Қиын –ау, елге,
Қыдырып қырға бармаған.
Қамауда қалды,
Қаншама халық қалада,
Құрттардан қорқып,
Көрінбей жанды жалмаған.

Қол созып көкке
Келеді ұшқым арманға,
Ұшпайтын көкке
Жалғанда мына жан бар ма?
Шыңдарға шығып,
Аңғарды кезіп алаңсыз,
Адасып кеткім
Келеді қалың орманда.

Сағына берем,
Даланы байтақ, сағымды,
Бабамның жырын,
Көнеден келген сарынды.
Аңсадым әбден,
Әжемнің аппақ жаулығын,
Бұлақтың басы,
Балалық сәби шағымды!

Жел қандай таза,
Көл неткен мөлдір,
Биікте нұрлы Күн, Айым.
Зауалдай төнген,
Қаптаған сауал,
Жауабын кімнен сұраймын?..
Ізгілік жолдан,
Жаңылсақ, жаза бастырмай,
Жар болып бізге,
Қуат бер өзің, құдайым!

25.07.2020 жс.—20.12.2021 жс.



**АУДАРМАШЫЛАРҒА АЙРЫҚША АЛҒЫС! РАХМЕТ!
ОСОБАЯ БЛАГОДАРНОСТЬ ПЕРЕВОДЧИКАМ! СПАСИБО!
SPECIAL THANKS TO THE TRANSLATORS! THANK YOU!**



*Джон Фарндон. Англия.
Робин Манби. Англия.
Джонатан Кампеон. Англия.
Вячеслав Ар-Серги. Россия. Удмуртия.
Сергей Жилин. Россия.
Александр Головкин. Россия.
Анна Новикова. Испания.
Ясер Акель. Араб.
Магди Халим Эл-Мысри. Египет.
Ашур Өздемир. Түркия.
Абдуқапан Қара. Түркия.
Имдат Авшар. Түркия.
Рәмиз Аскер. Әзірбайжан.
Музаффар Ахмад. Өзбекстан.
Нигора Умарова. Өзбекстан.
Ирода Мухамеджанова. Өзбекстан.
Шомфай Қара Дәуіт. Мажарстан.
Қадыралы Қоңқабаев. Қырғызстан.
Перизат Алмазова. Қырғызстан.
Азиз Бимырзаұлы. Қырғызстан.
Рафис Корбан. Татарстан.
Әхәт Салихов. Башқұртстан.
Бақытжан Разиев. Ұйғыр. Қазақстан.
Сұраған Рахметұлы. Монголия.
Орынбай Жанайдаров. Қазақстан.
Бақтыгүл Маханбетова. Қазақстан.
Амандық Көмекұлы. Қазақстан.
Қоныс Жүсіп. Қазақстан.
Дидо. Қазақстан.
Дина Ораз. Қазақстан.*



**АВТОР ТУРАЛЫ.
ОБ АВТОРЕ.
ABOUT THE AUTHOR.**



Баянғали Тақанұлы ӘЛІМЖАНОВ – ақын, жазушы, драматург, айтыс ақыны, жыршы-жырау, манасшы, кинорежиссер, сценарийші, актер, сыншы, сатирик, әдебиет пен өнер зертеушісі, аудармашы, балалар ақыны және балалар жазушысы.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Қазақстанның «Құрмет», Қырғызстанның «Достық» ордендерімен марапатталған. Халықаралық Саяқбай манасшы, ТҮРКСОЙ-дың Низами медальдарының иегері. Біржан сал ауданының құрметті азаматы.

1954 ж. 16 қазанда Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Степняк қаласында дүниеге келген. Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. 60 кітабы, 23 томдық шығармалар жинағы шыққан. Төрт көркем, алты деректі фильмнің авторы.

Б. Әлімжанов республикалық, халықаралық деңгейде 216 рет айтысқа қатысып, 22 рет бас жүлдеге ие болған, талай дүркін жүлдегер атанған. Екі мәрте жыршы-жыраулар конкурсының Бас жүлдегері. Шығармалары 20 тілге аударылған. Қазақ және орыс тілдерінде жазады.

Баянғали Токанович АЛИМЖАНОВ – казахский поэт, писатель, драматург, акын – импровизатор, жыршы – сказитель, манасчи, сатирик, критик, литературовед, режиссёр, сценарист, киноактёр, телеведущий, переводчик, детский поэт и детский писатель. Заслуженный деятель Казахстана. Кавалер орденов «Құрмет» \»Почет»\ Казахстана и «Достук» Кыргызстана. Родился 16 октября 1954 года в г. Степняк, Акмолинской области РК. Окончил казахский филологический факультет КазГУ.

Автор 60-ти книг и 4-х художественных, 6-ти документальных фильмов. В Казахстане изданы Собрание сочинений Б. Алимжанова в 23-х томах. Его роман и повести, написанные на русском языке, изданы в Москве. \ «Сказ столетнего степняка» Изд. «Художественная литература», 2019г. \ опубликованы в «Роман – газете». В «Детской

роман-газете» была опубликована сказка «Доброжелательный Аскар». В 2020 г. эта книга издана на английском языке в Лондоне. Его произведения переведены на 20 языков мира. Пишет в основном на казахском, а так же на русском языках.

Б.Алимжанов принял участие в 216 республиканских, международных и краевых айтысах, завоевал двадцать два Гран-при и многократно был в числе призёров. Он так же победитель двух Гран-при в республиканских состязаниях жыршы-сказителей. Обладатель специального приза международного конкурса манасчи.

Bayangali Tokanovich ALIMZHANOV is a Kazakh poet, writer, playwright, improviser, storyteller, manaschi, satirist, critic, literary critic, director, screenwriter, film actor, TV presenter, translator, children's poet and children's writer.

He was born on October 16, 1954 in the town of Stepnyak, Akmola region. He is the author of about 60 books, four films and six documentaries. His collected works were published in 23 volumes. His novel and short stories written in Russian were published in Moscow. \ 2019\ . In 2020. This book «A Hundred Years in the Steppe» was published in English in London. His works have been translated into 20 languages of the world.

He has appeared at aytys - improvisers competition 216 times, and has won 22 grand prix and about a hundred other competitions. He twice won the grand prize at the Kazakh national story-telling competition. In 1995 he won the international competition for manaschi — narrators of the Kyrgyz epic novel 'Manas' – in Bishkek, Kyrgyzstan.

Mr Alimzhanov is an Honored Artist of Kazakhstan. Cavalier of the orders «Kurmet»\»Honor»\ of Kazakhstan and «Dostuk» of Kyrgyzstan. He writes in Kazakh and Russian.

Tel: 87014432593. e-mail: alimzhanov1954@mail.ru



CONTENT. MAZMUNY. СОДЕРЖАНИЕ

Languages of the world. Әлем тілдері. Языки мира.

| | |
|---|-----|
| English language. Ағылшын тілі. | 3 |
| Русский язык. Орыс тілі. Russian language. | 18 |
| Idioma español. Испан тілі. Spanish language. | 84 |
| Langue française. Француз тілі. French. | 90 |
| 中国人. Қытай тілі. Chinese. | 93 |
| العربية. Араб тілі. Arabic. | 96 |
| Türk dili. Түрік тілі. Turkish language. | 99 |
| Azərbaycan dili. Әзірбайжан тілі. Azerbaijan language. | 183 |
| Oʻzbek tili. Өзбек тілі. Uzbek language. | 185 |
| Magyar. Мажар тілі. Hungarian. | 196 |
| Кыргыз тили. Қырғыз тілі. Kyrgyz language. | 197 |
| Türkmen dili. Түркімен тілі. Turkmen language. | 231 |
| Қарақалпақ тили. Қарақалпақ тілі. Karakalpak language. | 232 |
| Татар тили. Татар тілі. Tatar language. | 234 |
| Башкорт теле. Башқұрт тілі. Bashkort language. | 237 |
| Уйғур тили. Ұйғыр тілі. Uigur. | 239 |
| 日本語. Жапон тілі. Japanese language. | 241 |
| Монгол хэл. Монғол тілі. Mongolian. | 243 |
| Удмурт кылэ. Удмурт тілі. Udmurt language. | 245 |
| Қазақ тілі. Kazakh language. | 249 |
| Earth. Water. Mountain. Forest. Жер. Су. Тау. Орман. | 249 |

Chants of the World. Әлем әуендері. Напевы мира. 256

| | |
|--|-----|
| English Chant. Ағылшын әуені. | 256 |
| American tunes. Америка әуендері. | 257 |
| Canto español. Испан әуені. Spanish chant. | 265 |
| Airs français. Француз әуендері. French tunes. | 268 |
| Русские напевы. Орыс әуендері. Russian tunes. | 274 |
| Беларускі напеў. Белорус әуені. Belarusian chant. | 277 |
| Український наспів. Украин әуені. Ukrainian tune. | 278 |

| | |
|---|-----|
| Canto Brasileiro. Бразилия әуені. Brazilian tunes..... | 284 |
| 日本の詠唱. Жапон әуені. Japanese chant | 288 |
| Deutsche Motive. Неміс әуендері. German tunes | 290 |
| Türk ezgileri. Түрік әуендері. Turkish tunes | 297 |
| भारतीय मंत्र. Үнді әуені. Indian chant..... | 300 |
| Кавказский напев. Кавказ әуені. Caucasian chant..... | 303 |
| Magyar dallamok . Мажар әуені. Hungarian tunes | 308 |
| Australian tunes. Австралия әуені..... | 312 |
| Suomalainen laulu. Финн әуені. Finnish chant..... | 313 |
| Удмурт гур. Удмурт әуені. Udmurt chant | 314 |
| Монгол дуулал. Монғол әуені. Mongolian chant | 317 |
| lagu Malaysia. Малайзия әуені. Malaysian chant..... | 318 |
| Татар жырлары. Татар әуендері. Tatar melodies | 319 |
| Кыргыз обондору. Қырғыз әуендері. Kyrgyz songs..... | 321 |
| | |
| All Turkic peoples. Түгел түрік баласы. Все тюрки | 338 |
| | |
| Comic tunes of the world. Әлемнің әзіл әуені. Шуточный напев мира..... | 347 |
| | |
| Өлеңдер. Poems. Стихи..... | 357 |
| | |
| Поэмалар. Poems. Поэмы | 381 |
| | |
| Абылай хан мен керей ер Жәнібек | 382 |
| Жұмабек батырдың жұлдызы | 384 |
| Ғарыш қазағы | 390 |
| Тәксидегі тағдырлар | 396 |
| Пандемия | 412 |

Баянғали Әлімжанов
Bayangali Alimzhanov
Баянғали Алимжанов

ШЫҒАРМАЛАРЫ
WORKS
ПРОИЗВЕДЕНИЯ

XXIII ТОМ

Редакторы Б. Әлімжанов
Техникалық редакторы Е.Сотниченко

Басып шығаруға 28.06.2022ж. қол қойылды
Пішімі 60x84 1/16. Қағазы офсеттік.
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 28,7
Таралымы келісім бойынша.

«Сотниченко Е.В.» ЖК баспаханасында басылып шықты
Нұр-Сұлтан қ., М.Әуезов көш., 46/1, 105. Тел. +7 701 599 92 60

